

# ГҮЛТАС САЙЫНҚЫЗЫ

**Ей, Өмір, әкем кетіп қалды ғой...**

**Сездің бе?**

Астана



- Ей, Өмір, сенен әкем кетіп қалды ғой. Сездің бе?
- Қайда кетті?
- Сенен кеткендер қайда барушы еді?
- Әр жаққа...
- Түсінбедім.
- Біреулері жарыққа, нұрға кетеді, енді біреулері тас қараңғыға кетеді.
- А, солай ма?
- Сенің әкең ...
- Иә, менің әкем қайда кетті екен?
- Оны білу оңай.
- Қалайша?
- Әкең жомарт па еді?
- Иә, адамдарға жаны ашығыш болатын, қолы ашық болатын.
- Әкеңді анаң сыйлаушы ма еді? Әкең кеткелі анаң қандай күйде?
- Олар тіршілігінде бір-біріне дауыс көтермеген. Анам әкем кеткелі әр бейсенбі сайын шелпек пісіріп, Құран оқытып, әкемнің сыбағасын таратып отыр.
- Әкеңнің қазасына шын жылағандар болды ма? Немерелері жылады ма?
- Иә, шын жылағандар көп болды. Немерелері де қимай қатты жылады.
- Сен неге жылап отырсың?
- Әкемді сағынып отырмын.
- Әкең Көктен қарап тұр ғой ... Жылама.
- Әке ... әке... әкетайым!

Иә, әр адам өз әкесін өзінше есіне алады. Мен де солай. Әкемді есіме аламын. Ол Алатаудай биік, салтанатты болатын. Ол иіліп кеткен жоқ, жүзі нұрланып, еш қиналмай, көзін ғана жұма салды. Оның түр келбеті мен ішкі жан дүниесінің үндескендігін оның даусынан, адамдармен емен-жарқын араласқанынан көруге болатын еді. Ол тап-таза болып жүретін, жүрген жерін де таза ұстайтын, сондықтан да таза жандармен ғана дос болатын. Оның ежелден әдеті – үйдегі ыдыстарға таза суды толтырып қоятын, әрқашан да үйде болса шайы қайнап тұратын еді. Әкем менің қауырсындай жеңіл болатын (әрине салмағын айтып тұрған жоқпын), ешкімге қабағымен де, мінезімен де, келіп-кетісімен де салмақ салмайтын. Ол соншама жомарт еді, алғанды емес, бергенді ұнататын. Ол ешкімге көп ақыл да айтпайтын ... Ол қуана да білетін, қайғыра да білетін. Әкем жақсы ойды ойлап, жақсы сөйлейтін. Ол айтатын: «кішкентай сәбидің қолынан ұстап, дем беру керек өзі жүріп кеткенше ... Ел де солай ... Біз тәуелсіздікті енді ғана алған бүлдіршінбіз, сондықтан үлкен Аға елдер біраз көмектесіп жатқаны дұрыс деп ойлаймын. Үлкен кісінің саясаты дұрыс, ал кейін қанатымыз бекіп,

аяғымыздан тұрып алған соң, өз бетімізше самғап ұшып кетеміз» дейтін. Иә, өзінің қарапайым сөздерімен үлкен ойды айтатын. Бірақ үлкен ой айтып тұрмын деп ойламайтын. Себебі ол қарапайым еді...

Жан әке... Әзірше, жеті ай ...

Жердің үстінен сені іздеп жүргеніме жеті ай. Сағынып жүргеніме жеті ай ... Одан кейін қанша күн, қанша ай, қанша жыл? Оны қазір өзім де білмеймін. Бір білетінім барлық уақытта, яғни өзім жарық дүниені көріп тұратын барлық күнде мен сені сағынамын.

Әке, асқар тауым! Сенен мұра боп дүние қалған жоқ, сенен мұра болып тазалық, таза жүректілік, мейірім қалды. Әке, өзінді білетін бала да, танитын үлкен кісілер де сені жақсы көреді екен. Ал ұрпақтарың сені ерекше жақсы көреді.

***Тамшы сөз: Ата-аналарыңды көзі тірісінде қадірлеңдер, еркелетіңдер, жақсы көретіндеріңді айтыңдар. Ата-ана – ең қадірлі қонақ, сыйлаңдар.***

Әке, соңғы күн ... 16-маусым, сен ертеңгі 17-маусымдағы күнді көрген жоқсың, сондықтан сен үшін ол соңғы күн болатын. Сені сол күні ауруханада қалдырмай, үйге алып шыққанымыз қандай жақсы болды. Өз төсегінде өзіңнің шаңырағыңда, Құдай қосқан қосағың анамыздың қасында, төрт перзентің – қыздарыңның алдында соңғы сағаттарыңды, минуттарыңды өткіздің. Кешкісін Алматының аспаны жерге түсердей күн күркіреп, селдетіп жаңбыр жауды. Найзағайдың гүрсілі мен жарқылы ерекше қатты болды. Өз өмірімде табиғаттың сондай құбылысын бірінші рет көрдім. Аулада тұрған көп автокөліктердің сигнализациялары найзағайдың гүрсілінен шошынғандай, шулап кетті. Жан әкем, бірақ сен оны сезген де жоқ шығарсың. Ол кезде сені сұм өлім шақырып, есігін ашып, ал өмір соңғы үмітімен табан тіреп тұрған болатын. Сен аз уақыт қасыңнан кеткен мені жанұшырып іздепсің. Дидар: «Әпке, атам сізді іздеп жатыр. Тез келіңізші» деп телефон шалды. Біз Саят екеуміз келдік. Жан әкем-ау, мен сені құшақтап сүйдім. Сен маған қоятын соңғы сұрағыңды даярлап қойыпсың, басқалардың бірінен де сұрамай, менен сұрадың. «Мен енді өлемін бе?» дедің. Иә, ол сұрақты маған қоюың заңды, солай болу керек еді. Себебі, сен маған сендің ғой. «Гүлтасым келсе болды, жазыламын» дедің ғой. Ал менің сені алып қалуға күшім жетпеді. «Жоқ, сен өлмейсің, өлмейсің. Олай деп айтпа да, олай деп ойлама. Сен жазыласың, міндетті түрде жазыласың. Алла тағала даусымды естіші» дедім де, «Фатиханы», «Ықыласты», «Нәсты», Фәлахты» оқи бердім. Жаратқанға даусым жетеді деп ойладым. Жетті ғой деймін. Сен тынышталып, дем алдың. Найзағай ойнап, аспан күрсініп тұрды. Мүмкін сені алып кетуге олар да жанұшырып дайындалып жатты ма екен?.. Әлде қалдырсақ па екен деді ме екен? Кім білсін?..

Әке, сенің әкең, менің Рахымбай атам қайтыс болғанда да (29 тамыз, 1943 жылы) табиғат қатты мінез көрсетіпті. Оны апам айтатын. «Жаздың күнінде

ондай дауыл болған емес, аспан жерге түсіп гүрсілдеп, қатты жел соғып, шаңнан боран соқты. Жылқы кісінеп, сиырлар мөңіреп, ауыл азан-қазан болған еді. Жарықтық атаң қасиетті еді ғой». Жан әкем, сен де қасиетті болатынсың. Селдетіп төккен апамның көз жасы шығар, гүрілдеп жатқан атамның жан даусы шығар. Әке сенің жаның соларға ұшып кеткендей болды.

***Тамшы сөз: Әке деген шынымен тау екен, әкең кеткенде тауың бірге кеткендей болады екен.***

Әке, өзің білесің, менің өтірік айтпайтынымды. Сен туралы да мен бір ауыз өтірік айта алмаймын. Себебі сені білетіндер егер мен бір ауыз сөзді артық айтсам, «мұнысы өтірік» дейді ғой. Ол – өте ауыр сөз. Әке, мен апам туралы жазғанда біздің ауылдағы Бейсебай ата мен Балпан апаның келіні Клара: «Гүлтас, сенің кітабыңда бір ауыз өтірік жоқ. Бәрі – шындық» деген еді. Ол кітап туралы көп адамдар жақсы пікірлер айтты емес пе, бірақ Клара жеңгемнің пікірі мен үшін өте қымбат еді. Өйткені ол апамды көрген адам. Мені кішкентайымнан біледі және өзінің жан дүниесінде жалғандығы жоқ таза адам.

Алтын әкетайым, сенің тілеуің шексіз еді. Сен басқалар сияқты ашық айтпайтынсың. Сенің тілегің істеген ісіңнен, сөйлеген сөзіңнен, елжірей қараған көзқарасыңнан көрінетін. Тұрсаң да, жатсаң да «Е, Алла, е Құдай» деп жүретінсің. Саған «Ләй-лаха Илла Алах» деп айтсаңшы дейтінбіз. Сен онда «қызым, мен өзім білемін, білетінімді ғана айтамын, Алла оны көріп тұр» деуші едің. Жаным әкешім, сенің аузың емес, жүрегің айтады екен. 17 маусым күні сағат таңғы 5 шамасында Шарбала сіңліме «Ясинді» алдыртып, дауыстап оқыдым да, кеудеңе қасиетті сүре жазылған кітапты қойып қойдым. Біраз жаттың да, қолыңмен кітапты алып жаныңа қойдың: «Е Алла, тағдыр жеңді, мен жеңілдім деп 5-6 рет қайталап айта бердің ... Үнсіз жатып қалдың, сонан соң ап-анық етіп: «Ләй-лаха Илла-Аллах» деп айттың. Біз Шарбала сіңлім екеуміз әрі қорқып, әрі қуанып жыладық, маңдайыңнан, қолыңнан, бетіңнен сүйдік.

Ерболды оятып: «әкемнің қасында отыра тұршы, мен кішкене демалайын» деп, сенің қасыңдағы өз төсегіңе қисайдым. (Сен анамның төсегінде көз жұмдың). Ербол аузы күбірлеп Құран сүрелерін оқып отыр. Мен сенің калымаға тілінді келтіргенің үшін жаратқан Аллаға алғысымды жаудырып, Аллам-ау, енді біраз жыл жарық дүниенді қия көрші, рахымыңды бере көрші деп жаттым. Көзім ілініп кетіпті. Ербол оятты, «Гүлтас, атамның тынысы тарылып барады» деді. Мен ұшып тұрып, сенің басыңды көтеріп, жастығыңды тартпақ болдым, Сөйтсем, басың ауыр болып кетіпті. Сонда да болмай, басыңды көтеріп, аузыңа екі қасық суды құйдым. Сенің жүзің шаршамай, дем алып жатқандай, ешқандай аурудың ізі де қалмай, нұрланып жаттың. Анамды, сіңлілерімді шақырдым, сен тып-тыныш ұйқыға кеттің.

***Тамшы сөз: Сенің иманың жүрегіңде, шындығың тірлігіңде, өнегең балаларыңда қалды.***

Әке, сен қарапайымдардың ішіндегі ең қарапайымы болатынсың. Жан әкем-ау, сенің білімің, бар жоғы – 7 жылдық мектеп (қазіргіше 9 жылдық). Бірақ сол жеті жылдық мектепті өте жақсы бітіріпсің. Егер сенің бағыңа әкең Рахымбай тірі болғанда бар ғой, сен сөз жоқ жоғары білімді болар едің. Себебі әкең Рахымбай сол заманда-ақ жоғары білімді болды, Алматыдағы Жоғары партия мектебінде оқыпты. Егер сұм ажал атамды 34 жасында алып кетпегенде... Сен бес жасында жетім қалмағаныңда ... Өмір мүлдем басқаша болар еді. Сен оны ерніңді тістеп, басыңды шайқап-шайқап, маған талай айттың да ғой. Оның енді несін айтайын ...

***Тамшы сөз: Зиялылық, тектілік қанмен келеді екен.***

Әкешім, алтыным! Көз жұмар алдынан алты сағат бұрын сен өзіңнің ҰЛЫ СӨЗІҢДІ айттың. Сенің қиналғаныңнан шошыды ма, әлде жүрегі бірдемені сезді ме анашым: «әкелерің қиналып жатыр, осындағы бауырларын шақырсандаршы, мүмкін айтар сөзі, аманаты бар шығар» деді. Мен Шәріп ағама телефон шалдым, Қалық ағама және бауырым Бақытқа да айтарсыз дедім. Олар барлығы жиналып, түнгі 12-ден асқанда келді. Інілерің жылы сөзін айтып жатты. Сен ап-анық: «Балалар, келгендеріңе рақмет. Халықтың бетіне тура қарайтындай өмір сүріңдер. Назарбаев сияқты болыңдар. Сол сияқты университет ашыңдар. Менің Гүлтасымдай болыңдар, ал енді барыңдар, мен демаламын» дедің. Иә, әке, әр қазақ Н.Назарбаевтай елді ойласа, сол кісінің жасағанының жүзден бірін, айтқанының оннан бірін жасаса, онда алдыңғы қатарлы елдің санатында әлдеқашан болар едік қой. «Халықтың бетіне тура қарайтындай өмір сүріңдер» деген сөзің керемет болды. Бұдан артық ұрпақтарыңа қандай өсиет болуы мүмкін! Әке, сен қарапайымдардың ғұламасы екенсің. Сенің осы сөзіңді басыңа қойған құлыптасқа ойып жаздырдық, әке. Ұрпақтарың зиярат жасап, басыңа барғанда осы сөзді оқып, өздерінде қандай жауапкершілік бар екенін сезініп жүрсін деп ойладым.

***Қамшы сөз: Халықтың бетіне тура қарайтындай өмір сүріңдер!***

Әке, мен Америкадан 3 мамыр (2012 жыл) күні түнгі сағат 2-де ұшып келдім. Келе салып Индираға телефон шалдым. Сені аурухандан шығарыпты. Жағдай қиындау деді. Таңғы 6-дағы рейспен Ербол екеуміз Алматыға ұштық. Астанадағы Назарбаев Университетінің атқару кеңесі төрағасының орынбасары доктор Алмаз Шарманға телефон шалдым. Ол кісі Алматы қалалық Онкология ауруханасының бас дәрігерімен телефон арқылы

сөйлесіпті. Алмаз Төрегелдіұлы маған телефон соғып, қалалық онко ауруханасына апарыңыздар деді. Света екеуміз бас дәрігермен сөйлесіп, келісіп, түстен кейін жатқыздық. Ертеңіне Астанада Саят пойызбен келді. Сол күні ол Қазақстан-Британ техникалық университетінің (КБТУ-дың) MBA магистратурасын бітіргендігі туралы дипломын алып келді. Саған көрсеткен екен: «Балам, больницадан шыққанда көрімдігіңді беремін» депсің. Саят: «Жарайды, ұмытып кетіппін деп жүрме» депті. Алтын әкем-ау, сені немерелерің де керемет жақсы көретін. Немере жиендерің Дидар мен Саят, кенже қызың Индира үшеуі қасыңнан бір елі кеткен жоқ. Әке, саған ауруханаға қажетті заттарды алмақ болып көк базарға таксимен бара жатқанда Жуалының аудандық газетінің бас редакторы Мейірбек аға телефон шалды. «Гүлеке, естіген боларсыз, Батырбек бабаңыздың кесенесі бітуге таяу, аудан орталығында ескерткіші бой көтереді. Соған байланысты өзіңізге хабарласып жатырмын»,– деді. Мен өз құлағыма өзім сенбей, жылап жібердім. Әке, жылап жібергенімнің сыры мынада: 19 ғасырда өмір сүрген Батырбек Рысбекұлы халқы үшін, қазақтың ұлт болып сақталып қалуы үшін ерен еңбек сіңірген, тіпті батырлық көрсеткен ірі тұлғаның әділдік шешім күтіп жатқанына бір ғасырдан ұзақ уақыт болып еді. Мен жылда жаңа жылда Алладан тілек тілеп, оны жазып, сақтап қоятынмын. Соңғы он жылда да «Алла тағалла, Батырбек бабамның әділдігіне, тазалығына көз жететін жыл осы жыл болсын. Алла, бабамыздың рухын биік ете гөр» деп жазатынмын. Осы тілегімді Алланың қабыл алғанына шексіз ризашылығымды білдіріп жыладым. «Мейірбек, аға, естімедім, сүйіншіңіз менің мойнымда. Менің әкем қатты ауырып, сол кісіні ауруханаға жатқызып жүрмін. Ертең Астанаға барамын, сонда хабарласамын»,– дедім. Әке, менің сондағы қуанышымды көрдің ғой, қуанып келіп, сені құшақтап, жаңалықты айттым. Сен де қуандың, бірақ сенің хабарың бар екен. «Қызым, мен больницадан шығайын. Содан кейін бабамыздың басына барамыз» дедің. Көзіңнен мейірім төгіліп, менің қуанышымды бөлістің. Мен дәрігерлермен сөйлесіп болған соң, ертеңіне Астанаға жұмысқа кеттім. Содан кейін 18 мамырда бардым. Сол күні Аграрлық университетте Есболов Тілектес аға Олжас Сүлейменовтің туған күніне арналған дәстүрлі конференцияны ұйымдастырып өткізді. Ол кісінің проректорына бір күн бұрын Батырбек датқа туралы хабарды айтпақ болып, телефон шалып едім. Ләззат Өрнекқызы маған: «Алматыға келсеңіз, бізге келіңіз. Олжас Сүлейменов шығармашылығына арналған конференция болады. Сізді бағдарламаға кіргіземін, қалған әңгімені кездескенде айтармыз» деді. Мені айтқандай бағдарламаға кіргізіп қойыпты. Тілектес ағам менің келгеніме шын қуанды. Сахна төріндегі Олжас Сүлейменовтің қасына отырғызып қойды. Конференциядан шыққан соң, саған бардым.

Әке, екеуміз көп әңгімелестік. Негізінде әңгімені сен айттың да, мен тыңдаушы болдым. Сонда тағы да өзіңді адамзаттық биіктен көрдім ... Ауылдағы кейбір ағайындардың Батырбек бабамыздың кесенесін тұрғызып, ескерткішін орнатып жатқанға қуана алмай жатқанын мұңайып айттың. Мен түзетіп жатырмын. Олар кесенесіне емес, ауылға атын беруге қарсы болып

жатқан көрінеді. «Ауылдың берекесі кетті. Мен, балам, ауылдың адамдарын өмірімде бөліп көрген жоқпын. Барлығын бірге туғанымдай көрдім. Сол ауылдағы көкелерімді қандай сыйладым. Ал енді барлығымыз бір ауылда Батырбек датқа сазының суын ішіп өстік қой. Сонда бір Дулат атаның балаларының бөлінетін не жөні бар? Менің сол ағаларымның көзі тірі, солар неге ақсақалдық сөзін айтпайды?»

Осыдан, қызым, аман-есен шықсам, ауылға барамын. Бәрінің басын қосып айтамын.

Ауылдың аты 70 жыл орыстың Самсоновка дегенімен де аталды ғой. Қарсы болса, сол кезде неге қарсы болмады, ескерткішті кімге қоймай жатыр? Орыстың киносының әртістеріне де «... в Жамбул хочу, там тепло, там моя мама» деп айтқаны үшін де Таразға ескерткіш қойыпты ғой. Сонда өзің айтып отырсың Батырбек датқаның ерлігін, ел үшін басын бәйгеге тіккенін, мешіт, медресе салдыртқанын, елге пана болғанын сондай бабамыздың еңбегі кинодағы әлгі әртіс айтқан үш сөзден де кем болғаны ма?»

Әке, сен ауылға барамын деген арманыңа жете алмадың. Бірақ Алланың шексіз құдіретіне сенемін, жан әке сен Батырбек бабамның рухымен сөз жоқ кездестің деп ойлаймын. Өзің ұқсаған Дәу бабаң арқаңнан қағып: «Түк те етпейді. Алладан сұраймын, Алла олардың пендешілігін кешсін. Аман болсын, көбейсін» деген шығар. Сенің де жүрегің даладай кең еді ғой ... Әке, сен де кешір. Ағайынның азары болса да, безері болмайды. Ағайынды өкпеге қисаң да, өлімге қимайсың деуші еді апам. (Халықтың сөзі ғой, бірақ менің апам көп айтатын).

Бабамыздың кесенесі де, ескерткіші де керемет болды. Ашылу жиынына мені аудан басшылары арнайы шақыртыпты, бардым. Ас беріліп, Құран оқылды. Алақанымды жайып, Алладан өткендерге де, тірі ағайындарыма да иман тіледім, береке-бірлік тіледім. Әке, сен менің жүрегімде болдың.

***Қамшы сөз: Аз қазақ бөлінбеңдер! Өкпелесеңдер, кешіруге асығыңдар.***

Әке, 18 мамыр 2012 жыл ол күні сен бар болатынсың, дәл бір айдан соң бақи дүниеге аттандың. Сен бар кезде менде үміт бар еді, жан әке. Әлі-ақ бірге жүріп, бірге күліп, ұрпақтарымыздың тойында бірге боламыз деп сенгенмін. «Қызым, биыл Дидар баламды үйлендіру керек. Осы жерде жақсы қыздар жүр. Біреуімен сөйлесіп те қойдым. Содан кейін Саят баламды үйлендіріндер. Болмайды, жүрсе жүре берді» деп едің ғой. Иә, Алла өмір берсе, қызық та, той да бола береді, әке. Бірақ ендігі тойлардың сенсіз өтетіні жүректі ауыртады.

Жаным-ау менің, немерелеріңнің тойында тойдың бетін ашып, бата бергізгенде бір-екі рет батаның соңын «сол үшін» деп бітіріп, оған өзің қатты ұялғансың. Сонда мен микрофонды алып: «қымбатты қонақтар, менің әкемдей дұрыс бата беретін адам өте сирек. Қараңыздаршы қандай жақсы тілектер айтты. Енді сіздер мен біздер сол үшін не істеуіміз керек? «Қария,

батаңыз періштенің құлағына шалынсын, әумин деуіміз керек. Жұрттың бәрі менің сөзімді қайталап «әумин» деді. Сен баладай мәз болып күлдің. (Нүркен балаң мен Алма келініңнің тойы болатын).

Әке, сен жарық дүниеде болғанда мен әкесі бар бала едім, мен ерке едім, өткір едім. Даусым да ерекше еді. Дауыс дегенде есіме түсіп жатыр. Олжас Сүлейменовке арналған конференцияда сөйлеп тұрғанымда (жастардың, ересектердің, тіпті Олжас ағаның да зейін қойып тыңдап отырығанын сезіндім. Бір кезде үлкен залдың артқы терезесінің пердесі өзінен-өзі үзіліп жерге түсті. Елдің бәрі жалт қарады. Ал мен іштей күбірлеп, Аллаға тәубелік жасадым.

*Әке, сен туралы кітапқа қазақтың айтулы тұлғасы, ақын, ғалым Олжас Сүлейменовке арналған конференцияда сөйлеген сөзімнің нұсқасын әдейі бергелі отырмын. Сен бар едің ғой, әке ... (Конференциядан шығып, саған бардым. 18 мамыр, 2012 жыл)*

*Қадірлі конференцияға қатысушылар, құрметті Олжас Омарұлы!*

*Бүгінгі бас қосудан әр адам мен не алдым деген сұраққа жауап табу керек. Жіберген уақыттың нәтижесі пайдалы болса ғана, өткізіліп отырған іс-шара мақсатына жеткен болып саналады. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған жастар Олжас Сүлейменовті көрді, тыңдады. Университет ректоры Тілектес Есболов ағаның ақынға құрметін, Олжастың ақындық, азаматтық тұлғасын жастарға өнеге ету мақсатын білді.*

*Қымбатты жастар, ғасырдан ғасыр озып бара жатқанда адам баласы жалаң уақытты есіне алмайды, уақыт тұлғалар ерлігімен, тұлғалар парасатымен, ғалымдардың ұлы жаңалықтарымен ел есінде қалады. Өзіміздің тарихымызға көз салсақ та сондай. Сақ заманындағы Анақарыс, Зарина, Тұмар патшайымдар, одан кейінгі Еділ, Күлтегін, Білге, Тоныкөк, одан бергіде Қорқыт баба, Баласағұн, әл-Фараби, Йассауи ғұламалар, хандық дәуірдегі Асанқайғы бастаған жыраулар, Бұхар, Махамбет, Абайлар, алаштың арда ұлдары Ахмет Байтұрсынов бастаған ұлтжандылар, кешегі кеңес заманындағы Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан Момышұлы, ақиық ақын Мұқағалилар, т.б. өз ғасырларын, өздері өмір сүрген уақытты өрнектеген тұлғалар. Адамдар кеңістікті емес кемеңгерлерді есте сақтайды. Қазіргі заман да сол бір кезекті заман. Бұл заманнан да алыс болашаққа тұлғалар қалады. Ал біздер сол тұлғалармен бірге өмір сүріп, бірге ауа жұтып, жер басып жүрміз. Бүгінгі жетпістен асқан кемеңгерлік жасында даусы таудың суындай гүрілдеп, тұлпар екпінді дыбыстары ауаны тепкілеп, өлең деген құдіретті Өнер-қарияның баласы Олжас алмастай өткір жыр қайрағымен сендердегі жастық жігерді жандырып, қайрап, рухтарыңды кәусар бұлақ жыр суымен тазартып тұрғандай әсер қалдырды. Олжас шығармасындағы динамика, рух, тұлпарлардың шабысы, қазақтың кең сахара даласы, Махамбеттің өрлігі,*

Бауыржан Момышұлының ерлігі, бәрі-бәрі бір ғана қазақ Әлемін жасап, танымасаң танып ал, қазақ деген халық міне осындай деп тұрған жоқ па! Жастар, біз де, мына мен де жас болғанмын. Поэзияны жанымызға серік еттік. Мұқағали жыры біздің табиғатымыз болды, өлеңдерін, поэмаларын оқып отырып ақынмен бірге қуанып, бірге жылаймыз. Фариза жырлары (мүмкін қыз болғандықтан да шығар) біздің қорғаушыларымыз секілді. Арлылыққа, пәктікке, өршілдікке тәрбиелеген Фариза ақынның өлеңдерін оқып, табанымызды жерге тіреп, басымызды тік ұстап, қазақ қызы болғанымызға мақтаныш жүрегімізді тербеп жүретін. Иә, қазақ қыздары тегінен келе жатқан тектілігін сақтап қалса, соның бір тізгіні Фариза жырында болды. Фариза ақын қыз «қазақтың жігітінен дос таба алмаған» Мұқағали ақын ағасының өмірдің асау иірімі тартып бара жатқанда жанына да қармау болғанын, «Фариза, Фариза ақын, Фариза қыз» деген Мұқағалдың өлеңінен сіздер білесіздер. Ал Олжас ақынның жөні басқаша. Олжасты «орысша жазады» деп, қазақ ақындарының санатына қосқысы келмейтіндер үлкен қателік жасайды, Қылышынан қан тамған Кеңес заманында тырнақшаның ішінде ғана еркіндігі бар елдің өлмейтін, асқақ рухын жеріне жеткізіп айтқан Олжас болатын. Өздерін жаралғалы бері жасампаз халықпыз деп санайтын орыс ұлтының рухани әлеміне алғаш сына қағып, ойландырған да Олжас Сүлейменов болатын. Ақынның, ғалымның «АЗиЯ-сы» атом бомбасынан кем болмады. Сондықтан да ол кітаптың көзін жойды (сол заманда).

Кейде бүгінгі жастарға көңіл толмайтындай кездер де болады. Таяқ тастасаң әншіге тиеді. Не көп әншілер, оның ішінде жігіттеріміз көп. Айтатын әндері өлімсіреген, ыңырсыған, жалынған, жалбарынған, сөзінде мән жоқ. «Жігітіңнің бар екені кеше білдім мен, біздің көшеменен жүрмеңдерші», немесе «ауырады жүрек, ауырмайды жүрек» деп он қайталап есті шығарады. Жігіттердің мінезі де, болмыстары да сол айтқан әндеріне ұқсайды. Жігіт өр, асқақ, биік, намысшыл болуы керек емес пе?

Жастар, Олжас Сүлейменовтің шығармаларынан ғана емес, ақынның табиғатынан, мінезінен өнеге алыңдар. Ақын Төлеген Айбергенов 30 жасында көз жұмды. Поэзиясын оқысаңдар 30-дағы баланың емес, 60-қа келген дананың сөзін аласыңдар. Жігерлеріңді қайрау үшін семсер жыр керек болса, Олжастың, Төлегеннің, Қасымның, Фаризаның, Сабыр Адайдың, жырларын оқыңдар. Еңіреген, сұңқылдаған, жылаған әндермен жандарыңды ұсақтамаңдар. Тәуелсіздігіне өліп-талып қол жеткізген жас елдің жас қырандары сендерсіңдер. Сондықтан азаматтары азамат болса, елге тұтқа, қарындасқа қамқор болса ғана бұл ел азбайды, ел болады. Қорасы болмаса, қарамаса қойды да ұры-қары алып кетеді, сол сияқты қарындастарыңа қамқор болмасаңдар, болашақ құрдымға кетеді. Қазір жас емессіздер, ақыл тоқтатқан азаматсыздар, сондықтан ойланыңыздар.

Назар қойып тыңдағандарыңызға алғысымды білдіремін.

**Қамшы сөз. *Келешекте елге ие болатын жастарда жастыққа тән жігер, қайрат, ақыл, сезім болуға тиіс.***

Әке, сенің көзің жұмылған соң, сен жақсы көретін көршің Қайрат бар еді ғой, сол жігіт тез арада молданы алып келді. Ол кісі соншама бір парасатты жан екен. Сенің иман суыңды беріп, қасына Ербол мен Мұханды (екі баланды) алып жуындырып, орныңды дайындап жатқызып қойды. Одан кейін не істейтінімізді айтты. Жер таңдауға да көмектесті. Алла ол кісінің сол істерін сауапқа жазсын. Ербол көрші Қайратпен бірге барып, үйге жап-жақын Ақсай аулынан сенің мәңгілік орныңды таңдапты. Теп-тегіс, жақсы жер екен. Біратыла өзіңнің қосағың анамызға да қасыңнан жер алып қойыпты. Ол өте дұрыс болды. Көңілге де жақсы екен.

Сені күндердің қасиетгісі бай дүйсенбі күні 18 маусымда Жер Анаңның құшағына тапсырдық. Жаназана кісі көп жиналды. Алдыңғы түнде селдетіп жауған жауын дүние кірін жуып тазартып, дала еркін тыныстап тұрды. Жаназанды шығарып, үйден, біздерден бөліп әкетіп бара жатқанда Аспанға қарадым, жылап тұрып, Алладан сені алдыңнан қорқытпауын тіледім, сұрағыңның жеңіл болғанын тіледім, тіршіліктегі біліп, білмей істеген қателіктерің үшін кешірім сұрадым. Апама, Сырымға, Сәлік ағама сәлем айт дедім. Жаным әкетайым-ау, сенімен бірге алып Жер аударылып бара жатқандай болды. Сөйтсем көзім қарауытып, басым айналып барады екен. Шәмша әпкем келіп құшақтап, сүйеді.

Күн дүйсенбі жұмыс күні болғандықтан біраз кісілер жұмыстарына қайтып кетті. Асқа 400-ге жуық адам қатысты.

Ас үстінде адамдар сенің кереметтей қасиеттеріңді айтып жатты. Ауылдағы достарыңнан көп ешкім де қалмады ғой. Алматыдағы достарың өте жақсы сөйледі. Бір досың бар екен. Өзі әнші, зейнеткер. Сол кісі ақжарылып сөйледі. «Сәкеңдей адам жүз жылда, мың жылда бір-ақ рет туылады. Ондай жүрегі таза адам өте сирек» деді. Достарың жақсы екен, әкетайым. Сен өзің де ол кісілер туралы ылғи жақсы айтушы едің ғой. Бір өкініш сол достарыңды жақсы күндерде бір қонақ ете алмағаным жүрегім ауырды. Таугүлдегі үлкен үйге шақырсаң ғой, оларды тамаша етіп күтсек, Ербол шашлық пісірсе, жаным әкетайым, сен қандай мәз болып қуанар едің...

Әке, ойлап отырсам, сен қаншама адамға жақсылық жасапсың. Өзің араласатын адамдар арқылы жас жігіттерге, тіпті біздің достарымызға жақсылық жасап, жұмысқа орналастырып жүрдің. Алыстап бара жатқан туыстардың да балаларын бауырға тартып, ауылға көшіріп алып келіп, ауылдың басшыларына оларды тапсырып жүретін едің. Алла енді сол жасаған ізгі амалдарыңды сауапқа жазып, таразының оң жағын басым етсін.

**Тамшы сөз: *Жақсылық жасағаннан рақат нәрсені мен де өмірімде көрмедім.***

Әке, жаным әке! Сәуірдің 20-жұлдызында (2012 жылы) Америкаға баратын болдым. Ішкі даусым барғанымды құптамай жүрді. Бір күні дауыстап Дауысқа жауап беріп тұр екенмін. «Қызықсың ғой, қалай бармаймын. Бұл шешілген мәселе. Енді кеш, барғым келіп тұрған жоқ... Бірақ барамын» дедім. «Дауыс енді сені айтты. Әкеңнің жағдайы ... » деді. – Енді, аса қауіпті емес қой. Өкпесіндегі суды алып тастаса, болды емес пе? Бірақ Дауыс маған артық айтпайтын. Бұл жолы айтып тұр. Уайымдап қалдым. Америкаға өте ұзақ ұштық. Аспанда бірінші рет осындай ұзақ уақыт болдым. Бірге бара жатқан бес адам ұшақ ішінде бес жерде болдық. Қасымда отырғандар – өңшең шетелдің азаматтары. Ұшақтың тамағын да, сусынын да ішкен жоқпын. Алладан сұрағаным да, тілегенім де сенің денсаулығың болды. Әке, бір қызық болды. Астанадан Франкфурт деген Германияның қаласына дейін ұштық. Сол жерден Америкаға ұшамыз. Американың кедені қатты тексереді екен. Біздің алдымыздағы бір ұлты ағылшынды көп ұстады. Біздің бастығымыз Қадиша Даирова: «Мына кісіні әбден қинады ғой, ал қыздар енді дайын болыңдар» деді. Солай деп тұрғанымызда, Қадиша апайымызды басқа кеден қызметкеріне жіберді. Мен жаңағы ұзын бойлы тексерушіге келдім. Жаңағы ағылшынша сөйлеп тұрған кеден қызметкері: «Сіз Жамбылдансыз ба?» дегенде, шалқамнан түсе жаздадым. Біздің қыздар да қасыма келе қалды. Сөйтсек, әлгі жігіт Жамбылда туып өскен немістің баласы екен. Туыстары біздің ауданда тұрыпты. Германияға көшіп барып, өзі Американың кеденінде қызмет жасайды екен. Бізді туыстарындай жылы қабылдап, өзінің туған жерін сағынатынын, бір барғысы келетінін, қолының тимейтінін айтты. Жұмысын да орындап, құжаттарымызды тексеріп, бізге ақ жол тілеп қалды. Ол жігіт өзінің жерлестерінің ап-адал екенін білетін шығар, мүмкін ата-аналарынан соғыс кезінде қазақ жеріне қалай келгенін, бауырмал халықтың қалай көмек бергенін талай рет естіген де болар?..

Енді Американың Чикаго қаласына бару үшін Атлант мұхитының үстіменен ұшатын болдық. Алла сақтасын, анандай үлкен, алып темір ұшақ жерден қалай көтеріледі деп ойлаудың өзі қорқынышты. Мұхиттың үстінен ұшып бара жатқанда, төмен қарадым. Айсбергтерді көрдім. Жан әке, онда да сені ойладым. Сенің шет елге баратын паспортты алғаның есіме түсті. Шешем: «Оны не қыласың? Шетелге бармақпысың?» деп еді, сен: «барамын, балаларым апарады» деп, бізге қарадың. «Барасың, апарамыз, немерелерің апарады, түк саспа, әке» дегенім есіме түсті. Мен сені аспанда ұшып бара жатқанда қатты сағындым. Жылап отырмын. Құдайдан аман қалдыршы деп сұрап отырмын. «Алтын әкетайым, аман болшы, аман болсаң әлі көп жерге барасың. Енді болды, жылда екі ай демалысым болады, шешем екеуіңді алып, барамын деген жерлеріңе апарамын» дедім. Америкаға барған соң үйге телефон шалдым. Шымкенттен Алматыға келіпсіңдер. Плеврит емес, «туберкулез» деп, ауруханаға жатқызыпты. Мен Америкадан: «қайдағы туберкулез, мүмкін емес» деп, күнде телефон шалып сөйлесіп жаттым. Әке, өзіңмен де, күнде сөйлесіп отырдым. Он күндей сол ауруханада жатып

калыпсың, егер бірден диагнозыңмен жатқызса, кім біледі? Бәрі бір Жаратушының қолында ғой ...

Әке, әлемді аралатамын деген арманым да орындалмады. Жан әкем-ау, бірақ сенің атыңды әлде де шығарамын. Көресің «Гүлтас Сайынқызы» деген ат сенің барғың келген елдердің бәріне жетеді. Сенің рухың оны сезеді, егер сен сезсең, мен де сеземін. Дауыстар хабар береді.

***Тамшы сөз: Әкең мен анаң үшін, солардың қуанғаны үшін ғана жақсы, ізгі әрекеттерді жасауға болады.***

Жүрек ет екен, уайымнан, қимастықтан ол ауырады екен. 4 маусым (2012 жыл) күні дүйсенбі болатын, жұмыста өзімнің бөлмемде жүрегім қысып, ауа жетпегендей болды. Сені ауруханадан шығарды, бір айдай болдың. Дәрігеріңмен сөйлесіп едім. «Енді одан көп жатқыза алмаймыз. Операция жасамаған соң, көп ұстамаймыз. Қайта бұл кісіні ұзақ ұстадық» деп, жағдайды түсіндірді. Қатты уайымдап кеттім білем, жүрегім қысылды. Сонымен не керек, өзім ауруханадан бірақ шықтым. Бара салып операцияға дайындап, қан тамыр арқылы «стентирования» (шағын операция) жасады. Бір тәуліктей жан сақтау бөлімінде жаттым. 8 маусым күні ауруханадан шықтым. Жұмысыма келіп, оқытушыларға тапсырмаларымды беріп, еңбек демалысына шықтым. 9 маусым менің туған күнім болатын. Студенттерім, мұғалімдер құттықтады. Үйге туыстар келді. Енді ертең таңғы самолетпен ұшамын деп ойлап отырғанмын. Алматыдан анам телефон шалып, туған күніммен құттықтады. «Мен ертең барамын» деп едім: «әкең сені қатты күтіп жатыр. Қазір телефонды өзіне беремін, сен ертең емес, бүгін келемін деп айт» деді. Анамның ол сөзін естіген соң, мен сол күні түнгі 11-де ұшып бардым. Жаным әкем, сен қатты қуандың. Мені туған күніммен құттықтап, маңдайымнан сүйдің. Мен Елбасымен бірге түскен суретті үлкейтіп алып барған болатынмын. Суретке қарап, бас бармағыңды көрсетіп: «молодец» дедің. «Кезінде сені Алматыға оқуға апарымын деп жатқанда көрші ағайларым күйеуге кетіп қалатын қызды несін оқытып, шығындаласың» деп еді. Сонда мен оларды тыңдамай, төрт қызымды да оқытып едім. Бәрі – оқығанның арқасы. Бізді Алматыға көшіріп алғаның да, осындай жағдайда жүргеніміз де бәрі, қызым, оқығанның арқасы. Көрдің бе?– деп, көзіңді жұмып жымыдың. Өзім оқымадым, бірақ қыздарым оқысын деп ойладым. Шешең екеуміз мал да бақтық, қиындықты да көрдік. Бірақ қазір ауылдағы ағайындардан жағдайымыз жақсы. Сендердің арқаларыңда елдегі той-томалақтан қалмаймыз. Қайда барғымыз келсе, сонда барамыз. Астана, Шымкент, Таразды аралап жүрміз. Бармасаң-келмесең жат боласың, алмасаң-бермесең – сарт боласың деген рас қой. Құдайға шүкір жат та болған жоқпыз, сарт та болған жоқпыз.

Алтын әкешім, Алладан тілегім: әкеме ажалды дәл осы жолы бере көрмеші, тым болмаса, үш жыл берші деймін. Бір емші, бұрын өзің көрінген

«Жыланды қайнатып берсе, жазылады» деп, Ұлан балаңа айтыпты. Сол кісіге барып, дәрілер сонан соң жыланның еті мен сорпасын ыстықтай алып келіп ішкіздік. Әшейінде жиіркеншек мен, жыланның сорпасын өзім ішіп көрсетемін де, саған ішкіземін. Жиіркену деген ойыма да келмейді, әйтеуір сен ішсең екен, жазылып кетсең екен деп ойлаймын.

Амал бар ма, амалын тапты да, Алла өзі алып кетті.

### ***Қамшы сөз: Ата-анаң үшін тауды көтерсең де аз.***

Әй, әкем-ай, адам қартайғанда бір бала демекші. Шешемнің бір жыл бұрын инсульт алғаны саған қатты батты ғой. Тым бәйек болып кеттің. Соның денсаулығын, тыныштығын ойлап Шымкентке алып кеттің. Бәрімізден бір сүйем болса да жақсы көретін қызың Шарбала екеуіңді патшадай күтіп, немістерше бес уақыт тамақ беріп, жағдайларыңды жасап қарапты. Оны да өзің айттың. Шешемізге біреу-міреу ауыр сөз айтып қала ма деп, қызғыштай қорғап жүрдің. Сонда мен қалжыңдап өзіме: «Не болды сонша, уайымдама оны, өлсе, кім көп Найман көп, тағы бір қызын алып беремін» дедім (шешемнің руы найман). Сен күліп: «мамаң аман болсын, ондай адам жоқ қой, менің осындай болып жүргенім шешелеріңнің арқасы. Жас та болдым, мас та болдым. Қонақты күндіз де, түнде де алып келемін. Сонда Тотым бір қабағын шытпайтын. Біздің үйден ауданның, облыстың ғана емес, республиканың атақты ақындары, жазушылары, әртістері тамақ ішті, қонақ болды. Себебі менің Тотымдай жақсы тамақ пісіретін адам болған жоқ» деп, қартайған кемпіріңді сонша жақсы көріп кетіп едің. Қартайғанда абайлап жақсы көрмесең, ол да қиын екен. Көрдің бе, оның алдына түсіп, өзің кеттің.

Соңғы күндерде де: «Маған қарап жатқан тағы да болса осы ғой, әйтпесе кім қарайды? Балалар ұйықтап қалады» деп ризашылығыңды білдірдің. Сол сөздеріңді есіне ала ма екен, әлде оның да сезімі ... Білмеймін ... сені қатты сағынып, жылай береді.

Екеуіңнің түтін түтеткендеріңе 2012 жылы тамыз айында 55 жыл болады деп, той жасаймыз деп ойлаған едік қой. 50 жылдық «Алтын тойларыңды» да тойлай алмадық. 2007 жылы біздің ұлымыз, сенің сүйікті немерең Сырым о дүниелік болды. Үй болғандарыңа 55 жыл болғанда алды артыңа қарамай өзің кетіп қалдың.

Жан әкем-ау, қалжыңдаймын ғой. Әйтпесе анамды мен де жақсы көремін. Апамның қызы болдым да, шешеме қайынсіңлі сияқты қараймын. Бірақ менің апам мені әке-шешеме қарсы тәрбиелеген жоқ. «Сенің әкең, сенің анаң олар. Оларды жақсы көр. Мен өліп қалсам, солар сенің жақының» деп өсірді. Бірақ апамды қатт-ы-ы-ы жақсы көргендіктен, шешеме тым өліп-талған сезім болған жоқ. Апамды ренжітіп аламын ба деп, мүмкін сезімімді тежей білген шығармын. Ал сен, әке, маған әке де, аға да, дос та, бауыр да болдың. Сондықтан маған қиын болып тұр... Сен барда тым күшті едім. Ешкімнен де қорықпайтынмын. Өткір де өжет едім. Себебі сен бар болатынсың. Сен менің

асқар тауым болатынсың, сен менің тірегім едің, сен менің сәнім едің ... Мен саған бәрін айта алатынмын. Армандарымды да, ойларымды да саған айтатынмын. Әке, сенің арқаң, менің ғылым кандидаты, ғылым докторы болғандығым. Сенің арқаңда мен Өзімді танып, өзімді таптым. Әке, сен менің Елім едің, көз алдымда жүретін, сен менің туған топырағым едің, сен менің апамның орнындағы қазынам едің. Менің қиналып жүргенімді де, жылап жүргенімді де сен сезетінсің. Сен менің құлыным Сырымтайымның АТАСЫ болатынсың. Сырымтай ең соңғы рет екеуміздің маңдайымыздан сүйіп еді ғой. Оның көзінде ризашылық сезім тұрған еді. Ол күн 25 сәуір, 2007 жыл болатын. Мен жұмыстан келдім. Сен қатты жүдеп, қиналып: «Балам, бүгін ерекше болып жүр. Тамақ та ішпеді. Күнде төсегіне барып жатушы еді, бүгін мүлдем жатқан жоқ. Артынан жүріп, әбден шаршадым» дедің. Мен жыладым. Бетімді басып, солқылдап жылап отырдым. Қасыма келіп отырдың. Сол кезде Сырымтай жүгіріп келіп, бірінші сені маңдайыңнан сүйді, содан соң менің екі бетімнен алақынымен ұстап, маңдайымнан, көзімнен сүйді. Мен одан бетер жыладым. Бір кезде Ербол келіп, ішкі бөлмеде төсегінде отыр еді, оны барып оң иығынан сүйді. Сен үйіңе қайттың. Біз он төрт жылғы қайғымен, уайыммен Сырымтайымызбен үйімізде қалдық.

Балам төсегінде тынышталып жатты. Мен қасына отырдым. Балам түсінетін сияқты, алдында көрген түсімді айттым. «Сырым, балапаным, сен жазылады екенсің. Түсімде сенің түрің әдемі болып, ауырмаған кезіндегідей болып кетіпсің. Үш шумақ Мұқағалидың өлеңін оқыдың. Сен Мұқағалидың көп өлеңін білуші едің ғой.» дедім. Балам түсінді ме жоқ па, жымысып күлді. Су ішесің бе деймін, тамақ ішесің бе деймін ... Балам үндемейді. Орнынан тұрып, бірінші қабатқа барып, залда тынымсыз жүрді. Түн ортасы болды, екінші қабатқа ертіп келіп, төсегіне жатқыздым. Білетін Құран сүрелерін оқып отырдым. Балапаным тынышталды. Барып орныма жаттым. Ерболға жатқанымды ескерттім, Сырымға қарарсың дедім. Таңертең асүйге түссем, Ербол ашуланып тұр екен. Тамақты дұрыстап ішпейді деп. Баланы жетектеп екінші қабатқа апардым. Бала нашарлай берді. Жедел жәрдем шақырдық. Ол жедел жәрдем өздерінен де күштірегі реаномобиль жедел жәрдемді шақырды. 26 сәуір күні Сырымтай үйден кетті, 2-мамыр күні сағат 16.30 да ауруханада көз жұмды. Дәрігер медбике Ерболға: «балаңыздың сақалын алып бересіз бе, өсіп кетті. Бүгін мереке ғой» деді. Ол күн 1-мамыр болатын. Ербол жансақтау бөліміне кіріп, Сырымтайдың сақалын алып шықты. «Сырым әдемі болып, ауырмаған кезіндегідей болып ұйықтап жатыр екен, оянған жоқ, бірақ басын қозғалтып, сезіп жатты» деп шықты. Мен Аллаға ризашылығымды айтып, «Ербол, енді Сырымтай жазылады. Алла біздің көз жасымызды көрді. Көресің жазылады» дедім. Содан қуанып Ақсайға келдік. Анам екеуіңе «Сырымтай тәуір» деп едік. Қатты қуандыңдар. Әке, сен залға барып жылап тұр екенсің. Мені құшақтап, маңдайымнан сүйдің. Бірақ ешнәрсе айтпадың.

Сырымтайым жарық дүниені тастап кеткенде сен қатты жыладың. Содан кейін шашың да ағарып, бірден қартаң тарттың. Денсаулығың да сыр бере бастады. Алтын әкешім, әке болса адам баласында дәл сендей болсын. Мен үшін қандай қиындықтарды басыңнан өткіздің десеңші. Мен жұмыстан кешікпесін деп, Каменкадан таңертең келе жатып, машина да қағып кетті. Сонда да бет-аузың қан-қан болып үйге келдің. 14 жыл бойы Сырымтайға қарадың.

Әке, Сырымтайымды қатты сағындым. Онда барып та балапаныма пана болып жүрген шығарсың. Сенің барғаныңа Сырымтай қуанған болар?.. Ал апам болса, мені тастап кеткенің үшін саған ұрысса ғой, жақсы болар еді.

***Тамшы сөз: Ата-анаң – үлкен дос. Сондықтан оларға ашық бол, ойыңмен, армандарыңмен бөліс.***

***Құдай қосқан қосағыңды сыйла, қадірле.***

13 маусым күні (2012) Ақсайдағы өз үйінде сенің өкпеңе жалғанған түтікше түсіп қалып, есіміз шықты. Дидар сен алдында жатқан ауруханадағы орыс жігіт дәрігерге телефон шалды. Олар жедел жәрдем шақырыңдар деді. Жедел жәрдеммен Алматының №7 ауруханасына апарды. Сол аурухананы жақсы көрмеуші едім. 2006 жылы шешемді машина қағып, аяғы бес жерден, қолы екі жерден сынғанда да жедел жәрдем №7-ауруханаға апарған болатын. Ол кезде де дәрігерлер қиналып жатқан анамызға қарамай, дәлізде каталогта жатқызып қойған болатын. Қолдары тимей жатқан сыңай білдіреді. Шыдамай есіктерін итеріп ашып барсам, дәрігерлер бос әңгіме соғып қарқылдап күліп отыр екен. «Анашым қансырап жатыр ғой, аяғының сүйегі мәсіден сыртқа шығып тұр. Қандай дәрігерсіздер?» дедім. Олай еткенше, келе салып қалталарына ақша салсақ жүгіреді екен. Ербол барып сөйлесіп, солай еткен екен бәрі де жылдам бола бастады. Сені апарғанда да солай етті. Қабылдау бөлімінде отырған қазақтың жігіттері мен қыздары әрең қимылдайды, орындыққа желімделіп қалғандай, орындарынан тұрмайды. Света қызың біреулер арқылы бас дәрігерге телефон шалып, ол бөлімнің меңгерушісіне телефон шалып ... Не керек шығып қалған түтігіңді бір әйел дәрігер екі практикант қызды ертіп барып салды. Бірақ ол да дұрыс салмады. Саған қарайтын дәрігер бір түрік азаматы екен... Алла сақтасын, дәл сол уақыт дәрігерлердің күнінің қарсаңы болды да, тойлаудан уақыттары болмады, ақыры жалынып, сыйлықтарды жасап жатып, түтікті дұрыстап қайта қойғыздық та, бұл жерден тірідей құтылайық деп қаштық. Дәрігерлердің бәрі ондай деуден аулақпын, бірақ бір құмалақ бір қарын майды шірітедінің кері болды. Ауруханада 14 маусым күні болытын, сен мені шошыттың. «Қызым, аналардың бәрі мұнда неғып жүр?» дедің. «Олар кімдер, апам да жүр ме?» деп едім, сен басыңды изедің.

Мен Қадиша апайға телефон шалдым. «Ауруханадамыз, жағдайы ауыр, келемін десең кел» дедім. Ол кешке қарай келді. «Ал, сөйлесіп алыңдар» деп

сыртқа шықтым. Қайта кіргенде сен: «мұнда қалай түскенімді білмеймін» дедің. Қадиша апайым: «Гүлтасым келеді, ол келсе бәрі жақсы болады деп едің ғой. Енді жақсы боласың» деді. Сен: «Қызым келмесе, қайтып жатар едім? Өткенде де қызым келіп жатқызды ғой» деп мені еркелеттің. Сол кезде Ербол мен Саят келді. Мен ол екеуін дәлізге шығарып жібердім. Қадиша апайым екеуің қоштастыңдар. Қоштасқанда мәңгілікке емес, сен жай қоштастың. Себебі сен жазыламын, әлі тұрып кетемін деп жаттың. Ал Қадиша апайым қатты жылады. Оның жүрегі сезді, білді.

Неде болса, өзімнің осы әрекетіме кейін қуандым. Екеуің бір-бірлеріңді көріп, қоштастыңдар.

Менің оқырманым бұл Қадиша дегені кім деп отырған шығар. Айта кетейін. Ал кейбір апайларым, құрбыларым менің әректімді қош көрмейтінін де білем. Бірақ бұл – тағдыр, бұл – шындық, бұл өмір ғой ...

### ***Тамшы сөз: Шын сезім мен құмарлықты шатастырмаңдар.***

1987 жылы әкем 49 жаста. Ауырып жүр екен. Алматыға шақырдым. Ол кезде біздің Амангелді деген досымыз Денсаулық сақтау министрінің көмекшісі болып қызмет жасайды. Аман досқа апардым, ол Қалқамандағы №1 аурухананың бас дәрігерімен сөйлесіп, әкемді сонда жатқызатын болдық. Әкем жатты. Мен Саятымды жаңа босанғанмын, үш-төрт айлық болатын. Үйде апам бар. Әкеме күнде тамақ апарамын. Жақсы болып жазылып та қалды, тым жақсы жазылуына көрші палатадағы бір апай көмектескен сияқты. Барған сайын палатасынан таппай қалам. «Ой мында жігіттермен карта ...» дей бастағанда, «Ой, Сәке, карта ойнамайсың емес пе, солар да карта ойнамайтын жігіттер сияқты ғой» десем, күлімсіреп білдіріп қойды. «Сәке, байқа, ауылға бірге барамын деп жүрмесін, анау кемпірің шашымызды жұлады» дедім. «Ой, қызым, қайдағыны айтасың, ондай жоқ» деді. Содан әкем үйге шықты. Ауылға асығатын түрі жоқ. Телефон шыр етсе, жүгіріп барып бірінші өзі алады. Не керек бәрі анық болды. Әкем ауылға кетті. Мен кетпей тұрып, әкемнен оңашада бар мән-жайды сұрап, аты-жөнін, телефонын жазып алдым. Айтулы бір жоғары оқу орнының оқытушысы екен, ғылым кандидаты көрінеді. Алуын алсам да, хабарласпадым. 1988 жылы 5 наурызда әкем 50-ге толды. Туған күніне Ербол екеуіміз балаларымызды алып бардық. Туған күні өте қызық өтті. Ол кезде әке-шешемнің достарының бәрі бар, бәрі көңілді. Ауылда сөз жата ма? Әкем Алматымен ауылдың поштасына барып сөйлеседі. Онда «құлақтар» бар. Сөз анама да жетеді. Анамның көңіл-күйі болмай жүрді. Содан далада мал жайғап жүрген әкеммен сөйлестім.

– Тәте (әкемді тәте деймін), мен бәрін білемін ғой. Қашқалақтай берме, кемпірің бәрін біліп отыр ғой. Өзің айттың ба?

– Жоқ поштадағылар айтқан көрінеді.

– Содан?

– Содан, болды, білді. Сұрады мен айттым.

– Шіркін-ай, айта салған саған оңай болған шығар? Ал оның жағдайын ойладың ба?

– Ойладым, енді не істеймін? Болар іс болды, оны кейін қайтару мүмкін емес.

– Мүмкін емес болса, енді сен әке, он есе ақылды болуың керек. Тотыңды бұрынғыдан бетер сыйла, жүрегі ауыратын сөздерді айтпа. Ол сені жек көріп кетсе, саған қиын болады. Керісінше жақсы көріп тұрса, ол ақылды ғой, тағдырға қарсы шықпайды. Сені өзі-ақ жіберіп тұрады.

– Енді, қызым, сен шешене айт. Ауылдың есі жоқ қатындарының өсегін тыңдамасын, оған шындық керек болса, бірін де жасырмай өзім айтып беремін.

– Пай шіркін, шындықты айтқышым-ай, сен арасында өтірік айт. Шындық оның жүрегін ауыртады, ал сенің зиянсыз өтірігің оны емдейді. Соған ақылың жетеді ғой.

Шешеммен сөйлесу қиын болып жүрді. Бір күні қисынын таптым-ау. Алтын анашымды жақсы түсінемін. Жаным-ау, менің. «Мен байсырап бара жатқан жоқпын, қыздарымның бетіне шіркеу болатын болды ғой, күйеулері бетіне салық ететін болды ғой деп, ата-енелері бетіне басар ма екен деп, содан өліп бара жатырмын. Әкең де соны айттым. Бірақ еркектің аты еркек қой. Оның санасына да кірмейтін сияқты. Бәрі құрсын ажырасып-ақ кетейік деп те ойлаймын. Сен білуші ме едің?» деді. Мен көп уақыт үндемей, анашымды аяп жылап отырдым. Содан біраз уақыт өткен соң, бар күшімді жинап, анашымды құшақтап, бетінен сүйіп: «Сендей данышпан әйел жер бетінде жоқ. Сенен басқа біреу болса, шаңын қағып, қуып жіберер еді. Сенің айтып отырғаның дұрыс. Өткенде әкеме Алматыда мен де айтқанмын. Үндемей кеткен. Содан кейін қойған шығар десем, қоймапты ғой. Енді мен аямаймын, айтамын. Не деген сұмдық? Бала емес, шаға емес. Немере сүйіп отырғанда...» деп ашуланған болдым. Менің мінезімді білетін анашым енді мені көндіруге тырысты. «Қой, еркектің сауы жоқ. Әкең де солардың қатарынан. Саған қатты ұрсып тастаса, көңілің қалып қалады. Осы кезге дейін мені ренжіткен жоқ, елдің қатындары байларынан күнде таяқ жейді. Сендерді оқытты, не керек десеңдер соны күн-түн демей жеткізіп тұрды. Одан артық әкені қайдан табасыңдар?»

– Жоқ мен бәрібір сөйлесемін, деп сыртқа шықтым. Әкеме болған әңгімені жақсылап айтып бердім. Байқаймын оның да жүрегі елжіреп қалған сияқты.

Шешеме қайта келіп: – Сөйлестім. «Онда сол тапқан әйеліңмен тұр. Ақыр екеуің тұра алмайды екенсіңдер» дедім.

– Ол не деді?

– Қызым, мен ешқайда да кетпеймін. Тотымды мен жақсы көремін, сыйлаймын. Біз елдер сияқты ұрсып-төбелесіп көрген емеспіз. Тотым ашуланғаны дұрыс, менің ісім дұрыс емес, – деді.

Анашым жеңілденіп қалды. Мен де әйел баласымын ғой, анамды түсініп тұрмын.

– Жеңеше, деймін, сен шынымен ақылды екенсің. Негізінде бәйбішелер ақылды болады. Абайдың да, Құнанбайдың да бірінші әйелдері ақылды болды және солардан туған балалар да ақылды болды. Көрдің бе, сен де ақылдысың, енді біз де ақылды боламыз.

Шешем күліп: – Тоқалдан бала болмайтыны дұрыс болмай тұр ғой. Оны да әкеңе айттым. «Әй, байғұс-ау, алған соң жасын, бала табатынын алмайсың ба? Ол әйелің ұл тауып берсе, мен оны басыма көтерер едім ғой. Сайынның ұлы бар деп мақтанар едім ғой» дедім. Әкең баяғы сөзінен таймайды: «Мен саған ұл таппадың деп кінә қойған жоқпын ғой. Менің қыздарым ұлдан артық. Төрт күйеубалам ұлдарым болады. Ол әңгіменді айтпа» деп аузымды жауып тастады. Мынауы өзінен екі-ақ жас кіші екен. Ол енді тумайды ғой. Мен мазақтап күлдім. Ондай жақсы ойың болса, ана әйел де сен сияқты ақылды болса, әкеме жас, туатын үшінші тоқалды алып бересіндер де» дедім.

Шешем мәз болды: – Әкең екіншіні көндірсе, менің дегенім деген, Сайынның ұлы деген бір бала болса, мен келісемін.

–Жарайды, онда саған тірі күніңде ескерткіш қойса да артық болмайды екен,– дедім.

Ербол Алматыға кетті де, мен балалармен ауылда қалдым. Сөйтіп жүргенде бір тосын жағдай болды. Әкем екеуміз мал жайғап жүрміз. «Қызым» деді әкем.

– Не болды?

– Мен Алматыға баруым керек болды?

– Неге?

– Әкесі қайтыс болыпты. Бармасам болмайды.

– Енді не істейміз? Не деп айтамыз?

– Білмеймін.

– Әке, саспа, бір амалын табамыз. Бірақ сен күліп жіберме. Жүр екеуміз шешеме барайық.

Шешеме келдік, дастарқан басында отырмыз. Мен бастадым:

– Тәте (әке), өткенде сені больницаға жатқызған досымыз осы сенбіге баласына сүндет той жасайтын еді. Соған ауылдан әкем бір мал беріп жатыр, Ербол алып келеді деп едім. Соны сендерге айтуға ұмытып кетіппін. Тәте, егер сен қиналмасаң, бір қойды сойып апарып берсең дұрыс болар еді.

Әкем менен бұл әңгімені күтпеген ғой. Үнсіз отырып қалды. Тіптім үні шығар емес. Шешем: «Неге үндемейсің, анау бордақыда тұрған қойлардың біреуін сойып апар. Қызыңды ұятқа қалдырмай» деді. (Жаным-анашым-ай, кешіре гөр). Өзінің бар өмірін бізге арнап, біздің абройымызды ойлап жүрген анашым, оп-оңай жол ашып берді. Әкем далаға шықты, біраз уақыт салып артынан мен шықтым.

– Ай, қызым-ай, қайдан ойыңа келді? Әлде шынымен айтып қойып па едің.

– Жоқ, ол той өтіп кеткен, берер сыйлығымызды беріп қойғанбыз. Сен бір қойды сойып, бата жасап бармасаң болмайды ғой. Өзің екі қолың бос не деп барасың?

Ертеңіне әкем жолға шықты ...

Содан ойластырып-ойластырып, әке мен шешені және екінші шешені жоғалтпау үшін әке-шешемізді Алматыға көшіріп алдық. Содан бері бұл оқиға тарих болған жоқ, өмір болды. Анашым кең болды, сабырлы болды. Ол әйелдің сыртынан жаман сөз айтқан жоқ. Қыздардың ішінде мен ғана араласып тұрдым. Гуілдеген өсектің шуын шешем өзі басып отырды. Қалжыңмен болсын айтқан адамдарға: «Менің Сәкентайымдай болып алындар. Бірінің де қолдарыңнан келмейді. Келмеген соң көре алмайсындар» дейтін. Осындай жағдайда да әкем мен шешемнің бір рет бірі-біріне қатты сөйлегенін, дауыс көтергенін не біздер, не күйеубалалары, немерелері естімепті. «Атам қайда?» деген немерелеріне «Аталарың қонаққа кетті, достарына кетті, курортқа кетті» деп қоятын.

Шешем әкем өмірден қайтқаннан кейін де қыздарына айтыпты: «Қадишамен хабарласып қойсаңдаршы. Жағдайын біліңдер. Әкелеріңнің аруағы разы болсын десендер. Байғұс оның да денсаулығы жоқ қой» деп Индираға, Светаға телефон соқтырып, хабарын алыпты. Өткенде 5 қаңтарда (2013 жылы) мен Алматыға барғанда: «Қадиша, құлап мертігіп қалыпты. Барып шықсаңдар дұрыс болар еді» деді. Біз Света сіңілім екеуіміз барып шықтық. Екі анамыз бір-біріне сәлем-сауқыт беріп жатты. Әңгіме осы. Алладан да анамнан да өтірігім үшін кешірім сұраймын. Өтірікті екеуін де сақтап қалу үшін, аз нәрсе көп қайғы тудырмас үшін айтып едім. Бір Алла оған куә.

### ***Тамшы сөз: Кешірімділік – кемеңгерліктен де киелі ұғым.***

Әке, сен кімге не айтуды, нені айтпау керектігін де білетінсің. Оны айтып отырғаным, Ербол мен Саят 10-маусым күні таңертең ерте Астанадан Саяттың машинасымен шықты. Сол күні түнде Алматыға жетті. Ертеңінде Ербол қасыңа келіп отырғанда: «балам, анау суретті әкелші, тағы бір көрейін деп менің Елбасымен түскен суретімді сұрапсың. «Кеше дұрыс мән беріп қарамадым, бұл суретке қайда түскен, Нұрсұлтан бауырыма қызым не айтып тұр? деп сұрапсың. Ербол бар әңгімені айтыпты. «Ата, қызыңыз Назарбаев Университетінде істейді ғой. 1-наурыз күні (2012 жылы) Елбасы университетке келді. Гүлтас өзінің кафедрасының жұмысы туралы, қазақ тілін, қазақ әдебиетін қалай оқытып жатқандығы туралы айтыпты. Президенттің протоколдары Гүлтасқа 2 минут қана сөйле деп айтып қойған болатын. Онда көп сөйлеуге болмайды. Сөйтсе Елбасының өзі бәрін сұрап білгісі келіпті. Мынау Елбасы ұстап тұрған кітап Гүлтас пен Сәбит ағайдың Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» деген 4 томдық кітабын қысқартып ықшамдаған кітабы. Елбасы: «бұны қалай қысқарттындар?» деп сұрапты. Гүлтас «Нұрсұлтан аға, баяғыда батырлар жырында жырды тоқтаусыз жырлап келеді де, оқиғаны қысқартар тұста «Әлиқиса, осындай да осындай болды» деп, басқа оқиғаны бастап кетуші еді ғой. Дәл солай, қысқартқан жерді өз сөзімізбен баяндаймыз. Ол жер қара қалың шрифппен жазылған. Бұл

кітапты бұлай қысартып берудегі мақсатымыз – оқушылар мен студенттерге ұлы шығарманы оқыту. Қазір 1500 студент бұл кітапты толық оқыды» деп жауа беріпті.

– Сонда қалай оқытып жатырсыңдар?

– Нұрсұлтан аға, бұл жастар тәуелсіз елдің жастары, сондықтан бұлардың саналары да тәуелсіз. Елдің үмітін, Сіздің үмітіңізді ақтайтын жастар тарихтағы Құнанбайды, Абайды, Ділдәны біледі. Ал сол шындықты жазушы көркем шындыққа қалай айналдырды? Неге Абайдың пір тұтқан әкесін Мұхтар қатал, жауыз етіп суреттеді? Ақылды, текті Ділда неге өз бейнесінде суреттелмеді? Осы сұрақтарды оқырман іздейді. Жауап табады, сыни пікір айтады.

– Дұрыс екен, бізді олай оқытқан жоқ қой,– деп қызыңыздың қолын алыпты. Одан кейін Гүлтастың студенттерінің сөздерін тыңдап, олардың өткір ойларына разы болып, қай жақтан мектеп бітіргенін сұрапты. Мына орыстың қызы Тараздың мектебін бітірген екен, мына ұл бала Талдықорғанның Жаркент аулында оқыпты. Елбасы оларға қабырғада Жазылып тұрған ұлы физик Эйнштейннің ағылшынша сөзін оқып: «көрдіндер ме ұлы физиктің өзі адамға талант 1 ғана пайыз, ал еңбек 99 пайыз керек депті. Сендерде талант та бар, еңбек те бар. Болашақ Қазақстан сендердей білімді, білікті, талантты жастардың қолында болады. Сонда біз еш уайымдамай, ел тізгінін сендерге аманаттаймыз» депті. Одан кейін Гүлтаспен тағы да сыртқа шыққанша жүре әңгімелесіпті.

Жан әкем, сен разы болып, Ерболдың қолын қысып: «Балам, мен саған разымын. Көрдің бе, сен қызымның қуанышына қуанып отырсың. Мен білем көп жігіттер олай ете алмайды. Сен қызым үшін Алматыдағы жақсы жұмысыңды қалдырып, Астанаға бардың. Басқа біреу болса, онда не бар? Төрт-бес жылда пенсияға шығасың, бармаймын дер еді. Сен молодецсің, ризамын, балам» деп Ерболға алғысыңды айтыпсың. Жан әкем-ау, сонда Елбасына не айттың деп менен сұрамай, Ерболдан сұрағыныңның өзі білімділігің ғой.

***Қамшы сөз: Шындықты бүркемесіз шынайы айтсаң, даусың да нанымды шығады, тыңдаушыға жақсы әсер қалдырады.***

Жан әкем менің, алтыным! Сен төрт қызыңды төрт түрлі жақсы көретінсің. Мені бір жағы қызың, бір жағы кемпірдің қызы деп жақсы көресің. Мен саған басқаларынан гөрі бауыр, қарындас сияқтымын. Екеуімізді қосатын бір шеше, ол – апам.

Ал екінші Шарбалаңның атын да өзің қойыпсың. Апам сонда Жамбыл қаласына кеткен екен. Мамам шәріге кеткенде өмірге келді «Шарбала не Шәрбану» болсын депсің. Ол кезде сенің ержетіп қалған кезің ғой. Мен дүниеге келгенде шешем екеуің де 20 жастасыңдар. Сендер өздерің бала болып тұрып, баланың қадірін қайдан білесіңдер? Оның үстіне шешем мені 7 айлық етіп шала туыпты. Сол күні (8 маусым 1958 жылы) Әмір көкем он

жастағы Қалық ағама велесебет алып беріпті. Шешемнің әңгімесі: «Қайнаға велесебетті Шыраққа емес, Молдажанға берді. Шырақ та сол кісінің баласы ғой, әрі Молданжаннан 5 ай үлкендігі бар. Шырақ мұңайып қалды. Үйге келдім де енеме: «Ене, жалғыз сиырды сатайық та, Шыраққа велесебет алып берейік» дедім де, жылап жібердім. Енем жарықтық мені жұбатып: «аламыз, аламыз, соған бола жылай ма екен? Қой, қоя ғой» деп арқамнан қақты. Мен қапты алып, ферма жаққа кетіп қалдым, ашумен жүріп, со күні көп тезек алып келдім. Түнімен ішім ауырып, таңертең ерте Кэзенкенің ауруханасына түстім. Ертеңгі сағат 9-да сені босандым» деп, мені ерте өмірге алып келген тарихын айтатын. Мені толғатып жүргенде анамның әділеттілік іздегені маған қасиет боп берілген болу керек. Кішкентай мектепте оқып жүрген кезімде де әділдік үшін күресуші едім, әлі солай. Одан өзім талай таяқ та жедім. Сөйтіп менің апам болмаса, кім біледі тәжірибесі жоқ екеуің мені өлтіріп те алар едіңдер деп ойлаймын, Апам 40 күн бойы шала туған мені шомылдырмай, майлап, сылап өсіріпті. Жаздың күнінде баланы қырық күн шомылдырмай көр, не болар екенін көресің. Апамның қолының да шипагерлік қасиеті болды ғой. Кейін апам өмірден қайтқаннан соң, мүмкін сендер Алматыда тұрғаннан болар, әлде әкем ғой, шешем ғой деп, балалық махаббатым ояна бастады ма кім білсін, әр жылда 9-маусым туған күнімде екеуіңе «мені өмірге әкелгендерің үшін. Бірақ сыйлық толық емес, 7 айлықтың сыйлығы. Шешеме егер 9 ай көтергенінде сыйлық бұдан гөрі қымбаттау, үлкендеу болатын еді» деп, сыйлық жасап жүрдім ғой. Ал қалған үш қыздарың сыйлықты 9 айлық етіп жасайтын...

Шарбала негізі үлкен әжемізге Құрманбай атамның кемпіріне, әке сенің әжеңе тартыпты. Кішкентай болды. Сен енді оны ерекше жақсы көрдің. «Ол енді кішкентай ғой» деп елжірейтінсің. Шарбалаңның бүкіл іс-әрекеті саған ұнайтын еді. Оның тазалығы, киімді ұқыпты киетіні, пісірген тамағы, ыдыс-аяғының жалтырап тұратыны – бәрі сенің көңліңнен шығатын. Ал мен ондай емес едім. Дастарқанды жинауға да уақыт таппайтынмын, сондықтан сен маған: «қызым, бара бер, бара бер, жазуыңды жаза бер, өзім жинаймын, өзім ыдыстарды жуамын» дейтінсің. Жаным әкетайым-ау, енді дәл сендей кім еркелетеді дейсің?.. (Әке, бірақ мен де таза болатынмын, сен оны білетінсің).

Бала күнімде де мен даланың жұмысына бейім болдым да, Шарбала үйдің шаруасына мықты болды. Үйді жинап-теріп отырған адам жағымды болады емес пе? Оны алтын әжеміз, менің апам да ерекше жақсы көріп, тамақтың тәттісін, дәмдісін соған сақтап беретін. Апамның да, анамның да сандығының кілті сенімді қол Шарбалада болатын. Менің бейімім де болмады, әрі десеңіз кэмпит жеудің, достарға таратудың чемпионы болатынмын. Содан кейін қасқырға қойды күзеттірмейтіні анық қой.

Ал үшінші қызың Светаға келгенде сенің де, шешемнің де шығарға жандарың жоқ еді-ау. Негізі Света төртінші қызың. Менен кейін Сұлушаш деген өзіңнен аумай қылған қызың бір жасқа жетпей шетінеп кеткен екен. Сонда шешем Светаны ауылдағы амбулаторияда босағанда, алтын әкем сен түк те ренжімей, сенен сүйінші сұраған орыс акушеркаға «Какая она?»

депсің. Сонда орыстың әйелі «Как Солнце!» депті. Сонда сен: «тогда я ее назову Светланой, она – моя Солнце» деп, қуанып атын қойыпсың. Өзін тағы да қыз таптым-ау деп, кінәлі сезінген анам қуаныштан жылап алыпты. Света қызың дәл күн сияқты болды, кішкентай кезіндегі суреттерінде шашы қып-қызыл, тікірейіп күнге ұқсап тұрғаны бар. (Қызық болғанда менің әкемнің шашы қап-қара, ал сақалы жирен қызыл болатын. Сондықтан ол мұрт, сақал жібермейтін. Біздің төртеуіміздің де шашымыздың түсі әкеміздің сақалына ұқсаған). Шешем айтады: «Света өмірге келгеннен кейін әкелерің балаға қарай бастады. Қарамасына Света да қоймайтын. Тек әкесінің қойнына ұйықтайтын. Арқасына отырып ат қылатын. Әкесіне: маған биік өкше төпли алып бер, мен тық-тық етіп жүремін деп, аяғын көтеріп жүретін. Әкесі оған мәз болатын». Алдыңғы жылы Света қызың Испанияға жұмыс сапарымен барып, үлкен форумда баяндама жасады. Сол дискіні алып келіп, сендерге көрсеткенде, әке, сенің жүрегің жарылардай қуаныпсың. Жаным-ау, баланың бақытын, оның жеңісін көріп қуанған қандай ғанибет! Светаның жұмысын көп уайым етуші едің, қызыңа жаның ашушы еді. 10-маусым күні (2012 жылы) менен: «Света қызым қашан келеді? Көп болды ғой. Қатты сағынып кеттім»,– дедің. Сонда Света Астанаға үш-төрт күнге жұмыс сапармен кеткен болатын.

«Келеді, ертең келеді» дедім. Сен тағы да басыңды шайқап: «қатты сағындым» дедің. Алтын әкем, сағынғанның көкесі енді болып тұр. Біз сені қатты сағынып жүрміз.

Ал сенің кенжең Индира қыз болды демесең, тура сенің көшірмең сияқты. Оны анашым ауылдағы ер дәрігерден ұялып (әрі көршіміз Тыныбек деген аға болатын), үйде босаныпты. Ұлташ апам босандырыпты. Апам байқамай: «Светаның сіңлісі» деп қалыпты. Ол сөз анамызға қатты әсер етіпті, «тағы да қыз болды ғой» деген ой келіп, баланың жолдасы түспей іште қалып қойыпты. Есіне келе алмай жатыпты, ауылдың дәрігерін шақырса, ол кісі: «Сіздер перзентханаға әкелмедіңіздер, үйде босанған адамға мен жауап бермеймін» деп келмеді. Содан анамызды көрші ауылдағы ауруханға апарып, екі-үш күн сонда емдепті. Қатты күйзелістен анамыздан сүт шықпай қалыпты. Сонымен Индираны сиырдың сүтімен бақтық. Индираның атын да әке, өзің қойдың. «Менің патша қызым болады. Индира Ганди сияқты болады, елге патша болады» деп қойғаның әлі есімде. Онда мен сегізге келіп қалғанмын. Индираны туғаннан соң анашым аурушаң болды да, Индираға мен қарадым ғой. Индира үшін жаным апамнан да бөліндім. Апам Сайып ағамның ұлы Бақыт (Индирадан бір жас үлкен) бала кезінде көп ауыра берді де, көбінде Бақыттың қасында болды. Алтын әкем, сен кенже қызың Индираны қатты еркелеттің. Оған бізге әпермеген велосипедті де, мотоциклды да әпердің. «Бізді осы қызым асырайды» деп, ерекше жақсы көрдің. Сен ауырып ауруханаға түскен күннен бастап, Индира қызың қасында болды. Тамақты таңдап ішетін әдетіңмен соңғы күнге дейін ауруханада Индираның пісірген тамағын сүйсіне ішіп жаттың. Асырады деген сол емес пе!

Әке, біз сенің төрт қызың Аллаға мың сан рақметімізді айтамыз. Біздің әкеміз бен анамыздың елге елеулі, қадірлі болғаны үшін, ел-жұртқа сыйлы болғаны үшін, ешкімнен қарғыс алмағаны үшін, өмірдің басы мен аяғына дейін алғыс алғаны үшін, жомарт болғаны үшін, қарапайым болғаны үшін, біздерді жақсы көргені үшін, оқытып білім бергені үшін, балаларымызды бағып-қағып бергендерің үшін, бәрі үшін басымызды иеміз. Алладан нұр жаусын, екі дүниелеріңде де НҰР ғаламында болыңдар, ӘКЕ, ШЕШЕ!

***Тамшы сөз: Ата-ана болсын, ұстаз болсын тек қана өз өмір-өнегесі арқылы балаға тәрбие береді.***

Жан әкем-ау, қарғыс алма, алғыс ал дегеннен шығады ғой. Осыдан бір үш-төрт жыл бұрын ғылым докторы ғалым, ақын Сәрсенбі ағам мен Ізімкүл әпкем Ербол екеуімізді үйіне қонаққа шақырды. Біздермен бірге ақын Қайырбек Асанов, ол кісінің жары Күләш Ахметова, дәрігер Амантай Біртанов жолдасымен, сонан соң жазушы, баспагер Әшірбек аға болды. Барлығы да Алла деген адамдар әңгімелері де өте мәнді, тартымды болды. Сонда Әшірбек аға өзі оқыған бір мағынасы терең әңгімені айтты.

«... Пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с. да үйленген жастардың некесін қияды екен. Бір жолы марқұм болған досының баласы жар етпек болған қалыңдығын алып, пайғамбарымызға келіпті: «Алланың Расулы, сіз менің марқұм әкемнің досы едіңіз. Сол себепті де біздің некемізді сіздің қиғаныңыз дұрыс деп келіп тұрмын» депті. Пайғамбарымыздың жанында сахаба Омар мен анамыз Әмина болыпты. Ол кісілер де баланың өтінішін құптапты. Екі жастың некесін қиып болғанда, Жебірейіл періште пайғамбарымыздың құлағына: «Жаңа сен некесін қиған жастар бүгін түнде қайтыс болады» депті. Пайғамбарымыз ағыл-тегіл жылапты. Түнімен ас ішпей, намаз оқып, таң атқанша көз ілмепті. Таң да атыпты. Омар келіп анамыздан: «Алланың елшісі қалай?» деп сұрапты. Әмина анамыз: «Нашар, түні бойы жылап шықты, түні бойы намаз оқып, Аллаға жалбарынды. Себебін білмедім» депті.

Омар келіп Алланың елшісі Мұхаммед ғалейкум салам пайғамбарымызға сәлем беріп, жөн сұрасып тұрғанда кешегі некесін қидырған жігіт күлімсіреп келе жатады. Омар: «Әне кеше некесін қиған Сіздің балаңыз келе жатыр» дейді. Пайғамбарымыз өз көзіне сенбей, отырып қалады. Бала келіп сәлем беріп, пайғамбарымызды, Омар сахабаны үйіне қонаққа шақыра келгендігін айтады. Бала кетіп қалады. Сол кезде Жебірейіл періште: «үйіне бар, балалар жатқан бөлмеге өт те, жастықты көтер» дейді. Пайғамбарымыздың олай жасағысы келмейді. Бірақ періште оған жасау керектігін ұқтырады. Қасында Омар бар пайғамбарымыз Жебірейіл бұйрығын орындайды. Пайғамбардың бұл әрекетіне Омар да, бала да қайран қалады. Жастықты көтергенде улы жылан өрмелеп сыртқа шығады. Пайғамбарымыз ешнәрсе демейді. Үйіне келген соң тағы да жылайды. Олардың кінәсі не? Сонда Жебірейіл періште айтады: «Ол екі үйленген жас кешегі түннен шықпауы керек еді. Олардың аталары күнахар болған, кісі ақысын жеген, алған қарызын қайтармаған

адамдар еді. Сол бабасының күнәсі үшін мына балалар өлуге тиіс болатын. Бірақ сенің таңға көз ілмей жылағаныңды, қылған дұғанды Алла қабыл алып, балаларға кеңшілік жасады» дейді. Пайғамбарымыз Аллаға рақметін жаудырып, тоқтамай намаз оқиды. Шүкірлік етеді». Әшірбек ағаның аузынан естіген осы әңгімені балаларыма, туыстарыма, олардың балаларына айтып бердім. Оларға өз ұрпақтарыңа айтыңдар дедім. Кісі ақысын жеп, қарыз алып, оны қайтармау деген үлкен күнә екенін терең түсінген абзал.

Алтын әкетайым, сен сондай адамдарды сыйламайтынсың. Қолыңды бірақ сілтеп: «адам емес» дейтінсің. Сен өз өнегеңмен бізге тәрбие бердің. Біз оқыған кезде сен де талай бай шешен (ұлты) достарыңнан қарыз алдың. Сонда сенің аузыңнан талай мәрте естіген сөзім: «Алған қарызын бермей, өздері дүние алып, ат мініп жүретіндерді түсінбеймін. Астындағы атыңды сатасың ба, алтыныңды сатасың ба, ол – сенің шаруаң, уәде бердің бе, осы кезде қайтарымын деп, қайтар. Ақшаны алғанда қуанып алдың ғой, қайтарғанда да қуанып қайтар. Мен сөзімде тұратын болғандықтан, мен қарыз сұрағанда кімде болса қиналмай береді. Себебі маған сенеді. Ал кейбіреулер сұрап барса, бар болса да бермейді. Өйткені олар уәдеде тұрмайды».

Әке, сенің өнегеңді өз балаларымызға, немерелерімізге айтып отырамыз. Рухың көкте шарықтасын, жан әке.

### ***Қамшы сөз: Ұрпағым, өтірік айтпа, өсек айтпа, кісі ақысын жеме.***

Әке, әр адамның нағашысы болады ғой. Бірақ барлық адам нағашыларымен мақтана алмайды. Кейбір туыстарымды білемін, нағашыларын айтып отырғанын естімедім. Ал сен болсаң, 17 мамырда мен Астанадан саған барғанда өз нағашың Әбдірахман атаң туралы тағы да айттың. «Атам жарықтық жақсы адам еді ғой. Менің әкем өмірден ерте кетсе де, дәулетті болыпты. Ағайын-туыстың бәріне қарасыпты. Немере ағасы Кенжеш атамыз дүниеден ерте өтіп, артында Қанша апамыз екі бала Әмір ағай мен Орал әпкемізбен қалыпты. Әкем бастық болыпты да, оларға жетімдік көрсетпепті. Одан басқа да Сындар әпкем де атамның көп жақсылығын көрдім деп талай әңгіме айтатын. Кейін ағай соғысқа кеткенде, менің әкем 34 жасында қайтыс болады. Ағай соғыстан жараланып келеді. Сонда нағашым қызын бар мал-жанымен көшіріп алса да болатын екен. Бірақ олай етпепті. Әкемнің керемет жорға аты болыпты. Елдің көзі соған түсетін көрінеді. Соны сезген атам мен жетіге толғанда әкемнің жорғасына отырғызып, мамам жақсы киім тігіп, тақияма үкі тағып, көшемен алып жүрді. Сол есімде. Содан кейін анама: «бұл жылқыдан құтылмасаң, басыңа қиындық әкеледі, балаларға зияны тиеді» деп, базарға апарып сатып, оның орнына сиыр мен бес-алты ұсақ мал алып келіпті. Сонда мен жылағаным да есімде. Атам: «Балам, басың аман болса, өскенде одан да жақсы жылқы ұстайсың» депті. Бірақ олай айтқаны есімде жоқ, ол оқығаны атам кейін мен өскенде айтып берді. Жарықтық атам анамызға да, бізге де арқа сүйер

панамыз болды ғой. Талай рет ауылға келеді. Сайыпқа да, маған да ақылын айтады. Сонда маған: алақанын жайып ұстап, балам мынандай болма, өзінде түк қалмайды, алақанын жұмып, бұндай да болма, достарың болмайды, міне былай бол деп, алқанымен су ішетіндей қалпын көрсететін. Сонда өзінде де болады, өзгеге де бересің» дейтін.

Атамыздың бас-көз болғанының арқасында, анамыздың жақсы мінезінің, қолынан іс келетіндігінің арқасында біреуден ілгері, біреуден кейін өстік, ел қатарына қосылдық.

Әмір ағай да жап-жас жігіт. Мүгедек болса да қартайғанша колхоздың есепшісі болды. Ешкімнен кем болған жоқ, ілгері болмаса. Ағайынды біріктіріп ұстады, мұндаға дейін қазан-ошағымыз бөлінбей, бір қазаннан ас ішіп, ағайды тыңдап өстік, бір рет те қарсы сөз айтып көрген жоқпын, Ағайдың қиқар мінезі болды, сонда да қарсы сөз айтпайтынмын. Сайып та, мен де сыйладық. Ол үй әулеттің ішіндегі үлкен үй атанды да, бір әулет тұтас құрмет тұтып сыйладық. «Бірінші үлкен үйдің шаруасы бітуі керек» деген жазылмаған заң болатын. Ұлташ жеңшем момын жақсы адам ғой. Бір рет те ренжітіп көрген емес. Мені «Мырзаға» дейді, әлі күнге дейін. Ауылға барғанда қуанып қалады» деп, бүгінгі ауылдың жағдайын мұңайып айттың.

«Дааа, қызым, соғыстан кейінгі қандай қиын уақыт десек те, біз бақытты болыппыз. Елде береке бар еді. Қой сойса да, тіпті тауық сойса да бірін-бірі қонаққа шақыратын еді. Ақсақалдарымыз қандай еді. Бектан атам, Мырзайым атам, Омаш атамдар не деген адамдар еді! Менің нағашым Әбдірахман атам бәрі сыйлас жандар еді. Олардың бір келіп кеткені тәрбие болатын, қора-қопсыны, мал-жайды біліп, тексеріп, шөптің, жемнің жететін-жетпейтінін айтып, ақыл-кеңестерін беретін. Қазір ауылда сондай қария жоқ. Бар болса да өз үйінен шықпайды. Мен ауылға барсам, бәріне кіріп сәлем беріп, жағдайларын біліп шығамын. Енді мен де аз жасқа келген жоқпын ғой».

Алтын әкетайым, сен аз жасқа келмесең де, белің бүгіліп шал болған жоқ едің. О дүниедегі өзің құрмет тұтқан аталарыңмен, ағаларыңмен кездестің бе? Бір жолы түсімде көрдім. «Сен неге кетіп қалдың? Солай етуге болмайды ғой» десем, сен иығыңды көтеріп, екі алақаныңды алдыға қарай созып: «Кұдай біледі, қызым, өзім де білмей қалдым» дейсің. Солай, жан әке, адамдардың бәрі білмей қалып, кетіп қалатын көрінеді.

***Тамшы сөз. Өмірден көрікті, өмірден тәтті, өмірден қымбат нәрсе жоқ. Сол үшін өмірлеріңді сақтаңдар.***

### **Ұстаз деп содай адамды айтса болады**

«Балам, мен тағдырыма разымын ...» деп, ұзақ үнсіз жаттың. Екеуміз көзбен сөйлесіп отырдық. Көп сөйлесең, шаршап қаласың ба деген ой да болды. Бірақ сен өзіңнің пешенеңе жазылған тағдырыңды ой дарияңнан

сүзіп алып жатқан екенсің. «Балам, мен оқысам, бір жерден шығатыным белгілі еді. Марқұм Ергембай көкем керемет адам еді ғой. Өзінің тұлғасы да, мінезі де, нағыз әскери мұғалімнің өзі болатын. Әскери мінезі мүмкін қанды соғысты көргеннен қалыптасқан шығар? Ол қатал еді, бірақ әділ еді. Сондықтан да оны барлық оқушылар сыйлайтын. Менен көп үміт күтті. Сабақтан кейін: «Әй, Сайынтай, үйге барып жеңшеме көмектес, суын тасып, малын жайғап бер де, біздің үйге кел, кітап, дәптерлерінді ала кел» дейді. Үйіне келген соң, столға бар кітап, дәптерлерімді шығартып, орындыққа отырғызады да, менен барлық сабақты сұрай бастайды. Мен кібіртіктеп айта алмағанымды салмақты даусымен жақсылап түсіндіріп береді де: «ал енді айтып көрші» дейді. Мен есепті жақсы шығаратынымын. Соған қуанатын. «Вот так! Есеп білмеген – есек. Ал сен есепті жақсы білесің, сондықтан адамсың, ал бұдан да жақсы білсең, жақсы азамат боласың, көкем сияқты бастық боласың» деп басымнан сипап, «дайындал» деп өз жұмыстарымен кетеді. Әрі кетіп бара жатып өзінің шешесіне: «Апа, Сайынды үй жұмысына жұмсамаңдар, сабағын оқысын, қарны ашса, тамақтарыңды беріңдер» дейтін. Қазір сондай ұстаздар бар ма? Ай, білмеймін. Кеш болып кетсе, үйге дейін ертіп келіп: менің шешеме: «Жеңеше, мына баланды оқыт, көкем сияқты болады, өзінің ынтасы да бар» дейтін еді. Менің әкемді аузынан тастамайтын, «шіркін, көкем тірі болса, бәрі басқаша болар еді ғой. Сен Сайып екеуің енді көкемді тірілтулерің керек. Өлген адам тірілмейді. Бірақ ұрпағы жақсы болса, әкесінің жақсы ісін жалғастырса, атын шығарса, тірілген деген сол. Түсіндің бе көкемнің баласы?»»

Иә, балам, ұстаз деп сондай адамды айтса болады. Жарықтық Ергембай көкем өле-өлгенше мені жақсы көріп кетті. Мен де туған ағамдай қадірлеп сыйладым.

**Тамшы сөз: Адам білімді болған сайын қайырымды, қарапайым болады.**

### **Аға да болды, жаға да болды**

Жетінші кластан кейін оқи алмадым. Анам бар, ол кезде үш інім бар. Өзіме тетелес інім Сайып 1940 жылғы. Әкеміз өмірден қайтқанда ол үш жаста ғана болатын. Оларға тамақ табу керек, оқыту керек, киіндіру керек. Әкем өмірден қайтқан соң, ауыл ақсақалдары әменгерлікпен анамды қайнысына қосқан. 1948 жылы Шәріп бауырым, 1951 жылы Мәлік бауырым өмірге келді. 1952 жылы мен 7 жылдық мектепті бітіріп, колхоздың жұмысына шықтым, арба айдап, шөп тасыдым, соқаменен жер жырттым. Оның үстіне Әмір ағайымның да он екі мүшесі сау емес, бір аяғын соғыс даласында тастап келген.

– Иә, көкемнен аяғына не болғанын сұрағанмын. Сонда көкем былай деген: «Есімнен танып қалыппын. Жауған оқтың астында жатырмыз.

Қозғалсам бір аяғымды қимылдата алмаймын. Қарасам қасымда еңгезердей орыстың жігіті жатыр екен. Бір кезде жауынгерлер алға жылжып, оқ саябырлаған кезде қарасам ана орыс жігіті әлі жатыр. Мылтығы қасында жатыр екен алып алдым. Бір кезде ол тұрайын деп жатқанда, бар күшіммен оған жабысып алдым. Мен жүре алмаймын, мені тастап кетсең, мен сені атып өлтіремін дедім. Ол мені арқасына көтерді, мен мылтықты оқтап алып келе жатырмын. Сөйтіп не керек ол мені штабқа жеткізді. Мені госпитальға алып кетті де, бір аяғымды кесіп тастады. Егер сонда далада қалсам, қансырап өліп қалар едім,— деген еді. Сонда 21 жастағы көкемнің мінезі, қайраты болмаса, соғыста қаза тапқан миллионның бірі болып қалар еді ғой.

– Иә, қанды соғыстың шындығы ғой. Ағай да мен жетіншіні бітірген соң: «Сайын, сен енді менің екінші аяғым, сүйенішім боласың» деді. Ағаның сөзі – заң. Өздерің көрдіңдер, ағама бір рет те қарсы сөз айтқан емеспін. Ол кісінің де мінезі шатақ болатын, бәрібір біздің тәрбие басқаша болды ма, үлкендерге қарсы сөз қайтармайтынбыз. Ағама разымын, бізге аға да болды, жаға да болды. Кім біледі, егер шешеміз төркініне кетсе, не бөтен елге тұрмысқа шықса, біздің тағдырымыз не болар еді? Туған-туыс, ағайыннан жырақ өскен балада мейірім болмайды ғой. Жалтақ, қорқақ болар ма едік? Біз бір-бірімізге бауырмал болып өстік. 1954 жылы Сәлік бауырым өмірге келді. 19 жасқа толғанда мені үйлендіріп, тойымызды жасады. 1958 жылы сен өмірге келдің. Тағдырыма разымын, кім біледі оқымай қалғаным да дұрыс болды ма деп ойлаймын. Оқып кетсем, оқыған қызға үйленіп, Тотыммен кездеспей қалуым да мүмкін ғой.

– Оған несіне қуанып жатырсың, керісінше оқыған, қызды алсаң, біздің мамамыз болар еді. Қалада тұрар едік.

– Ой, қызым, сен де... Кім болса да, сенің мамаңа тең келер ешкім болмас еді. Оқымаған болсақ та, сендерді оқыттық, қатарларыңнан озбасаңдар, кейін болған жоқсыңдар. Бәрі Тотының арқасы. Оның пейілі де ашық, қолы да ашық болды.

– Жарайды, жарайды, қалжыңдап жатырмын. Тотыңның жақсы екенін екеумізден артық білетін ешкім жоқ. Оның орнында басқа «шеше» болса, екеумізді жер аудартып жіберер еді ғой ...

Әкемнің есіне баяғы 25 жыл бұрынғы оқиғаны түсірдім. Ол жымыып күлді де: «Саған да разымын, қызым, молодец» деді.

### **Қайын жұртыма разымын**

– Мен осы қайын-жұртымен келіспей, дұрдараз болып жататындарды түсінбеймін. Өз басым қайнағаларымды туған ағаларымдай сыйлап, құрметтедім. Ол кісілер де мені жақсы көрді. Мамаңның туған ағасы Сиқымбек ағайды, Жаңабай көкени, Ілес көкелерді өзің білесің... Шіркін, мынадай (бас бармағын көрсетіп) кісілер еді ғой. Қалай жақсы араластық. Менің ағайындарымда той болса, ас берсе менің қайын жұртым бір төбе болып келетін. Асып бара жатқан байлықтары да жоқ қой, барлығы интелеигент адамдар болды, соған қарамай, жекжаттың алды болатын. Менің

абыройымды, мамаларыңның абыройын ойлап солай ететін. Содан кейін мен қалай сыйламайын. Әйтеуір жақсы қызметім болмаса да, астымда атым болды, қайратым, күшім көп болды, адамдармен жақсы араласқанның арқасында мені сыйлайтын бастық достарым болды. Міне, соның бәрін пайдаланып, ол кісілерге қолғабысымды беретінмін. Шөп-жемдерін жеткізіп беру, бидайын диірменге тартып беру, қора-қопсысын жөндеп беру мен үшін түкке тұрмайтын.

– Сикымбек ағай керемет бағбан адам еді ғой. Оның бау-бақшасындай бақша, басқаны білмеймін, біздің Жамбыл облысында болған жоқ. Ой, тоба, бір ағашта алма, алмұрт, алхор өсіп тұратын. Одан кейін омарташы да болды. Соның бәрі – еңбек. Арманы қандай биік еді. Ауылда үш қабатты үйді сол заманда кім салады? Асты, алма сақтайтын подвал, үсті екі қабатты үй. Сөзім жоқ. Соған цемент езетін аспап ойлап тауып, рельс жасап, кран жасап... Сол кісісінің де жоғары білімі жоқ. Связ техникумды бітіріп, поштада істеді. Ал басы қалай істейді. Қолдан шөп, топан таситын мәшине де жасап алды емес пе?

Сол ағайынды үш азаматтан мен көп жақсы қасиеттерді үйрендім. Олардың аузынан бір ауыз жаман сөз шықпайтын, қалжыңдары да бір жарасымды болатын. Киім киістері, тамақ ішкендері ... Өздері сонан кейін өнерлі болатын. Үшеуі де жақсы өлең айтатын. Проферанс ойнайтын. Сол нағашыларыңнан көп нәрсені үлгі етіп алдым, тек екі қасиеттері жұқпады.

- Қандай қасиеттері жұқпады?
  - Өлеңшілдіктері мен проферанстары.
  - Ой, Сәке, сол екеуі жұқпағаны сондай жақсы болған екен.
  - Неге?
  - Онда сен баяғы-ы-ы-ы-да қолды болып кетер едің ғой. Өлең айтып, би билемегенде саған ғашық болғандар шаш етектен, өлең айтсаң, бүгінде «әкем қайда?» деп біз өлең айтып жүрер едік қой.
  - Ой, қызым айтасың – ау...
  - Енді, ол шындық қой, Сәке.
- Әкем мәз боп күлді.

***Тамшы сөз: Адамды сұлу ететін екі нәрсе: бірінші – денсаулық, екіншісі – адал еңбек.***

**Қызым, өзің шындығын айтшы, басқа өзің білетін ағаларыңда менің достарымдай достар бар ма?**

– Қызым, өзің шындығын айтшы, басқа өзің білетін ағаларыңда менің достарымдай достар бар ма?

Мен басымды шайқап: – Жоқ, – дедім.

– Да-а, қызым, жоқ. Бала күнімізде бірге ойнағанның бәрін дос деп білдік. Сөйтсек, олар жай бала күнгі бірге ойнаған, төбелескен құрбылар болып қалады екен. Нағыз дос ол сенің егізіңнің сыңарындай болады. Жұрт

оны көрсе, сені іздейді, сені көрсе оны сұрайды. Менің сондай жан досым Әшірбек болды. Екеуміздің аулымыз да бөлек. Ол колхоздың бір бөлімшесінде Қаратас аулында тұрады, Мен Күренбелде. Ол мектепте физикадан сабақ береді, мен малшымын. Жылқышы да сиыршы да қойшы да болдым. Ол қолынан өнер тамған шебер, үйдегі бар жиһазды ағаштан Әшірбек досым жасап сыйға тартқан, домбырамен қандай келістіріп ән айтады. Ол машина айдайды, мен ат айдаймын. Әйелі Дәнекүл қандай. Қаланың қызы, оқыған, орысша сөйлейді, ағасы үлкен үкімет. Ал менің әйелім қарапайым малшының әйелі, орысшасы да жоқ. Міне, қызым, соған қарамай, біз керемет дос болдық. Біріміз үшін біріміз жан беруге дайын болдық. Бүкіл ауыл біздің үлкен достығымызға, сыйластығымызға куә. Қазір оны қатты сағынамын. Ауылға барған сайын, әдейлеп үйіне барып, Дәнекүлге сәлем беріп, балаларының жағдайын біліп тұрамын, Ауылдың молдасын алып, зиратына барып, Құран бағыштатамын. Үлкен ұлы Қанат та кетіп қалды, – дегенде көңілі босап кетті.

– Сенің 60 жылдық тойыңда есінде ме? Әшірбек көкем мен Дәнекүл жеңешем, Арыстан (Шымкенттегі) Әбдіраш құда келіп еді ғой. Сол тойларың керемет жақсы болды. Сонда ғой Әшірбек көкеме ағаларым, күйеу-балаларың арақ ұсынса: «Ей, шырақтарым, оны іше салған маған түк те де емес, бірақ мен ұйықтап қаламын да, мына қызықты көре алмай қаламын ғой. Сендер мені сондықтан қыстамаңдар, мен досымның қызығын, қуанышын көргелі келдім ғой, ұзақ көре тұрайын» деп еді. Әбдіраш құда қандай көңілді болды, қандай ән айтты. Есінде ме?

– Бәрі есімде, қызым. Екеуі де ерте кетті. Жетпіске жетпей кетті. Менің қатарымнан көп ешкім де қалмады. Қазір ауылда: Шалбай, Әмірқұл, Мырзатай бар, қалада Сарманов Дүйсен мен Наралиев Дүйсен бар. Болды. Ойпырмай десеңші! Құрдастарымның бәрі жылдам-жылдам, бірінен соң бірі кетіп қалды. Үкібай қандай еді, арамыздағы молдамыз еді. Жарылқасын, Орынбасар, Сатан, Жолдас, Нұрмахан... Бәріміз жетімдер едік... Қиындықты көріп өстік. Соғыстан кейінгі заман. Елде түк жоқ. Тіптім сіріңкенің өзі жоқ қой. Мамамның ісмерлігінің арқасында бізде басқаларға қарағанда қант-шай да, сіріңке, тағы басқалар болады. Мамама жағдайы жақсылар тон, шапан, көйлек, дамбал тіккізеді. Ақысына тамақ әкеп береді. Ал менің құрдастарымда ондай жағдай жоқ. Сонда кейде қант, сіріңкені мамама көрсетпей алып, достарымның шешелеріне апарып беремін. Ал Сайып мен сияқты емес. Ол үй тірлігіне өте пысық. Бізде қыз болмады ғой. Мамама Сайып көп көмектесетін. Ол менің құпиямды да біліп қойып, мамама айтып қоятын. Мамам ренжиді, бірақ ұрмаушы еді.

Тортай досымның, Кемал досымның да орындары ерекше еді. Олармен біздер бітеқайнасып кеткен жекжаттармыз ғой. Тортайдың ағасы Есембектің кемпірі Аққыз әпкеміз біздің туған бөлеміз болатын. Аққыз әпкемнің шешесі Ұлтай әпкем менің нағашым Әбдірахман атамның туған әпкесі болатын. Сол жағынан Тортаймен құда болдық. Кемал Есембек жездемнің Қуанышкүл деген қызын алды. Кейін Есембек көкемнің жалғыз ұлы Құттыбай бөле менің

қарындасым, ағайдың үлкен қызы Күләшті алды. Ал Тортайдың өзі бізге күйеу ғой. Ұлдан біздің қарындас қой. Олармен қатты қалжыңдасушы едік. Әсіресе Әшірбек досым Тортайды талай рет қатырды. Байғұс Тортай досымыз сонда да кешірімді болатын.

Бір жолы біздің үйде қонақ болып отырып, Тортай өзінің денесінің ірілігіне сеніп, Әшірбекті қақпайлай берді.

Әшірбек: –Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалған. Мәселе бойда емес, мынау баста, деп, Тортайдың басынан нұқып қалды. Мықты болсаң, баспен сүзісейік. Күштің бәрі адамның да, аңның да басында болады. Сол себепті де қошқарлар сүзиседі ғой. Нағыз қошқар кім екен, ал көрейік.

Содан екеуі шын сүзісті. Тортай күшіне сенімді болды. Әшірбек те оған қайта-қайта шанс беріп, жеңілетіндей сыңай танытады. Сөйтіп әбден қандары қызды-ау деген уақытта: «Ал, енді кейін шегін, жүгіріп келіп сүзісеміз» деді. Тортай дәл солай жасады. Әшірбек те солай жасады да, бір-біріне жақындап қалғанда Әшірбек бұлт ете қалып, жалт берді. Бар екпінмен жүгіріп келе жатқан Тортай қабырғаны барып сүзді. Тілін тістеп, аузынан қан ағып жатыр. Әйелдер, бала-шағалар у да шу болып қалды. Әшірбек Тортайдың аузын ашып көрді де: – тілін тістеп алыпты, өз тілін өзі жеп қоя жаздапты, бұл етке тоймайды. Арақ әкеліңдер деп, аузына құйды. Дизенфекция болсын, әйтпесе жын-жыбырлары тілін құрттатып жіберуі мүмкін. Бұл өлсе де түк емес, бірақ қарындасымыз жастай жесір болып қалады, жиендеріміз тағы бар» деді. Үйіне шығарып саларда сонымен қоймай: «Әй Үтән, мынау пәле ішерін ішіп, жерін жеп тойып алды. Үйдегі біздің қарындасты бұл ойлайды дейсің бе? Анау қалған етінді, дәу жілікті орап бер, жиендерге, қарындасқа апарсын. Жеңешен солай етіп жатыр еді, Әшірбек келіп: «қарындасқа деген етті бөлек сал. Ал анау қалған ит жейтін сүйектердің бәрін ора, маз болып қуанып барсын». Сөмке толған сыбағаны алып үйіне Тортай қуанып бармай ма, қарындастың алдында абырой деп ойласа керек. Қарындас ашып қараса, бәрі мүжілген сүйек-саяқ екен. «Жоқ, мүмкін емес, мен өзім қара басып басқа сөмкені ұстап кеткенмін ғой, Тонымның қалтасына да бірдеме салып еді, қарашы. Тонның қалтасында сыбаға бар екен. Уһ депті. Ертеңіне Әшірбек көкеңе: «Сендер кеше сыбаға деп ит жейтін сүйек-саяқты беріпсіңдер ғой» деп өкпесін айтқан Тортай досқа: Сонда Әшірбек көкең саспай: «Сен қалай ойлап едің итке иттің тамағы, адамға адамның тамағын береді. Дүндік бас, соны да білмейсің бе? Сүйек-саяқ сен төбетке, ал қарындас пен жиендерге сыбаға салынды» депті.

Әкем өзі маз болып күлді. Одан кейін мен Тортай жездемнің қайындарынан қалай өш алғанын айтып бердім. Бір күні Қаратастан екі қайнысы келіпті. Тортай жездеміз қаздың балапандарына комбикормды суға араластырып отыр екен. Жездесін даладағы ас үй жақтан көрген соң екі жігіт амандасып барып: «Ой жезде не істеп отырсың?» деп сұрапты. «Келгендерің қандай жақсы болды, мынау деген таптырмас закуске, сендер осында отыра тұрындар, мен әпкелеріңе көрсетпей бір жарты алып келейін, басым ауырып тұр еді, сендерді Құдай айдап әкелді ғой. Сыртқа шыққандар сезіктенбесін,

сырттарыңнан бекіте салайын» деп үйіне кіріп кетеді. Содан жоқ, әпкеміз әдемі киініп мәгезінге ме бір жаққа кетеді. Екеуі есіктің саңлауынан бәрін көріп отыр. Екеуі ойлайды: «жездемі байғұс әпкеміз кетсін деп отырған ғой. Қазір келіп қалар» деп жұтқыншақтарын жұтынып отырады, уақыт өтіп жатыр, жезделері жер жұтқандай жоқ. Түс ауып кеш батуға таяйды. Бір заманда әпкеміз қайта оралғанда бұлар «әпке, әпке» деп есікті тарсылдатады. Шошып кеткен Ұлдан әпкеміз үйге кірсе, Тортай күйеуі қаннен қаперсіз ұйықтап жатады. «Ойбай тұр, ұры түсті, анау складта біреулер отыр». Сонда Тортай жездесі: «Ой, ұмытып кетіпін ғой. Ол ұрылар емес, сенің інілерің. Бағана келген: «Ойбай жезде, бірдемең бар ма, басымыз ауырып тұр деп. Мен байғұс оларды аяп, үйден бір жарты алып келем дегенмін. Қара басып ұйықтап қалыпсын ғой.

- Сыртынан бекітіп кеткенің не?
- Олардың өздері ғой. Жезде, әпкеміз көрмесін, сыртымыздан бекітіп кет деген. Барып ашайын.
- Құрып кет, ашпай-ақ қой. Өзім ашамын. Содан жездесіне өкпелеп, екі інісі үйге кірмей кетіп қалыпты. Бірақ естідім, кейін жақсылап жезделерінен талай мәрте өш алыпты.
- Көрдің бе, қызым. Сонда өкпе жоқ. Адамдар кешірімді.

### ***Тамшы сөз. Достарыңның аз-кем кемшілігі болса, кешіре біліңдер***

Қызым, ағайынның ішінде бір адам болады екен. Бұрын мамам сондай еді. Барлық туыстарды аралап жүретін. Балаларды бір-бірімен жалғап, іштерін жылытып, өзі апарған сыйлықтарын «абысының беріп жіберді» алдап жүруші еді ғой.

- Өйткені ол менің апам еді ғой.
- Оған талас жоқ. Сенің атыңды да өзі қойған. Өзінен туған қыздары өле берді. Сен шала туылғанда ғой «Құдай бізге қыз бермейтін болды, қарындасымыз болмайтын болды» деп, Сайыптың жылағаны. Сонда мамам: «Осы қызым тұрады. Атын Гүлтас қоямын. Тасқа біткен гүлдей мықты болсын» деп қойған. Бір сөзді айтып жатып, екіншісіне ауысып кетіпін ғой.
- Қазір енді мен сөйтемін. Бармасыма шешең де қоймайды. «Әй, Сәке, Айшақұл әпкеңе барайық. Қашанғы жүре берді дейсің? Айтқаны айдай келді. Былтыр әпкеме (шешесінің сіңлісі) барып қайтқанымыз дұрыс болды ғой. Біз жазда бардық, әпкеміз қыста көз жұмды. Баяғыда қайтыс болып кеткен әкеміздің әпкесі Күләй әпкеміздің жалғыз қызы болған. Ол әпкеміз Дәубабада тұратын. Әпкеміз де ерте кетті. Алдыңғы жылы «Манкентте» демалғанда сұрастырып жүріп, Күләй әпкеміздің жиендерін таптым. Былтыр мамаң екеуіміз Келте Машаттағы сол жиендерге барып, Күләй әпкеңді бір аунатып қайттық. Мынау Талдықорғанның Басшиіне көшіп кеткен жиендерді (Сәнді әпкеміздің қызының балалары) де талай іздеп бардық. Балаларын осы кезге дейін сүйреледім. Осыдан екі жыл бұрын қайын-жұрттағы Сикымбек ағайдың үйіне барып, аруақтардың сыбағасын тараттық. Сондайда, қызым,

иығыңнан бір жүк түскендей жеңілденіп қаласың. Ауылға барсам да, барлық туыстарға шамам келгенше кіріп шығуға тырысамын. Үлкен қариялардан Дәу апам еді, ол кісі де жүзге толып кетті. Өле-өлгенше Сайынтайым деп батасын беріп кетті. Рәпілбек ағам да молодец. Үйде Тұрсынкүл жеңгем неше жылдан бері ауырып жатыр, соған қарамай, Рекең, менің ағам, тойдан да, науқаннан да қалмайды. Қазіргі қариямыз Ұлташ жеңешем енді. Ол кісі де сексен үшке келді. Барып, қолына теңге ұстатсаң, сыйлық апарсаң баладай қуанады.

Сайып бауырым мен Пәридә келінім де шаршайды. Оңай дейсің бе, қартайғанда малға қараған. Сайып бауырымнан, шыны керек, көп үміт етіп едім. Ол зерек қой, өзің білесің. Құранды қалай оқиды, кітапты өте көп оқиды. Білмейтіні жоқ. Менің ол сияқты білімім болса ғой, бір жерді ұстап тұрар едім. Ол болса малының соңында жүр. Тіпті ол үлкен мешітті де ұстай алар еді деп ойлаймын. Ол хадистерді, діни әңгімелерді айтқанда ұйып тыңдамайтын адам болмайды. Даусын да Алла ерекше берген ғой. Оған микрофон керек емес. Кейбір молдалардың не айтып отырғанын түсінбейсің. Даусының жағымсыз екенін өздері білмейді ме? Сөйтіп отырып, уағыз айтады. Кейінгі кезде көпшілік жиналған жерде уығыз айтады, жақсы айтсын. Бірақ ондай жиынның уақыты шектеулі ғой, әсіресе осы қалалық жерде. Түскі үзіліс кезі, елдің көбі жұмыстарынан келеді. Ал жаңағыдай молдалар уағыз айтып елдің уақытын алады. Айтсын, қысқа, нақты және анық айтсын. Бірақ оған да мәдениет керек қой. Сайып бауырым сондай жастарға үлгі көрсетер еді деп ойлаймын.

– Оу, көкесі, деймін даусымды көтеріп. Сенің інің, менің ағам Сайып – 72 жаста. Енді бір жерді ұстау кеш емес пе?

– Тегісін айтам да. Оның қайын-жұрты да жақсы болды. Келіннің әкесі Бейсембек сондай жақсы кісі еді. Өзі колхоздың есепшісі болды. Балаларының бәрін оқытты. Үлкен ұлы Еркінбек қандай жігіт! Жуалы, Талас аудандарында әкім болды. Қазір облыс мәслихатының депутаты. Сонда бір өзгермейді ғой. Қашан көрсең сәлемі түзу, сөзі түзу. Вот, сондай адамдар өседі. Қанша жерде қызмет жасамасын, артынан бір артық сөз ерген емес. Ал көп адамдарды білеміз ғой, опырып асаймын деп, атын да кірлеп, артын да кірлеп жүретін. Еркінбек құдама сондай разымын. Тойына шақырып, құрметтеп, бірінші сөзді маған берді. Онысына рақмет, әйтпесе өзінің де ағайын-жақындары бар ғой.

– Оның рас, әке, кейде туыстан да жат жақын болады. Менің араласатын апайларымды, ағаларымды сен білесің ғой. Мысалы Шәмша әпкем Беркімбаева, Фариза апайым Оңғарсынова, Әділ ағам Ахметов, Аягүл әпкем Миразова..., қазақ болып кеткен әзірбайжан қызы Асылы апайым Османова. Асылдан да қымбат аға-апайларымды маған Алла жіберген деп ойлаймын. Сен шешем екеуің осы кісілердің біреуі теледидардан көріне қалса, Алматыда болсам да, кейін Астанаға телефон шалып: «Тез телевизорды қос, Шәмша әпкеңді көрсетіп жатыр, Аягүл әпкеңді көрсетті. Ой, Фариза апана ризамын, қызым. Сойып-сойып айтты. Естідің бе? Әділ ағанды тыңдадың ба?»

Қандай көп біледі және әр ойын мақалмен тастүйін ғып байлайды екен» деп қуанушы едіңдер.

– Ол, рас, балам. Сенің сондай үлкен адамдармен дос болып, сыйласып жүргеніңе Аллаға тәубә деймін. Мен, балам, бір нәрсені жақсы білемін. Ол – тіршіліктегі араласу, қарым-қатынас. Мен ағайын арасының жолы, туған жердің көпірі болдым. Қызым, есіңе сақта, бармасаң, ол жолмен жүрмесең – жолдың ізі де қалмайды.

***Тамшы сөз: Жүректе тазалық болмаса, адамдар дос бола алмайды.***

Әке, қадірлім менің! Менің ғана емес, елің мен жұртыңның қадірлісі екенсің, жан әке. Екі айға жуық ауырғанда, ауруханада, үйде жатқаныңда елден көңіліңді бір емес, бірнеше рет келіп сұрағандар саныңда есеп болған жоқ. Ауылдағы Күләш әпкем, Құттыбай жездем, Әлимаш әпкем, Рахима әпкем (сенің жақсы көретін Ромашка құдаңның келіншегі, Рүстембек атамның қызы), Мадина бөлең (Мәттәш) тынымсыз телефон соғып, жағдайыңды күнбе күн біліп тұрды. Құттыбай жездем: «Гүлтас, шал қалай? Қазақта ондай шал біреу ғана. Ол адам баласын алаламайтын, бөлмейтін бір ғана адам. Ол өлмеу керек. Айналайын, тілеуін тілеп жатырмыз, жазылып кетеді» деді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген, көңілді қалың қара бұлт шалып, еңсең көтерілмей жүргенде жылы сөз бұлтты айдайтын жел сияқты көрінді.

Осы күзде 24 қазан, Әке, тілеуді Құдай берген күн болды. Батырбек датқаға аудан орталығында үлкен ас беріліп, Құран оқылды. Ауылда кесенесі ашылды. Әке, бабамыздың кесенесі өте әдемі, керемет. «Көңілім толды, балам» деп шын риза болғанда айтушы едің ғой, менің де көңілім толды. Датқасазға көп халық жиналды. Аудан әкімі Батырбек Құлекеев өзі бастап алып келді, Астанадан, облыстан, Тараздан, Шымкенттен, ауданның өзінен, көрші ауылдардан мыңға тарта адам болды. Кесененің лентасын ел жақсылары қиды. Жарас аға ұйымдастырып жүрді. Ол кісі сенен де үлкен екен ғой. «Сайын менің жақсы көретін інім еді. Енді амал бар ма? Алдынан жарылқап, артының қайырын берсін, сендей қызы бар Сәкеңнің арманы жоқ» деп, маған көңіл айтты. Ауа-райы да қарасып тұрды. Аудан орталығында Жаңа халықаралық трассаға жақын жерге Батырбек бабамыздың ескерткішін қойды. Оның ашылу салтанаты да өте жақсы болды.

Әке, несін айтасың, бір керемет болды. «Қуанышымды Алла көп көрме, мың да бір тәубә, мың да бір шүкірлік етемін» деп іштей нығметі көп Аллама алғысымды жаудырдым. Кейде-кейде арасында көзімнен жас шықты. Ол жас сенің жасың. Сені сағынғаным. Менің қасымда Күләш әпкем, Сәбит, Шарбала болды. Алдын ала бір күн бұрын түнде ауылға бардық. Құттыбай жездем мен Күләш әпкем қойларын сойып, бес-алты түрлі ас әзірлеп күтіп отыр екен. Келіндері Нұргүл де, Тұрсынай да бір жақсы балалар ғой. Жандостың қыздары: Аяжан, Айбала, Айдана «біздің Сайын атамыз» деп өзінді қандай жақсы көретіндерін айтып жеткізе алмайды, кіп-кішкентай

болып жүректері ауырып тұр. «Енді атам ешқашан келмей ме?» деп, Аяжан сұрақ қойып, өзі де жылады, бізді де жылатты. Жандостан аумай қалған кішкенесі Айдана (3 жаста) «Менің түрім папаға тартқан, қарным атама тартқан, көзім мамама тартқан, ал тілім Гүлтас әпкеге тартқан» дейді. Тәп-тәтті өзі. Әке, ауылдағы Бейбіт бауырым да, оның балалары сені ерекше құрметтейтін. Балалары қазір өсіп кетті ғой, ал кішкентай кездерінде олардың нағыз атасы сен болатынсың. Бейбіттің баласы Бекжанға айттым: «Сайын атаң жоқ, енді папаңа ұрсатын ешкім жоқ. Әкең қуанып жүрген шығар?» деп қалжыңдадым. Әке, адам өте жақын адамына ғана шын ұрса алады, жаның ашығаннан ұрсасың. Жаның ашымаса, не болсаң, ол бол демейсің бе? Жазда немере, шөберелеріңді алып, шешемізді алып екі машинамен сенің басыңа барып, құран оқыттық. Саяттың машинасында Саят өзі, Дидар немерең, мен сонан соң Ұланның қызы Нұрай мен менің немерем Сана болды. Нұрайды білесің ғой, даусы ап-анық Санаға айтып келеді.: «Мен мамамды жақсы көремін. Папамды жақсы көрмеймін, ол ұрсады» деді. Сонда оған өзінен бір жас үлкен Сана әпкесі: «Нұрай, ұрысқан пайдалы, ақылды боласың. Сондықтан сен папамды жақсы көрмеймін деп айтпа. Ұрысқан пайдалы» деді. Біздер үлкендер кішкентайлардың әңгімесін естіп отырып, ақырын ғана күлдік. «Сана дұрыс айтады. Нұрай, сен папаңды жақсы көруші едің ғой». «Иә, бірақ ол маған жаңа ұрысты ғой». «Папа да, мама да, әже де егер балалар дұрыс жасамаса, ұрсады, тіпті ұрады да. Бірақ олар өздерінің балаларын ең жақсы көреді. Ақылды болсын деп ойлайды» дедім. Сана: «Иә мен соны айттым ғой» деп, сөзін тағы да салмақтады. «Нұрай, енді папаңды жақсы көресің бе?» деп Сана да болмайды. Нұрай: «Иә, папамды да, мамамды да жақсы көремін» деді. Мен екі балапанның да беттерінен сүйдім. 5-6 жастағы екі бүлдіршіннің арасындағы әңгіме үлкен ұл-қыздарымыздың да ойланатын әңгімелері ғой.

Елде Сайып ағам, Бейбіт бауырым, Құттыбай жездем мен Күләш әпкемдер қалаға көшіп кетпей тұрса екен деп ойлаймын. Алладан ол кісілерге денсаулық, амандық тілеймін. Туған жер деген өте ыстық қой, әке!

*Тамшы сөз: Туған жер, сенің үстіңде де, қойныңда да туыстарым, туғандарым, қыбаттан да қымбаттарым бар. Сондықтан сенен артық жер жоқ, мен саған мінәжат етемін.*

Әке, балаларыңның қуанышы сенің қуанышың еді. Менің кітабымды қалтаңа салып жүреді екенсің. Әр келген сайын: «қызым, тағы бір бес-алты кітабыңды берші. Достарым, үлкен профессор ағаларың кітабыңды жақсы деп мақтап жатыр» деп алып кетуші едің. Жан әкем-ау, тектілігің ғой, бір күйеубалаңнан, бір қызыңнан «балам айлығың қанша, қанша аласың?» деп сұрамапсың. Күйеубалаларың үй алып жатса, үй соғып жатса, қуанып, басы-қасында болып, жарқылдап жүруші едің ғой. – Тезекбай балам үй алды, көрдім, мынандай жақсы үй, тұрған жері де жақсы деп, – Астандағы үйін мақтап келгенің әлі есімде. Тезекбай балаң: «Көке, сыртқа шықсаңыз жылы

киініп шығыңыз, тоңасыз» депті. Сен: «Өй, балам, мен Жуалының қазағымын, бұл жердің бораны, біздің ауылдың боранының қасында не, суығы да түк етпейді» деген екенсің. Жарты сағат болмай үйге кіріп: «Кұрсын, суық түймеңнің тесігінен өтіп кетеді ғой, оңға бұрылсаң да, солға бұрылсаң да бетқаратпай жел соғып тұратыны қызық екен. Жел бір жақтан соғушы еді. Қой, біз тұратын жер емес екен» деп Алматына қайтып кетіпсің. – Тезекбай балама разымын, өмірді көргендігі көрініп тұр. Қызметі бар да, шамасы келіп тұрғанда балаларының бәріне көмектесіп, жағдайын жасап берді. Ондайды азаматтың азаматы ғана жасайды. Өткенде Шымкентте болғанда Сәбит балама да айттым, үйлерін сәл кішілеу жасап қойған. Менің Мәттәш қарындасым мен Әбдібек күйеубалам молодец. Үйлерін енді бір тамаша етіп салды. Осыдан жазылып аман-есен шықсам, қызым, Ербол екеуіңді апарып көрсетемін. Олар да Тезекбай балам сияқты, барлық балаларының жағдайын жасап, бөлек-бөлек үй етіп шығарды. Көрсен көзің тояды, тіфә-тіфә көз тимесін». Жан әкем-ау, дәл осы әңгімені маған айтып отырғанда Тараздан Мәдина (Мәтташ Айшакүл әпкемнің қызы) телефон шалып еді ғой. Оның өзіне де айттың ғой. Кейін үйлеріне қоныс той жасады, жұмыс, әрі жер шалғайлы болды да, бара алмай қалдық. Аmandық болса, міндетті түрде бөлеміз Мәтташқа барамыз.

Иә, әке, естелік болсын деп жазып жатырмын. Уақыт өте келе, жазылмағанның бәрі естен шыға береді ғой ...

\*\*\*

Әке, екеуіміз бір әңгімелескенде 5-6 жыл бұрын. «Ауыл да, аудан да тозып бара жатыр. Жамбыл облысы деген қандай облыс еді, біздің аудан қандай еді. Не болды? Неге бізге бір дұрыс басшы болмайды? Бәрі бірінші басшыға байланысты. Қарапайым мысал. Бұрын осы Алматыдағы №12 аурухана қандай еді? Көзің ауырып жатқанда өзің де айтқансың. Кір, лас, бір қора сияқты болатын. Енді қазір қарашы Қалқамандағы №1 аурухананың бас дәрігері Есентай Тәжиев келді, бәрі өзгерді. Тура бір шетелдің ауруханасы сияқты, тап-таза, бәрінде тәртіп. Анау «Көктем» шипажайы қандай. Тәртіп, бір ауыз артық сөз жоқ, демалушыларға барлық жағдай жасалған. Екі жыл демалдым, барып бас дәрігеріне рақметімді айттым. Сол сияқты ғой. Жамбылдың байлығы таусылып қалған жоқ. Қасиетті Қаратаудың қойында кеннің бәрі жатыр. Фосфор да, уран да, көмір де, бәрі бар. Қарасаң барлық облыстар дамып жатыр. Тараздағы ағайындарға барғанда көремін, жұмыс жоқ. Азаматтарына жұмыс тауып бере алмаса, ол әкім не бітіріп отыр?» деп күйінуші едің ғой. Шын тілесе, Алланың берері мол деген осы екен. Облыстың әкімі Қанат Бозымбаев деген азаматты жамбылдықтар мақтап отыр. «Әкіміміз кетіп қалмаса екен деп тілеп отыр. Құлқынын ойламайтын да әкім болады екен, нағыз жігіт, сөзінде тұрады, халықтың жағдайы көтеріліп қалды. Тұрғын үйлер, парктер салынып, көшелер жөнделіп жатыр» деп, дән риза. Есі кірсе, жағдайы жөнделсе ғана адам үйіне қонақ шақырады ғой. Міне соңғы жылдарда Жамбыл облысы батыр атамыз Бауыржан Момышұлының

100 жылдық мерейтойын, Шерхан Мұртазаның 80 жылдық мерекесін Республикалық көлемде атап өтті. Атап өткенде де ұялмайтындай, дарақы той емес, тағылымды той етіп өткізді. Қанат Бозымбаев қазақша жақсы баяндама жасады. Сөздері мәнді де мағыналы болды. Келген қонақтарға құрмет көрсете білді, кісілігін көрсетті. Әкешім, сен мені білесің ғой, қуанып қалдым. Елді де, ұрпақтарды да осындай іс-шаралар тәрбиелейді ғой. Орта ғасырдың өзінде Қорқыт баба: «қонақ келмеген үйдің тұрғанынан құлағаны жақсы» деген екен. Сол сияқты елге жақсылар ат басын бұрмаса, олардың дуалы аузынан шыққан сөздерді жұрт, ұрпақ естімесе, онда болашағымыз не болады?

Биылғы қыс елге ауыр болып тұр. Соның ішінде біздің Жамбыл облысына қиындау болды. Қаратау, Талас аудандарында, баяғы өзің талай-талай шарлаған жерлерің еді ғой, адам айтқысыз дауыл болып, үйлерді, нешеме жыл тұрған электр бағандарды құлатып, малдар қырылып, адам шығыны да болды. Ел қақаған қыста жарықсыз, жылусыз қалды. Астанада отырып теледидардан қарап отырдық. Сонда Қанат Бозымбаев соның ішінде жүр. Жаны ашу сезімі сөзінде, ісінде ғана емес, көзінде тұр. Кейде теледидардан ауыр қайғыларды көрсеткенде әкім-төрелер адам емес, бір мал өліп жатқандай журналистерге сұқбат беріп тұрады. Қаның қайнайды. Американың бір жауыз қарақшысы мектептегі бір топ балаларды, мұғалімдерді атып өлтіріп кеткенде, Президент Барак Обама жылап тұрып сөйледі. Ол айып емес деп ойлаймын.

Ал енді, әке, біздің ауданның әкімі Батырбек Құлекеев жақсы Азамат екен. Қаншама игі істерді ұйымдастырып, арасында өзі жүріп атқарып жатыр. Аудан еркін тыныстап, жан кіріп, құлпыра бастапты. Өзің білесің, біздің елге тұтқа болған бабамыз Батырбек Рысбекұлының басына кесене салу талайдан айтылса да, іске аспай келіп еді ғой. Әкімдердің қорқақтығынан, жасықтығынан, пендешілік тонының қалыңдығынан жасай алмаған болатын. «Басқарып отырған еліне сөзін өткізе алмаған әкім – әкім емес, қоқым» деп айтқаның, әке, әлі есімде. Батырбек Құлекеевпен әңгімелескенімде: «Гүлеке, мемлекеттің қаражатынан бюджеттен бір тиын да шыққан жоқ, тек ескерткіштің қасына электр жарығын ғана тарттық. Қалған шығынның бәрін өзіңіз сияқты ел болашағын ойлаған азаматтар көтерді. Мен тек ұйымдастыра білдім. «Өлі разы болмай тірі байымайды» дегендей, тарихымызды танымасақ, өткен ата-бабаларымыздың ерлігі мен өрлігін ұрпаққа қалдыра алмасақ, онда несін жүрміз? Бұл ұрпаққа қажетті рухани құндылығыз ғой. Бәріміз мәңгілік емеспіз. Датқасазға 2000 түп алма ағашын отырғыздық. Ол жұмысты одан әрі де жалғастырамыз. Бір он жылда үлкен жасыл орманға айналады. Батырбек датқа тарихи, әрі қасиеті бар тұлға ғой, ол кісінің басына зиярат жасап алыс-жақыннан қонақтар келеді. Келген қонақтар алма бақтың көлеңікесінде отырып, датқаның бастауынан су ішіп, бабамызға дұға тілек айтады, ұрпаққа батасын берді. Қырықтың бірі қыдыр деген, кім біледі, бір дуалы ауыздан жасалған дұға қабыл болып, елге тұтқа

болатын ұрпақтар дүниеге келер. «Батаменен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» деп неге айтқан дейсіз» деді.

Әке, көрдің бе? Рухың көкте шарықтап, Батырбек бабамыз бар, Байзақ бабамыз, ой санамайыншы, сендер өте көпсіңдер, Тараздан шыққан тарланбоздар, арттағы ұрпақтарыңның азбауын Алладан тілеп, рухтарыңмен желеп-жебеп жүріңдер.

**Қамшы сөз: Туған жеріңе шапағатың жоқ болса, махаббатым бар дегенің өтірік.**

Әке, мен «Батырбек Рысбекұлы –XIX ғасырдың ірі саяси тұлғасы» атты конференцияда (Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бауыржан Момышұлы аулында 24 қазан, 2012 жылы) мынадай ой айттым. Сен де тыңда.

– Қадірлі ағайын, елім, жұртым, бүгін қасиетті күн. Бүгінгі күн ұрпағымызға өнеге қалдырған күніміз. Мен соған қуанып тұрмын. Күреңбел аулында Батырбек бабамыздың басына қойылған кесененің, аудан орталығы Бауыржан Момышұлы аулында бой көтерген заңғар ескерткіштің қаншалықты бабамыз үшін пайдалы, сауапты екенін мен білмеймін, тек тірілердің: «өлі разы болмай, тірі байымайды» деген концепциясы бар. Батырбек датқа бабамыздың ізгі амалдарын Жаратушы Бір Алла елеп-ескеріп, рухын биіктетіп, жанын жаннәттан етсін. Бірақ сіздер мен біздердің бүгінгі іс-амалымыз тірілер үшін, ұрпақ үшін керек. Біз аз халықпыз, ұлан байтақ Қазақстанда 16 миллион халық бар, ал әлемнің үлкен қалаларында сонша халық бір қалада тұрады. Ағайын, еліміз тәуелді болғанда еңсемізді көтере алмадық. «Тамырың жоқ, тарихың жоқ, сауатың жоқ, қараңғы бұратана халықсыңдар, жабайысыңдар» деді, көндік. Тегімізді «ов пенен ова» жасады, келістік. Ауылдың, қаланың аттарын тарихи атынан айырып, орыстың атымен: «Самсоновка, Успенровка, Карниловка, Павлодар, Петропавл ... т.б.» деді, ләппай дедік. Бұл соңғы жетпіс жыл емес, 300 жылдан бері халықтың рухын дирменге салып уатып келе жатқан колониялдық, отаршылдық езгі. Дінімізден, ділімізден, тілімізден айырып, ұлт ретінде Жер үстінен жоюды мақсат еткен сонау патша заманынан бергі келе жатқан құйтырқы саясаттың құрбаны – біздің ата-бабаларымыз, біздің ата-аналарымыз және менің замандастарым.

Тарихын, тарихи жадын жоғалтқан халықтың болашағы жоқ. Айналайын ағайын, осы залда отырған қария даналар, сіздер өздеріңіз көрген, өздеріңіздің әке-шешелеріңіз көрген азапты тарихты, қолдан жасалған аштықтан қырылған қазақты, зұлым саясаттың алдауы мен арбауына сеніп, ағайынды ағайын сатқан 1937-1938 жылдардағы зұлмат заманды, әр үйден үш-төрт азаматтан Ұлы Отан соғысына аттанып, оралмаған, қара қағаз алып, зар жылаған аналарыңызды, қартайған ата-әжелеріңізді ұмытқан жоқ шығарсыздар. Елдің қараңғы, мұңлы тарихын көрген көнекөз аға-әжелер, Тәуелсіздіктің бағасын білсеңіздер, сіздер мен сіздердің балаларыңыз біздер білеміз. Бүгінгі жасы жиырмаға толған ұрпақ тәуелді болып көрген жоқ,

бұлар азат елдің, бақытты елдің балалары. Ащыны көрген сіздер нағыз тәттінің дәмін білесіздер. Ұрпақтарымыз ұлан байтақ жерімізге, жомарттықпен сыйға берген Алланың ырыздығы жер үсті, жер асты байлығына, қазақ деген халықтың бар болып қалатын қасиеттері: тілі, ділі, дініне, салт-дәстүріне еге болсын десек, олардың саналарына біздердің ата-бабаларымыздың ел қорғағандағы ерлігін, дау шешкендегі билігін, ұл мен қыз тәрбиелегендегі өнегесін, семсердей өткір тілін, Алланың хақ екендігіне сенімін мұра етіп қалдыруымыз қажет.

Бүгін рухын тербеп, ерлігі мен өрлігін, парасаты мен пайымын, даналығы мен тапқырлығын сөз етіп отырыған даламыздың ұлы перзенті Батырбек Рысбекұлы XIX ғасырда Ресей патшасының генералы Черняевтің қанды қолынан қараша жұртын аман алып қалған, қазақтың дара перзенті Шоқан Уәлихановтың экспедициядан кетуіне ықпал еткен, сол заманда Абайдың әкесі Құнанбай, т.б. қазақтың біртуар тұлғаларымен бірге Меккеге қажылыққа барып, өз қаражаттарына тәкие салдырып, қажылық парыздарын орындап, елге келіп, медресе, мешіт салдырып, арық қаздырып, егін шаруашылығын дамытқан тұлға екендігін менен бұрын сөйлеген шешендер: С.Жошыбаев, ҚР Ұлттық ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, кардиохирург, профессор, жазушы-журналист Еркінбек Тұрысов аға, тарихшы ғалым, профессор, Тараз педагогикалық институтының ректоры Асқар Абдуалы ағалар айтты. Атақты ғалым, профессор Мекемтас Мырзахметов тарихи дерек көздермен мысалдар келтіріп, Батырбек датқа туралы «Егемен Қазақстан» газетіне бірнеше рет ғылыми-танымдық мақалалар жариялады. Сондықтан мен ағалардан артық сөз айта алмасым анық.

Менің айтатыным, ұстаз ретінде бір сөз: жаһанданудың шыр айналған шығырына біздің ел де түсті, себебі Қазақстан ғаламмен үндесті. Үлкен әлемде ақ пен қара, жақсы мен жаман араласып жүреді. Жаманы жеңіл болып, жастарымыздың біразы жеңіл өмірге, әсіре қызылға бой алдырып бара жатқаны өтірік емес. Тілінен алыстаса, ұлттың тамырына зақым келетінін біз білеміз. Сондықтан жақанданудың шығырында шайналып, жоқ болмау үшін болашақ жастарымыз елжанды азамат болуға тиіс. Ол үшін олардың жүрегіне өз халқына, ұлтына, елі мен жеріне сүйіспеншілікті, асқан құрмет сезімді сіңіре білуіміз қажет. Енді біздің ұрпағымыз БІР ҚАЗАҚ болу керек. Ақын Сабыр Адай айтқандай: «Әр қазақ менің жалғызым» деген рухта тәрбиелеуіміз керек. Қазақстанның қай жерінде ел үшін батыр болған ерлерге бүгінгідей ескерткіш қоямыз десе, елді мекен аттарын береміз десе, қаражат қажет десе, көмекке даяр болуымыз керек. Мысалы, Шығыста Құнанбай бабамызға заңғар биік ескерткіш орнатамыз десе, тайлы-таяғымыз қалмай барып, рухани да, материалдық та қолдау көрсеткеніміз абзал. Сонда ғана біз Жер бетінде ҚАЗАҚ боп қала аламыз. Қымбатты ағайын, бабаларымыздың рухын жаңғыртып еске алып отыру қажет. Рух өлмейді, оған дәлелді мысал: өр Батырбектың рухы жерлес батырларымыз Бауыржан Момышұлында қайталанды ма? Қайталанды. Оның алдында көсем

Лениннен, Сталиннен аброй-беделі кем түспеген, елі үшін құрбан болған Тұрар Рысқұловтың рухында болды ма? Болды. Қазақтың Шерханында, Ауғанда ерлік пен парасатты тең ұстаған генерал Бақытжан Ертаевтың мінезінде Батырбек датқа рухы жоқ деп айта аласыздар ма? Жоқ. «Қасқалдақтай қаным бар, Жиырма бірде жасым бар, Еркек тоқты құрбандық, Атам десең, атыңдар» деген 1986 жылдың Желтоқсан құрбаны Қайрат Рысқұлбеков дәл Батырбек бабасының ерлігін қайталады емес пе! Ендеше РУХ мәңгілік. Оны жаңғыртып отыру ұрпақтар парызы, – дедім де, бабамыз Батырбек датқаның кесенесін қойып, Датқасазға алма ағаштарын еккізіп, аудан орталығына ғажап ескерткішін қоюға мұрындық болған ауданның әкімі Батырбек Құлекеевке, ол кісінің ізгі ойын қолдаған облыс әкімі Қанат Бозымбаевқа, ел ағаларына қарындас жүрекпен алғысымды айттым. Ризашлық көңілден туған жырларымды арнап, орныма келіп отырғанда, әке, сенің рухыңды сезіндім.

Әке, мен табиғатыммен мұғаліммін, ұстазбын. Оны өзің жақсы білесің. Ал жазу ұстаздық міндеттен туған жауапкершілігім сияқты. Менің шәкіртім болмаған қазақтың жастарына мүмкін пайдасы тиер деп, «Ер жетті ұлым, бой жетті қызым», «Тамшы сөздер мен қамшы сөздер», «Апам-ақ нұрым менің», «Менің Күреңбелім» деген кітаптарымды жаздым ғой. Қазір де «Жақсы мінез сабақтары» деген кітап жазып жатырмын. Ал өлеңдерімді тек елге адал болған жандарға ғана алғыс түрінде жазамын. Әйтпесе, өлең деген киелі ғой. Оны қасиеті жоқ жандарға арнауға болмайды.

**Қамшы сөз: Тірілер тірілермен тістесерсің, бірақ әруақтарға тістеріңді батырамын деп әуре болмаңдар. Ұрпақтарыңды ойлаңдар...**

### **Елігі едім елімнің алыс кеткен Алтайға**

Айналайын ағайын,  
Елігі едім елімнің алыс кеткен Алтайға,  
Жүрегімде мұң барын жақындарым байқай ма?  
«Туған жерім гүлденсе, туған елім түрленсе,  
айбарлы болса ағалар, кемеңгер болса аналар,  
бауырларым саналы болса екен деп сарабдал,  
бабам басын көтерсе, әділіне ел сенсе»,  
деген арман-тілекті Жаратқанға жолдап ем ...  
Қабыл болды тілегім.  
Ел екен – Елім, Ер екен – Ерім,  
Алғыс жаусын сендерге!

Батырбек датқа – қасиетті баба, кемелді,  
Рухы асқақтап, рахымға білем кенелді.  
Арманы болған Тәуелсіз Елдің Көк Туы,  
Желбіреп көкте ұрпағын әркез жебеді.



адалынан беріпті. Абай ағамның келіншегі Күләш жеңешемнен бастап, ауылдың келіндері түгел сонда болды. Аллаға тәубә дедім. Сайып ағам басқарып жүрді, алыс-жақыннан келген ақсақалдардың иығына шапан жапты. Біз де сенің балаларың мен, Сәбит, Шарбала үшеуіміз де сенің бұл тойға келе алмай қалған себебінді айтып (Сәке, асықпайтын керек еді) облыстың әкіміне, ауданның әкіміне, Шымкенттен келген үлкен жазушы ағамыз Еркінбек Тұрысов ағаға, облыс маслихатның төрағасына, Батырбек датқаның кесенесі мен ескерткішін орнатуда еңбегі ерен ағамыз Жарас ағаға, қамқор ағамыз Еркінбек Солтыбаевқа, менен сүйінші сұраған Жуалы аудандық газетінің бас редакторы Мейірбек Мәтеновке кереметтей хан шапандар жаптық. Астанаға келген соң сондай жақсы шапанды сенатор Әділ Ахметовтың иығына жаптым. Ол кісі де Батырбек датқа туралы мақала жазған болатын. Әке, енді бір адам қалды. Ол кісінің еңбегі өте зор. Ол – үлкен ғалым, мемлекеттік сыйлықтың иегері Мекемтас Мырзахметов аға. Ол кісіге де сый-сияпатты арнайы алып барып едім, бірақ аға ауырып қалып, тойға келе алмады.

**Тамшы сөз: Бабалар рухына арнап ас беру де, Алладан екі дүние тыныштығын сұрау да – сауап іс.**

\*Кітап оқырмандары үшін төмендегі мақала мәтінін бергенді дұрыс деп санадым.

### **БАТЫРБЕК ДАТҚА ЕСІМІ ЕСКЕРІЛСЕ**

Патша генералы Черняевтың Оңтүстік өңірде жүргізген құпия саясаты туралы

Қоқан хандығы тұсында Оңтүстік өңірде билік жүргізген датқалар туралы тың деректер табылып отыр. Шымкенттік тарихшы-ғалым Д.Даниярбековтің Ташкенттегі архивтен алған деректерінің маңызы ерекше.

Оңтүстік өңір мен Ташкентті бағындырған, жергілікті халықты аяусыз қырғыншылыққа ұшыратқан, әсіресе Әулиеата мен Шымкент бекіністерін алуда қатыгездік көрсеткен, әскери жорықты басқарған генерал Черняев әр атқарған істеріне Петербургтегі соғыс министрі Борисовке есеп беріп отырған. Генералдың жіберген құпия хабарламасын оқып танысқанда, Байзақ датқаның қайғылы өліміне тікелей өзі себепші екенін, бәрін өте құпия ұйымдастырғанын ашық жазған.

**Құпия хабарламада төмендегідей ақпар жіберген:**

"Аса мәртебелі соғыс министрі.

Патша ағзамның тапсырмасын орындауда аянып жатқанымыз жоқ, өздеріңіздің берген нұсқауларыңыз бойынша өзіміздің солдаттардың өмірін сақтау мақсатында, елді мекендер мен бекіністерді алу кезінде зеңбіректер мен жергілікті адамдарды (туземцы) көбірек пайдаланудамыз.

Өзіңізге, алдындағы хабарламаларда жазғанымдай, бұрын Қоқан хандығы тұсында, Оңтүстік өңірді билегендер Байзақ, Сапақ, Шоқай датқалар (датқа –

генерал шеніндегі әскери билеуші) бізге азық-түлікпен, аттармен, сарбаздармен көмектесті.

Байзақ датқаның өзі 1000 сарбаз бөлді, басшысы — өзінің ұлы. Бұл кісілерге патша ағзамның келісіміне орай, сіздің бұйрығыңызбен берілген офицерлік шен, майор атағын киімдермен, сый-сыяпатпен қоса бердім. Осы офицерлік атаққа, сыйларға бұл кісілер риза болды. Иелігіндегі жерлерін бала-шағаларымен мәңгілік пайдалану жөніндегі куәлік құжаттарды да бердім. Бұл кісілердің арасындағы Батырбек датқа, мен үшін өте құпия тұлға. Ислам дініне, салт-дәстүріне өте берік. Орыстарды жатдінділер дейді. Басқа датқаларға қарағанда Оңтүстік өңірде, халық арасында атақ-абыройы өте зор, бұларды өзге датқалар да ашық мойындайды. Оңтүстік өңір Батырбек датқаның ықпалында болған. Өз қаражатына жергілікті халық үшін, өңірдің бірнеше елді мекендерінде, Самарқандтан құрылысшылар, күйдірілген кірпіштер алдыртып, зәулім, сәулетті мешіттер (біздіңше храм) мен медреселер (школа) салдыртқан. Бұлар қазір халыққа қызмет жасауда. Школда жас туземецтер ислам дінінде білім алуда. Бірнеше шақырым каналдар, көптеген су қоймаларын (тоған) салдыртқан, талдар еккізіп, жергілікті халықты ауыл-ауыл (село) етіп орнықтырып, тамдар салдыртқызып, халықтың тұрақты отыруына жағдай жасаған. Жергілікті халық каналдарды пайдаланып, бидай, тары, жүгері т.б. азық-түліктерін егіп, дайындап алуда. Бұрынғыдай Иран, Қоқан, Самарқанд саудагерлерінен қымбат бағаға азық-түліктерін сатып алмайды. Осы еңбегі үшін Оңтүстік өңір халқы Батырбек датқаны қатты қадірлейді.

Батырбек датқа жөнінде барлық ақпаратты замандастары Байзақ, Шоқай, Сапақтардан біліп алған соң, екінші рет ол кісіні өзіме тағы да шақырып сөйлестім. Бірінші кездесуімізде әңгімеге ротмистр Ш.Уәлиханов қатысқан болатын. Екінші кездесуімізге ротмистер қатысқан жоқ, ол маған ренжіп экспедициядан кетіп қалған. Ротмистрдің маған ренжіп кетуіне, естуімше Батырбек датқаның тікелей қатысы бар, себебі, екеуі оңаша кездескен, ротмистрді жатдінділерге көмектесіп жүрсің деп кінәлаған, өз халқына қарсы соғысып жүрсің деп айыптаған көрінеді. Осыларға шыдамаған ротмистр Ш.Уәлиханов экспедициядан кетті.

Батырбек датқа, кездесуге баласы, тағы да 4-5 кісімен келді. Ешнәрсе сездірмейді. Бағынған пішін көрсетеді. Бірақ сенбеймін. Өте айлакер, ұстамды, шебер саясаткер, бәрін бейбіт жолмен шешуді қалайды. Сарбаздарға азық-түлік беремін деп алдында уәде бергенімен, дәлелді себептер айтып, ешқайсысын орындаған жоқ. Ашық жазалайын десем халықтың толқуынан қауіптенемін. Өз билігіндегі халықты, алдын-ала біздің экспедиция әскерлері жүретін жол бойынан, ұрыс болатын жерлерден алысқа көшіріп жіберген.

Әулиеата бекінісін алу кезінде, біздің экспедиция құрамы біраз шығынға ұшырадық. Шымкент бекінісін алуда, шығынға жол бермес үшін, бекініс басшысынан (гарнизон) бекіністі бейбіт жолмен беруді талап ету үшін келіссөзге датқаларды жіберу үшін Байзақ, Шоқай, Сапақ, Батырбек

датқаларды шақырттым. Бұл шақыруыма тек Байзақ датқа баласымен келді, ол Әулиеата бекінісіне жақын тұратын. Қалған үш датқалар кездесуге келмеді. Хабаршыларын жіберіп дәлелді себептер айтыпты. Бұл датқалардың мекендері бізден алыста болатын. Уақыт тығыз болғандықтан, Шымкент бекінісінің басшысына ультиматумды жеткізуді Байзақ датқаға тапсырдым. Шымкент бекінісін ұрыссыз берсін, әйтпесе қырғын болады деп ескерттім. Байзақ барудан бас тартты, мен бара салысымен Қоқан әскербасылары мені кәпірлерге сатылдың деп өлтіреді деп ашық айтты. Мен, Байзаққа қорықпаңыз сізді өлтірмейді, сіз патша ағзамның әскери экспедициялық корпусының өкілі ретінде, дипломат болып бара жатырсыз деп түсіндірдім. Қасыңызда тілмаш, екі кіші офицерлер болады дедім. Байзақ баруға көнді, амалы жоқ еді, қатын-балалары, ауылдары Әулиеата бекінісіне жақын орналасқандықтан, менің бақылауымда болатын.

Байзақ датқаның келіссөзден тірі қайтпайтынын білдім, сол үшін де орыс офицерлерін қасына қоспадым, татар тілмаш пен екі татар унтер-офицерлерін қостым, барлығы мұсылмандар ғой (магометиандар).

Қоқан әскербасылардың датқаларға деген ашу-ызасын алдын-ала біліп отырдым, орыстарға көмектескендері үшін олар аямайтын еді.

Менің мақсатым келіссөзге барлық датқаларды жібертіп, көздерін Қоқан әскери басшылықтың қолымен жойып, жергілікті халықты көсемсіз қалдыру еді. Бірақ Байзақтан басқалары дәлелді себептер айтып келмей қалды. Бірақ көздеген мақсатыма аз да болса қол жеткіздім.

Байзақ датқаны қасындағы нөкерлерімен қоса өлтірген, тек Байзақтың баласы аман қашып шыққан. Байзақтың өлімін өз мақсатыма пайдаландым, оның өліміне Сапақ, Шоқай, Батырбек датқалар кінәлі, өздері бірге келіссөзге бармады. Байзақты жалғыз жіберді деп жергілікті сенімді адамдар арқылы сыбыс тараттым. Бұл құпия әрекетім өз жемісін беріп жатыр. Қазір маған келіп жатқан астыртын мәліметтер бойынша, Байзақтың кейбір туыстары басқа датқалардың туыстарымен араз болуда. Бірақ бұл сыбысқа ру, тайпа ақсақалдары, халық сенбейтін көрінеді. Менің әрекетімнің ісі дейтін көрінеді. Датқалардың кезінде ұсақ-түйек араздасуы болғанымен бір-бірлерін сатпайтындығына, өлімге қимайтынына ақсақалдар, халық сенімді.

Байзақты қасындағы нөкерлерімен бірге тұтқындап, өлтірді деген хабарды аман келген баласынан естіп, Шымкент бекінісін алуға тез аттандық. Жергілікті сарбаздарды, халықты Байзақтың өлімі үшін қоқандықтардан кек алуға үгіттедім. Бекініске жақындап, әскери бекініс басшысынан бейбіт берулерін талап еттім, олар жауап ретінде біздерге оқ атты. Мен бекіністі зеңбірекпен атқылауға бұйрық бердім. 2000 қырғыз-қайсақ сарбаздарын ұрысқа қостым, өзіміздің орыс солдаттарын ұрысқа жібергенім жоқ. Бекіністі 7 күннен соң алдық, қырғыз-қайсақ сарбаздарынан 300-дей сарбаз аман қалды. Бекініс ішіндегі халық көп қырылған, санау мүмкін емес. Жинап, көмдірдім.

Бейбіт халықтың көп қырылғанына біздер емес, Қоқандық әскери басшылық пен датқалар кінәлі, бейбіт келісімге келмеген деп тағы да сыбыс

тараттым. Қанша әдіс-айла жасағанымызбен, жергілікті халық, осы зорлық-зомбылықты, қырғынды кәпірлер, жатдінділер жасауда, бұлар мұсылмандардың қас жауы деп түсінеді. Бізге сенбейді. Сондықтан, Оңтүстік өңірдің көсемдері Шоқай, Сапақ, Батырбек датқалар арқылы әрекет етуіміз керек. Алдында Шоқай, Сапақ, тірі кезінде Байзақ датқаларға офицерлік атақтар, (майор) басқа да сый-сыяпат жасадық, олар риза. Батырбек датқа ол кезде — бұл сыйлықтардан бірден бас тартты. Батырбек ақылды, көреген тұлға, бәрін ой таразысынан өткізіп, елінің Ресейдің қарамағына өткендігін уақыт өте өзі де түсінеді. Бірден болмасада, біртіндеп мойындайды. Батырбек қазір 70-тен асқан, ары кетсе 10-15 жыл өмір сүрер, діндері, салт дәстүрлері, мешіт-медреселері бұрынғыдай қалулары қажет, араласпауымыз керек. Иелігіндегі бар жерлерді мәңгілік өзіңіздің, ұрпақтарыңыздың иелігінде деп куәләндіріп беруіміз керек. Барлық мұсылман мемлекеттеріне барып келуіне еркіндік беруіміз керек, Мекке мен Мединеге де.

Батырбек датқаға, басқа датқаларға қарағанда өзгеше сыйлық тартуымыз керек. Бәсекелес датқаларды араздастыру үшін. Мәртебелі соғыс министрі, сіз патша ағзамға менің өтінішімді жеткізіп, Батырбектің өзіне полковник шенін бергіздіріп арнайы мундир тіккізіп, қылыш (есімі жазылған) жасаттырып жіберсеңіздер екен. Батырбек бұл атақтарды, сыйлықты бәрібір қабылдамайды. Бірақ халық арасына патша ағзам мен соғыс министрі Батырбекті ерекше еңбегі үшін осындай атақ, сыйлықтармен марапаттады деп сөз таратамын. Бәрібір ол атақ пен сыйлықтар Батырбектің өзі қайтыс болған соң балаларының еншісінде болады ғой. Жергілікті халықтың көсемдеріне түрлі дәрежедегі атақтар мен сыйлықтар жасау арқылы, араздастырып, біртіндеп өзімізге тәуелді етеміз.

Патша ағзамымыздың, министрлердің білгірлікпен жасаған жоспарлары, айла тәсілдері, саясаты кезінде Солтүстік өңірді мекендеген қырғыз-қайсақтардың көсемдерінің алауыздығын өршітіп, Ресей қарамағына өтулерін қамтамасыз еткен жоқ па? Осы саясатты, әдіс-айланы Оңтүстік өңір халқының көсемдерін араздастыру мақсатында сіздердің қамқорлықтарыңызбен тездетіп іске асыруым керек."

Міне, зымияндық саясат ұстанған, патшалық Ресейдің экспедициялық әскери корпусының басшысы генерал Черняевтың Оңтүстік өңірді жаулап алу кезінде, қандай айла-тәсіл қолданғаны архив деректерінен белгілі болып отыр.

Билік басында болған датқалардың туған-туыстарын, ұрпақтарын, бір-бірлерімен қалай жауластырғанын архивтегі дерек айғақтап отыр. Бір жарым ғасыр бойы айлалы генерал Черняевтің қасақана ұйымдыстарған өсегіне, жаласына, қазақ халқы сеніп келдік. Байзақ датқаның қайғылы өлімін өзінің замандастарынан, бір-бірлерімен сыйласып жүрген датқалардан көріп келдік. Айлалы жала, өсек санамызды бір жарым ғасыр бойы улады, сендірді. Черняевтің таратқан өсек-жаласының уыты әлі де санамыздан өшкен жоқ, өкінішті-ақ. Кеңес өкіметі, Черняевтің Оңтүстік өңірде уақытында жүргізген, іске асырған айлалы саясатын, одан әрі дамытып өз мақсаттарына шебер

пайдаланды. Кеңес өкіметінің саясаты, үгіт-насихаты бір мақсатты көздеді, ол – Қазақ халқы Ресейге өз еріктерімен қосылды, отарлау, зорлық-зомбылық болған жоқ.

Черняевтің Оңтүстік өңірді басып алу кезінде, әскери экспедициясына азық-түлікпен, сарбаздарымен көмектескен датқалар, билер т.б. Ресейдің достары деп есептелді де, Исламды, мұсылман бауырларын жақтаған, халқы мен елін жатдінділердің отарлауына ашықтан-ашық қарсы болған Батырбек датқа мен оның туған-туыстары, ұрпақтары патшалық Ресейдің кейін Кеңес өкіметінің жаулары деп есепке алынып, жасырын қудалауға ұшырады. Кеңес өкіметі Батырбек датқаның Оңтүстік өңірде, билік басында болған уақытында өз қаражатына тұрғызылған Жуалы ауданындағы Батырбек датқа сазындағы (Күреңбел ауылы), Қошқарата өзені бойындағы Қошқар ата ауылы, Талас ауданындағы Көктал, Қызыләуіт, Сайрам ауданындағы Қайнарбұлақ, Қарабұлақ елді мекендерінде күйдірілген кірпіштен тұрғызылған зәулім, сәулетті мешіт-медреселері аяусыз талқандалды. Өзінің күмбезі де қиратылды. Түлкібас, Сайрам, Жуалы аудандарындағы қаздыртқан су каналдары, Талас ауданындағы Көктал, (қазір шипажай) Қызыләуіт су қоймаларын салдыртқан, (тоған) қаздыртқан су каналдары, халықты ауыл-ауыл етіп, орнықтырған, тамдар салдыртқан, тал-ағаштар еккізген т.б. еңбектерін Кеңес өкіметі халықтың жадынан өшіруге тырысты.

Батырбек датқаның бұл еңбектері жазушы М.Қалдыбаевтың "Бәйдібек баба арманы" атты кітабында нақты деректермен көрсетілген.

Батырбек датқаның ұрпақтарын қудалауға ұшыратып, күн көрсетпеді. Лауазымды қызметтерге алмады. Т.Рысқұловтың қамқорлық көрсетуінің нәтижесінде, үрім-бұтақтары аман қалды.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігіне бір жылдан соң 20 жыл толады. Осы мерзім арасында Шоқай, Байзақ, Сапақ датқалардың есімдері елді мекендерге, аудан, мектептерге, Тараз қаласындағы көшелерге берілді. Еңбектері ескерусіз қалған жоқ. Халқына, еліне өлшеусіз еңбек сіңірген, Батырбек датқаның еңбегі ескерусіз қалуда. Тарихи деректерге жүгінсек, Қазақ халқының, патшалық Ресейдің, Кеңестік дәуірдің тұсында дінсізденуден, өздерінің салт-дәстүрінен, тұтастай ажырап қалмауынан, мәңгүрттенуден сақтап қалған, біріншіден, Алланың рақымы болса, екіншіден, Оңтүстік өңірде Батырбек датқаның, Солтүстік өңірде Құнанбай қажының салдыртқан мешіт-медреселерінің жергілікті халықтың, әсіресе жас жеткіншектердің діни сауаттылықтарын ашудағы, салт-дәстүр ұстанымдарын берік ұстаудағы үгіт-насихат, оқыту жұмыстарының орны ерекше болды.

Батырбек датқа мен Құнанбай қажы 1874 жылы қажылыққа барғанда, Меккеде өзге де қазақтың игіжақсыларымен бірігіп, қаражат шығарысып үш қонақ үй (тәқия) тұрғызған.

Батырбек датқа қазақтың ХІХ ғасырда өмір сүрген беделді игі жақсыларымен араласып, сыйлас болған. Датқаның үйінде (Датқа сазындағы қыстауы) Кенесары хан, Құнанбай қажы, Мұса Шорманов, Тезек Төре,

Сыпатай батыр, датқалар, атақты билер, ақын-жыраулар, қырғыз манаптары т.б. бірнеше рет қонақта болған.

Батырбек датқа ұлтымыздың тарихи тұлғасы. Осы уақытқа дейін "Егемен Қазақстан" – (25 шілде 2007 жыл), Жамбыл облыстық "Ақ жол" газеттерінде, тарихи тұлғаның еңбегінің ескерусіз қалып келе жатқандығы туралы филолог-ғалымдар, тарихшылар, жазушылар, облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ақсақалдар т.б. атынан бірнеше көлемді мақалалар жазылды.

Батырбек датқаның есімін өзі туып өскен Күреңбел елді мекеніне (Жуалы ауданы), мектепке, Тараз қаласының бір көшесіне берілсе, тарихи орын негізінде қыстауы мен мешіті орналасқан орынды "Мәдени-мұра" бағдарламасы негізінде мемлекеттік тізімге енгізіп, тарихи орын деп жарияланса деген зиялы қауымның, халықтың, мәслихат депутаттарының т.б. (баспасөз беттерінде жариялаған) өтініштері Жамбыл облысының Жуалы ауданының жаңадан тағайындалған басшылары тарапынан қолдау табады, Батырбек датқаның тарихи еңбегі лайықты бағаланады деп сенеміз:

**М.Мырзахметов,**

**Мемлекеттік сыйлықтың иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор**

**С.Жошыбаев,**

**ҚР Ұлттық ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі кардиохирург, профессор**

**Қ.Бөлеев,**

**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор**

**А.Өтеулин,**

**Жамбыл облысының құрметті азаматы**

Әке, 2012 жылдың қараша айында Күзенбай ағайдың кіші баласы Амантайдың Нұрболат деген ұлының үйлену тойы болды. Бұл жолы Астанадан Ербол екеуіміз бардық. Той өте жақсы өтті. Көптен көрмеген туыстарды, құда-жекжаттарды көрдік. Әке, өзің де білесің, анам екеулеріңнің жақсы бір көңілмен араласатын туыстардың бірі менің алғашқы ұстазым Күзенбай ағайдың отбасы еді ғой. Күзенбай ағайдың жары Ұлбике апамыз да момын, қақ-соғы жоқ, бір тамаша жан болатын. Күзенбай ағайдың шешесі Зылиқа әжеміздің сені жақсы көретінін мен бала болып-ақ сезетінмін. Анамды да жақсы көретін. Алдында Батырбек датқаның тойына барғанда Амантай Күзенбай ағайдың қалта дәптерін берген. Соның ішінде 1981 жылы менің ұзату тойымда сөйлейтін сөзін қалта дәптеріне жазып алған екен, соны оқыдым: «Тойда айтылған сөздердің өмірі естен кетпейтіні болады. Шырағым Гүлгас, күйеубалам Ербол, тату-тәтті өмір сүріңдер. Өмірдің шалғай жолынан, биік асуынан қол ұстасып бірге өтіңдер. Кейде өзара келіспеушілік, кірбің туа қалса, біреуің от, біреуің су болыңдар. Шырағым қызым Гүлгас, күйеубала Ербол, әне-міне дегенше жастық дәурен өтеді. Өмірді Отанға, халыққа пайдалы, жемісті іске жұмсаңдар. Ата-аналарыңа,

туысқандарыңа, дос-жолдастарыңа мейірімді, қайырымды болыңдар. Махаббаттарыңды зәредей кір шалмасын. Шынайы махаббат ешқашанда бөлінбейді, бүлінбейді, жарылмайды. Өсіп-өніңдер, мұндағы ата-анаға, ағайын-туысқа кір келтірмеңдер» (14 наурыз, 1981 жыл). Ұстазымның даусы құлағыма келгендей, қатты әсерде болдым. Бастауыш мектепте оқып жүргенде бір жолы мен сабақты қанша жақсы айтып тұрсам да : «шындықты айтпайтын пионер 5 алмайды. Пионер болған соң шындықты жасырмай айту керек. Қазір Гүлтасты тексереміз. Ал шыныңды айт, кімнің қызысың?». «Апамның» деймін қасқайып. «Онда бағаң – 3. Бар орнына» Мен тапжылмай тұрамын. «Мен шындықты айтамын». «Ал, шындықты айтсаң, 5 деген бағанды аласың. Бес те керек, ал ол кісінің шындығы мен үшін ең сұмырай шындық. Ақыл таптым: «Тәтем туған, апам асырап алған». Одан басқа бір сөз артық айтпаймын. «Қой, жеңшең туған шығар?»

– Жоқ, тәтем туған, апам асырап алған. Енді қайталаса, жарылғалы тұрғанымды ағайым сезді ғой деймін.

– Шындықты айтты, әкел күнделігінді бесінді қоямын,– деді.

Бірақ әңгіме бұнымен бітпеген екен. Күзенбай ағай Дүйсенбек ағаймен бірге біздің көшемен келе жатыр. Көкемнің үйіне бұрылатын шығар деп ойлап едім, бұрылмады. Тура біздің үйге келді. Маған қарап қояды. Енді мен ыза бола бастадым. Ішімнен одан бұрын өзім-ақ айтайын деп отырмын.

– Қалеке, мына қызың бүгін,– дей беріп еді. Мен: «Тәтем туған, апам асырап алған»,– деп айттым.

– Дұрыс айтқансың, құлыным менің. Күн ортақ, Ай ортақ сонан соң менің қызым әке-шешесіне де маған да ортақ. Менің қызым – болшайбек, тек шындықты айтады,– деп апам мені мақтай жөнелді. Сөйтіп Күзенбай ағайдың «арандату» ойы жүзеге аспай қалды. Мен шығып кеттім. Ағай менің сабақтағы әрекеттерімді айтып, қайсарлығымды айтып, апамды қарқ қылды.

Күзенбай ағайым ауылдың нағыз зиялы азаматы болатын. Мейірхан жездем, Әнуарбек ағай, Ахметжан ағай, Қалтай ағай, Сәбит ағайлар нағыз ұстаз деген атқа лайық тұлғалар еді ғой. Алтын әкетайым, сол ұстаздар менің ғана емес сенің де үлгі тұтар алдындағы ағаларың еді.

**Тамшы сөз: Мұзға Күн сәулесі түссе – ериді, адамға сөз сәулесі түссе – қанат бітеді, сөз қанжары түссе – өледі.**

Әке, осы мен де сыпайы, әке-шешемді «сіз», «сіздер» деп айтқым-ақ келеді. Сендерден жасы кіші ағаларымды, туыс әпкелерімді «сіз» деймін. Мен үш адамға «сіз» деп айта алмаймын. Ол – апам (әжем), сен және шешем. Кінә менен емес-ау деп ойлаймын? Өзің де солай ойлайтын сияқтысың? Кейде пенделікпен кейін сендер болмағанда, сағынғанда сырттарыңнан «сіз» дейтін шығармын деп ойлағанмын. Түк те олай емес екен. Міне енді бір айдан соң апамның қайтыс болғанына жиырма жыл болады. Оған сіз деген қайда, әлі өзімен ұрсысып отырамын. Өйткені қатты

сағындым. Әке, менің апамды көрген шығарсың? Қызғанып тұрған жоқпын, көре бер. Түбінде бәріміз бірге боламыз ғой ...

Бірақ сен оған айт. Гүлтас сені қатты сағынды де. Бүгінге дейін де, өзі әже болды де. Айт солай. Бәрін айт. Бірақ жүрегіме операция жасағанды айтпай-ақ қой. Уайымдайды ғой. Айтшы оған, әке, мен оның исін сағындым, мен оның кеуіп қалған сияқты бозқыру шашын сағындым, мен оның көзін сағындым, қолын сағындым. Қойшы, саған несін айтып отырмын, өзіне айта берейін, ол да менің ести алады ғой.

Жан апам-ау, саған ешкім жетпейді. Мейлі қызғанғандар қызғана берсін. Сен данышпандардың данышпанысың, сен қайраттылардың қайраттысысың, сен батырсың, сен қорқақ емессің, бірақ сен малайлардың малайы болатынсың. Сен көмек бермеген адам жоқ, таныстарда сен жақсылық жасамаған тірі пенде жоқ, сен кешірімдісің. Мен саған көп ұрса беретін едім. Сені ренжіткендерді неге кешіре саласың деп ұрсатынмын. Сен неге керең адам сияқты үнсіз отырасың, неге тас-талқанын шығармайсың дейтінмін. Апа-ау, мен бұзық болғандықтан олай демейтінмін. Сенің жүрегің ауырмаса екен дейтінмін. Баяғыда әкем саған: «Болды ғой, мамошке, Мәлік-Мәлік деп өлетін болдыңыз ғой дегенде есінде ме?.. Мен ол оқиғаны «Апам-ақ нұрым» деген кітабымада жазғанмын.

... Хатты апам айтып отырады, мен жазып отырамын. Мәлік ағам Владивостокта әскерде болды.

– Қалбүбі, балаң қайда? – деп біреу сұраса.

– Апам: – Ахитихиянда, матрос, – дейтін. Апам айтпақшы Ахитихияндағы Мәлік ағама апам екеуміз хат жазамыз. Барлық хаттың бас киімі бірдей.

Сәлем хат! Амансың ба, балам, Мәлік?

Сағынышты сәлем хат.

Сағынған соң жаздым хат.

Немесе: – “Алтыннан ардақты, күмістен салмақты”, – болып басталады. Содан соң ақыл-кеңес кетеді... Апамның балаларының ішінен бірінші әскерге барған Мәлік ағам болды. Содан ба екен апам, көп уайымдайды. Елдің балалары екі жылға барса, Мәлік ағам үш жарым жылға кетті. Қайран анам: шарбақта жүріп бұзауын іздеп мөңіреген сиырдай: – Мәлік-ау, Мәлік, құлыным-ау, қозым-ау, естимісің, апаңды”, – деп жүретін. Ағамнан хат келмей қалса, жанын қоярға жер таппай кететін. Сөйтіп жүріп, қазылған шұңқырға түсіп кетіп, бетінің сүйегін де жарып алды. Ол кейін “Қ” деген әріпке ұқсас боп тыртық болып бітті. “Паспортым бетімде тұр” деуші еді, жарықтық.

Бір күні ұйқысынан шошып оянды.

– Апа, апа, не болды, – дедім, қорқып кетіп.

– Уһ, жаман түс көрдім. Мәлігім, Мәлігіме бір нәрсе болды, оң аяғына... әйтеуір тегін емес.

– Қойшы, апа, түс түлкінің боғы деуші едің ғой.

Ал содан кейін Мәлік ағама хат жазамыз, жауап келмейді. Екі-үш айдан кейін бір-ақ келді. Ағамның оң аяғына оқ тиіп, ол ауруханаға жатып шығыпты. Бұрынғы “Мәлігім-ау” жайына қалды, баласына ұшарға қанаты болмай “барып келіңдер” деп басқа балаларына айта алмай, шерменде болды. Ананың көңілін сау жүрген балалары қайдан ұқсын?

– Болды ғой, мамашке, Мәлік-Мәлік деп өлетін болдыңыз ғой. Болды енді, жылағыннан ештеңе шықпайды, – деп, менің әкем Сайын зекіп тастады.

Тамақты енді алдымызға қоя берген. Апамның көзінен жас сорғалап отыр, мен де әкеме өкпелеп қалдым. Орнымнан тұрып барып, апамның қолтығынан сүйеп: “тұр, үйге кетеміз”, – дедім.

Апам да соны күтіп отыр екен. Тұра берді.

– Ауқат ішпейсіңдер ме? – деді, әкем өзін кінәлі сезініп.

– Ішпейміз, үйлеріңе енді келмейміз де, – деп есіктерін қатты жаптым да, апамды ертіп шығып кеттім.

Үйге келген соң апам солқылдап отырып жылады, мен де жыладым. Апамның төсегін салып жатқанда, Сәлік ағам бір табақ етті, астында наны бар (табақтың шетіне пышақ қойған) алып келді. Апам екеуміз де сөйлеген жоқпыз. Көзіміз ісіп кеткен. Тамақты пештің үстіне қойып, Сәлік ағам үйіне кетіп қалды.

– Апа, су құяйын, беті-қолыңды жуып ал, – дедім.

Апам беті-қолын жуып алды, өзім де жудым. Үш дұшпанның бірі тамақ қой.

– Апа, тамақ ішіп алайық. Олар көріп тұрған жоқ қой, ертең айтамын, әкеп берген тамақтарыңа итіміз бір тойды деп, – дедім.

Апам мырс етіп күліп жіберді. Сөйтіп, етті жеп, сорпасын ішіп, артынан жақсылап үнді шәйін ішіп алдық.

Апам әңгімесін айтты.

– Ешкімге өкпелемеймін, маған жылай бермесін деп, тоқтатайық деп айтады ғой. Қайтейін, ана жүрек езіліп, өртеніп бара жатқанын олар сезінбейді ғой.

... Соғыстан кейінгі заман. Сол 1947 жыл болу керек. Сәду деген шалдың жалғыз ұлы соғыстан оралмады. Келіні үш жасар немересі бар. Келіні Ажар біздің елдің, шымырдың қызы еді. Мені “әпке” дейтін. Әйел біткеннің әдемісі болатын. Оған еркек тұрғай, әйел баласы, жалпы адам баласы қызыға қарайтын. Соғыстан оралғандар, жап-жас жігіттер, Сәду шалға амандасып барғанып, Ажарды көретін. Сәдудің көзі соқыр емес, бәрін байқайды, бір күні келініне:

– Қарағым, Ажар, басың жас, Мейрамнан қалған жалғыз тұяқты маған қи, өзің төркінің бар, – дейді ғой.

Ажар, шошып кетіп, баласын құшақтай алады.

– Ата, айналайын ата, құлыңыз болайын, ұлымнан айыра көрмеңіз, – деп зар жылайды. Содан кейін де бір жыл өтеді. Ауылдың еркектерінің Ажар деп есі кетеді. Көшемен жүргізбейді. Бір-бірінен қызғанып, төбелес болады. Ажарға келіп, ол еркектердің әйелдері ауыздарына келгенін айтады.

Мейрамсыз бұл елге жат екенін сезіне бастайды. Не де болса баламды қалдырмайын деп ойлайды. Атасын да қимайды. Бірақ баласын тастаса, өзі өмір сүре алмайтынын біледі. Тәуекелге салып түн ішінде, баласын көтеріп, үйінен шығып кетеді. Таңға дейін ауылдан ұзап бел асып, елсізбен жүріп, ертеңіне түс ауа әкесінің үйіне келеді. Бар жайды әкесіне айтады.

– Балам-ау, ана құданы аямадың ба? Баласы екінші рет өлгендей болды ғой. Әй, балам, қателік болды.

Ажардың әкесін мен де танушы едім. Өте парасатты, дана кісі еді.

Сәду шал келінінің қашып кеткенін біледі. Еш адаммен сөйлеспей, тамақ ішпей неше күн жатады. Ауыл азаматтары: “Барып Ажарды да, баланы да алып келейік”, – дейді. Шал рұқсат бермейді.

Сәду шалдың ауырғанын, төсек тартып жатқанын Ажар да, әкесі де естиді.

– Қызым, бала, Сиқымның (рудың аты) баласы, сол Сәду шалдың қаны, сен баланы қайтар. Мен елдің бетіне қараудан қалдым. Ұрлық жасағандай, баланың киімдерін дайында, мен баланы апарып беремін, – дейді. Ажар көзінен жасын төгіп жүріп, баласын жолға дайындап, әкесіне береді. Әкесі алып кетеді. Ажар аңырап елінде қалады.

Сәду шал көзін ашпай жатқанына бір жұмадай болыпты, құдасы немересін алып келгенін сезді ме, көзі жұмулы қолын созады, қолынан немересі ұстаған кезде, “келдің бе, ботақаным, мен сені күттім ғой” деп, кемседеп жылап, немересін бауырына басыпты.

Құдасын жібермей; “бір күн қонып кет” дейді. Әке жүрегі жалғыз қызын уайымдаса да, құдасының бір ауыз сөзін жыға алмайды.

Бектаналының жалғыз Ажарынан басқа ешкімі жоқ. Алла одан басқа ұл да, қыз да бермеді. Ажар жетіге толғанда анасы көп ауырмай, о дүниелік болып кетті. Ажарды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді. Ажардың үш күн сайын шашын жуып беретін, ағайындарының әйелдеріне Бектаналы сыйлық беретін. Ажардың шашын тарап беруге көрші әйелдер таласатын. Сөйтіп жүріп бойжетті, дүние-мүлікті Ажардан аяған жоқ. “Не кием, не ішем”, дегізген жоқ. Он жетіге толғанда ұзын бойлы, маңдайы жарқыраған, шашы толқынданған сұлу жігіт, осы Сәду шалдың жалғыз ұлы Мейрам келіп: – Аға, Ажарыңызды маған беріңіз! – дейді.

- Қарағым, сен кімсің? Кімнің баласысың?
- Сиқым Сәдудің ұлымын.
- Әкең бақуат па?
- Рахмет, аға! Әкемнің де арманы сізбен құда болу.
- Солай ма, онда өзі неге келмеді?
- Аға, әкемді алдыма салып жүруді ар санаған өзім едім.

Не керек, сонымен Сәдуден бір мал қалыңмал алмай, керісінше жалғыз қызы Ажардың малын алдына салып, көрпе-төсек, текемет, кілемдерімен, жез самауыр, күміс ыдыс-аяқтарымен Мейрамға ұзатады.

Сәду де Мейрамды анасыз өсірді, әйелі өлген соң үйленген жоқ. Бектаналы да сөйтті. Осы жағынан екі құданың тағдырлары да ұқсас еді. Енді міне сұм соғыс, сенің балаң он ба, жалғыз ба оған қараған жоқ. Мейрамнан қара қағаз келгеннен бері де екі жыл өтіп кетті.

Таңертең ерте тұрып, қайтуға асыққан құдасын тоқтатып:

– Құда, рахмет. Ажарыма, алтыныма қиын болды, сезіп тұрмын. Қайтейін, қара шақырақты осы немереме аманат етіп қалдырсам, арманым жоқ, – деген ой еді. Басы жас қой, теңі табылар, баласы болар. Мен ақ батамды бердім. Көңілімді қалдырған жоқ еді, құлыным, – деп, кемсеңдеп жылаған құдасына:

– Сабыр ет құда, шаңырағыңның иесін қолыңа тапсырдым, бала тұрғанда ешқайда кетпеспіз. Саған немере болса, маған жиен, жаттығы жоқ. Сауығып кет, құда. Қайыр-қош, – деп қоштасып шығып кетеді.

Аулына асығады, сорлы қызы, жылап-жылап есінен танып жатыр ма? Әлде... деп, әке жүрегі дүрсілдеп, атына қамшы басты. Есіктің алдынан Ажар көрінбейді. Есік жабық тұр. Есікті қорқа ашып: – Ажар! – деді. Еш дыбыс жоқ. Ажар төргі бөлмеде терезеге қарап отыр екен.

– Ажар, Ажар.

Ажар қарамады.

– Қызым.

– Әкесі жақындап кеп, тоқтап қалды.

– Ажармысың?

– Ажар екі көзінен жас парлап, бұрылып әкесіне қарады.

– Балам-ау, деп әкесі құшақтап, ал кеп жыласын. Ажардың жүзі күлбеттеніп, көгеріп кетіпті, шашы қудай аппақ.

– Әке, кетеріңізде Нұржан жылаған жоқ па?

Қызына жауап беретін шамасы жоқ, кері бұрылып, далаға шықты да, тағдырына лағынет айтып, айғай сап жылады-ай дейсің.

– Мен не істедім? Анасынан баласын айыратын мен кім едім? – деп өзінің басын өзі ұрып жылады. Не істейді? Не амал бар? Сұм соғысқа лағнет айтты.

Күн артынан күн өтті, ай артынан ай өтті.

Дүние осы кезге дейін, мүмкін мындаған жыл тұрған болар, осыдан кейін де тұрары қақ. Бектаналының үйіне бақытсыздық келген екен деп, оның бір жері қисайып тұрған жоқ.

Бір күні таңғы шай үстінде Ажар әкесіне:

– Әке, маған қарайламаңыз. Мал-жанға өзіңізден басқа қарайтын адам жоқ қой. Сататын малды Ташкенге апарамын, – деп едіңіз ғой.

– Құлыным-ау, ақылыңнан айналдым. Барамын. Кішкене саған қарайлап жүрмін ғой.

– Мені уайымдамаңыз. Түк етпейді, қазір тәуірмін.

Бектаналы базарға апаратын малдарын іріктеп, дайындай бастады. Алла жол берсе сәрсенбі күні малды айдамақ.

– Ажар, жарығым, үй-жайға ие бол, малдың бәрі малшыларда ғой, сиырды көршілерге тапсырдым.

Әкесі кетпей жатып, жүрегі тарсылдап барады. Ойлап жүрген ойы жүзеге асатынын сезіп тұрғандай. Бір жылдан бері көңілсіз жүрген Ажар күлімсіреп, әкесін алыс жолға шығарып салады.

Әкесі: “Қызымның ақылы бар ғой “әкем уайымдамай кетсін” дегені ғой деп ойлайды.

Әкесінің кеткеніне көзі әбден жеткен соң Ажар есікті бекітіп, Күреңбелге тартты. Қазір шықса, қас қарая барып қалады. Құлынын көретінін ойлағанда, еміренгені сонша омырауы сыздап, сүт ақты. Аяғы емес, жүрегі ұшып бара жатқандай.

Былдырлаған құлыным, не деп жүр екенсің? Кіп-кішкентай жүрегің, анам неге келмейді, кәмпит неге бермейді? – деп ауырды ма, құлыным. Кішкентай ғана қозым-ау, не істеп отыр екенсің? Сені көрсем арман жоқ, тірі жүрсең боташым, ер жетерсің де, өсерсің, Алла сүйсе өзіңді, мұратыңа да жетерсің. Әкеңді алған соғысқа қарғысымды айтамын, зар жылатқан анадды, тағдырыма не айтамын?..

Кешке қарай, үйге суды кіргізіп алайын деп, дәлізге шығып едім, қараңдап біреу көрінді.

– Әй, бұл кімсің? – дедім, шошып кетіп.

– Әпке, мен Ажармын ғой.

– Е, қарағым-ай, жүр үйге кір.

Ажар үйге кіруге батылы бармай тұрғандай болды.

– Әпке, үйде кім бар?

– Ешкім де жоқ, бір өзім, Сайын мен Сайып нағашыларына кеткен.

Ажар үйге кірді. Шамның пілтесін көтеріп:

– Төрлет, сырт киіміңді шеш, қалай Бектаналы аға бақуат па? Кештетіп неғып жүрсің?

– Әкем Ташкенге кеткен. Әпке, мен баламды бір көріп кетуге келдім, – деді де, жылап жіберді.

Бұрынғы Ажар жоқ. Әбден жүдеген, жылап-жылап көзінің жасы көл болып тартылғандай, бет сүйегі шығып, көзі шүңірейіп кетіпті.

– Қарағым-ай, осыншама жүдегенің-ай, бала бауыр етің ғой, шырағым, бірақ сабыр етсең керек еді. Кімнің басына келмеген қасірет бұл? Сенің күйеуің соғыста шейіт болды, менің күйеуім, өз үйімде, қақ төрімде көзін ашып-жұмды да, жарық дүниені де, жапырақтай екі баласын да тастап жүре берді. Қолымнан түк келген жоқ. Берген де бір Алла, алған да бір Алла. Оған амал бар ма? Балаңды көрерсің-ау, бірақ жаралы жүрегің тағы да жыртылып, парша-паршасы шығады ғой, жаным-ау. Одан да көрмей, көңіліңді суытсаңшы.

– Ой, әпке-ай, көрсем мауқым басылып, тынышталатын шығармын.

– Тыныштала алмайсың ғой. Жараның аузы қайта қанап, мазаң кетеді ғой.

– Әпке, менің ақыл-есім бүтін. Бір сағыныш қана өлтіріп бара жатқан. Балам кейде шырқырап жылап жатқан сияқты, кейде үлкен арыққа құлап кеткен сияқты болады. Енді бірде балам бұл өмірде жоқ сияқты, маған хабар бермеген шығар деп ойлағанда жынданып кете жаздаймын. Бір көрейінші.

– Е-й, қарағым-ай, балаң аман-есен ғой, жаным, анасың ғой, саған кінә жоқ. Ертең қайынағаның көңілін сұрап барып, жағдайды көріп қайтайын. Сен үйде бол.

Ертеңіне Сәду шалдың үйіне бардым. Нұржан далада ойнап жүр екен. Бұлдырандап жүгіріп жүр. Жүрегім езіліп кетті.

– Нұржан, – деп едім жалт қарады да, жатырқап біраз тұрды.

– Келе ғой, келе ғой, – деп шақырып едім, жүгірмей жай басып келді. Қолына кәмпит ұстаттым. Қуанып қалды.

– Нұржан, атаң қайда?

– Ата үйде, – деді тәп-тәтті болып.

– Жүр атаға барайық.

Менімен ілесіп үйге кірді. Сәду қайнаға шай ішіп отыр екен. Сәлем жасадым.

– Көп жаса, шырағым. Қалбүбі келінбісің?

– Иә, қайнаға, қалай бақуатсыз ба?

– Шүкір, Аллаға. Рақымбайдан қалған екі тұяқ аман ба?

– Аман, аман.

– Е-е, өлі арыстаннан тірі тышқан артық деген осы. Бауырым Рахымбай қандай адам еді?.. Амал бар ма? – деп, терең күрсінді. Тірі тышқанның біреуі – мынау, қара сенің қасыңнан шықпай қалғанын. Қаны тартып тұр-ау, ә? Ешкімге жоламаушы еді.

– Жоқ, қайнаға, бала ғой, жаңа кәмпит беріп едім ғой, – деп, ақтала бастадым.

– Келін шырағым, баланың күйігі ғой, жасыма жетпей морт сындым. Дұрыс жасадым ба, бұрыс жасадым ба, өзім де білмеймін. Мынау жетімекті тас жетім етіп алдым ба? – деп қорқамын.

Ажарды елден шығармай, баласынан айырмай отыру керек пе еді? Қаратаудың арғы бетінде анасы зарлап, бергі бетінде жетім қалған қозысы маңырап, ол екеуінің зарынан құлағым тұнып отырған түрім мынау. Ертең қисайып қалсам, не болады?

Сәду қайнаға жылап жіберді.

– Босамаңыз қайынаға, сабыр етіңіз. Нұржан, бар сен далаға бара ғой.

– Қайнаға, кеше кешкісін біздің үйге Ажар келді.

Сәду шалдың көзі жарқ етіп қуанғандай болды.

– Аман ба екен? Сорлы балам, соншама балажан еді. Уайымнан шөгіп кетпеп пе?

– Бұрынғы Ажар жоқ, қайнаға. Шашы құдай аппақ, өзі әбден жүдепті.

– Нұржанды алып кетем дей ме?

– Жоқ, қайнаға. Бір көріп, маңдайынан иіскесем болды дейді.

Сәду шал еңкілдеп жылады.

– Апар, апар анасына. Алып кетсе де өкпем жоқ.

– Қайнаға, көрші-қолаңға не дейсіз? Ажар келді деменіз, бір-екі күн біздің үйде болсын, немереңізге жейде, күртеше, желеткі тігіп берейін. Көршілерге де солай деңіз. Ажардың ақылы бар ғой, баласын алып кетпес, бір-екі күн қасында болып мауқын бассын.

– Көрерсің енді. Нұржанды шақыра ғой.

– Нұржан сен мына апаңның үйіне қонақ болып барып кел. Саған киім тігіп береді.

Нұржан сенер сенбесін білмей, атасына таңданып қарап тұр.

– Сен өліп қалмайсың ба?

– Жоқ, өлмеймін.

– Сен айттың ғой, бір күн болмасаң өліп қаламын, – деп.

– Рас, айтқанмын. Енді сен жігіт болдың қонаққа баруың керек қой. Бір-екі жылда мектепке де барасың. Апаңның үйіне барасың ба?

– Жарайды, барайын.

Атасы немересін бауырына тартып құшақтап, шашынан иіскеді.

– Келін, енді өздерің біліңдер. Егер алда жалда баламмен бірге боламын десе ойланар, мен бейбақты аяса, қайтып келіп осында тұрар. Басы жас қой, мұнан да теңі табылар. Сәлем айт!

– Сау болыңыз, мықты болыңыз.

Үйге келсем Ажар үйді айнадай етіп тазалап, бауырсақ пісіріп қойыпты. Баладан бұрын үйге өзім кірдім. Ажардың көзі бақырайып; “Келмеді ме?” – деді.

– Келді, сен жылама, шошытып аласың.

– Жарайды әпке, шақырыңызшы.

– Нұржан, келе ғой, Төрге шық. Енді сен үлкен қонақсың, – дедім. Жатырқап тұр. Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, кіріп келеді.

Ажар екі қолын біріктіріп, аузын басып алған. Бас салған жоқ. Шыдады.

– Нұржан отыр, мен қазір саған шай беремін, кәмпит беремін. Содан кейін саған киім тігеміз.

Үшеуміз шай ішіп отырмыз. Нұржан Ажарға қарап қояды. Ажарда үн жоқ. Шай ішіп болдық.

– Енді, Ажар қол мәшинені әкел, Нұржанға екеуміз жейде, желетке тігейік.

“Ажар” деген кезде бала елең ете қалды. Әпке, мен әкелген заттардың ішінде Нұржанға шақ келетін киімдер де бар сияқты. Алып келейінші.

Ажар шығып кетті. Нұржан сұраулы көзбен маған қарады.

– Қане, көрейік. О-о, шынымен-ақ көп екен ғой.

Балаға бірінен соң бірін кигізіп жатыр. Құйып қойғандай.

– Нұржан, айнаға қарашы, – деп Ажар мәз.

– Сіз саудагерсіз бе? – деді Нұржан.

Ажар тағы үндемеді.

– Нұржан, мына бөрікті киіп көрші.

– Мұның бәрін алмаймын ғой.

– Неге, бұның бәрі сенікі, – деп айтып қалғанын Ажардың өзі де байқамай қалды.

– Сіздің атыңыз кім?

– Менің атым – Ажар.

– Менің мамамның да аты – Ажар. Бірақ ол әдемі. Ол жақында келеді. Атам айтты, ол өте жақсы адам деп.

Ажарда үн жоқ. Екі көзінен көл боп аққан жасты сұртуге шамасы жоқ, бұрылып үйден шығып кетті.

– Апа, ана кісіге не болды? Неге жылайды?

– Білмеймін ғой, балам.

– Апа, ол кісінің баласы бар ма?

Мен не айтарымды білмедім. Нұржан жауап күтіп тұр.

– Баласы болған екен. Бірақ жоғалтып алыпты.

– А-а, онда мына киімнің бәрі сол баласынікі шығар, ә?

– Жоқ, жана киімдер ғой. Саған беріп тұр ғой. Ала сал, әйтпесе Ажардың жүрегі ауырып қалады. Сен киіп алғанда қандай қуанды көрдің ғой жаңа?

– Иә, қазір баласын ойлап, жылап отырған шығар, ә?

– Дұрыс айтасың, сенің ақылың бар ғой, барып айт. – Ажар әпке, мен сіз берген киімнің бәрін-бәрін киемін, – деп айт.

– Жарайды.

– Ажарға барып, орамалынан тартып:

– Рақмет, мен бәрін киемін. Қалбы апа маған айтты, сіз балаңызды бәрібір тауып аласыз, жыламаңыз енді.

Ажар (Нұржанды) баласын құшақтап алып, жылады-ау дейсің.

Екі шерлі жүрек қосылды.

Кешке дейін күн қалай өтіп кеткенін білмедік. Ажар мен Нұржан тіл табысып кетті. Неше түрлі ойын ойнап, үйдің ішінде ары-бері жүгіріп, тығылыспақ ойнады.

– Нұржан, Нұржан, мен сені таптым, сен сандықтың ішіндесің. Нұржан сандықтың қақпағын басымен көтеріп!

– Тағы айтшы.

– Не деп?

– Нұржан, Нұржан, – деп айтшы.

– Нұржан, Нұржан, мен сені таптым.

Нұржан сандықтан шығып, Ажарға жақындады.

– Сен менің мамамсың ба? Сенің даусың мамамның даусы ғой. Сен менің мамамсың ғой.

Ажар үн-түнсіз тағы жылады.

– Мама, мама...

– Жоқ, сенің мамаң әдемі ғой...

– Сенің көзің де менің мамамның көзіне ұқсайды.

Ажар баласын құшақтап алып, сүйіп жатыр.

Мен бәрін көріп тұрмын. Екеуі бірін-бірі босатар емес.

– Құлыным, жарығым, қошақаным, балапаным, мен сенің анаңмын.

– Мама, мама, неге келмедің? Қайда болдың? Мен сені көп сағындым ғой.

Мен сені шақырдым ғой, неге келмедің?

– Келдім, келдім. Енді ешқайда кетпеймін.

– Шын айтасың ба? Онда үйге барайық. Атама барайық. Атам да қуансын.

Мен жылап тұрмын.

– Нұржантай, бүгін біздің үйге қоныңдар. Атаға ертең барасыңдар.

– Бүгін барғым келеді.

– Апаң өкпелеп қалады ғой, саған арнап тамақ жасап жатыр, – деді Ажар.

– Жарайды. Онда бір-ақ күн қонамыз. Нұржан ерте ұйықтады.

– Әпке, қалай әкелдіңіз? Атам білген жоқ па?

– Атаңа бәрін айттым, – деп атасымен болған әңгімені түгелдей айтып бердім.

– Енді өзің білесің. Нұржан қолында.

– Әпке, мен қаламын. Нұржансыз атасы да, мен де өмір сүре алмаймыз.

Содан ертеңіне Ажар мен баласын атасының үйіне ертіп апардым. Сәду шал келіні емес, туған қызын көргендей, маңдайынан иіскеп, еміреніп; “Енді Аллаға разымын, бүгін алса да разымын, өшкенім жанып, өлгенім тірілді”, – деп қуанды.

Ажар атасын ардақтап, баласын аялап, қорасына мал байлап, жақсы ғұмыр кешті. Елі сыйлап, есікте отырғызбады, бас иедей көріп, сый-құрмет көрсетті.

Ана мен бала арасындағы сезімнің қандай болатынын сонда сезгенмін. Апамның әңгімесін тыңдап отырып, жылап отырдым.

Апамды түсініп отырмын, Мәлік ағам Қаратаудың арғы бетінде емес, дүниенің шетінде, Тынық мұхиттың дәл өзінде. Жыласа даусы жетпейді, хат жаза алмайды. Біреуге жазғызған хатқа не айтып жарытады?

Шерлі болған, шерлі анашым-ай...

Уақыт шіркіннің сенің жылап жүргеніңмен де, күліп жүргеніңмен де шаруасы жоқ. Сырғанап, жылжып барады. Зарыға күткен Мәлік ағам да келді. Апамның қуанышында шек жоқ. Бірақ ол да уақыттың шеңберінде. Уақыт өте келе бәрі артта қалады, жүректі сыздатқан сағыныш басылып, түк болмағандай, түк көрмегендей, Мәлік ағам тіпті армияға да бармағандай күндер келді...

Апа, сен маған керек едің... Апа, “сен ауырып қалды”, – деп хабар келгенде, қатты қорықтым. Сонда шынымен өліп қалуы мүмкін бе? “Апам-ау, сен мықты едің ғой, өлмеші, өлмеші”, – деп ауылға жеткенше Құдайдан сұрап бардым. Жан апам-ау, сен қатты ауырыпсың, миыңа қан кетіп, бір қол, бір аяғың жұмыс істемей қалыпты. Бірақ сөйлеп жатыр екенсің. Алматыдан сенің Сайын балаң, Үтән келінің, Жібек әпкем, Шәріп ағам да Алматыда емделіп жүрген болатын, Ербол бәріміз бардық. Көңліңді сұрап ауылдың үлкен-кішісі, орыс-орманы түгел келіп жатыр екен. Бәрін танып жаттың. Бір құлағы жоқ Петро да келді.

– Қалеке, қалай? Жарамайды. Ауырма, – деді.

– Нешауа, Петро! Сендер аман болыңдар. Балаларым аман болсын. Меніңкі свадба, той ғой.

– Қалеке, рано. Асықпайтын керек.

Апам қолын көтеріп: “Хорошо, хорошо” деп жатыр.

Қайран, апатайым, ол үшін жас та, кәрі де бір. Бәрімен тіл табысады. Төлеген ақынның өлеңіндегі омырауынан бір сәуір шайқап есіп жүретін жары нағыз менің апам еді. Той-думанда билеп, салиқалы сөзін айтып, қайғыда езіліп отырғанға екпінді сөзін айтып, тоқтатып, тәубесіне келтіретін.

Апамның айналасында жиырма шақты адам, төргі үлкен бөлмеде одан да көп адамдар отыр.

Қарлығаш кемпірдің (апам дәл қарлығаш құс болатын елдің бәріне көмектесетін) мынадай мүсәпір болып қалғанына мұнайып отырған халықты сергіту үшін бе екен? Білмеймін ғой. Аяғын уқалап отырған маған көзін қысып қойып:

– Ерболжан, – деді.

– Ау, апа.

– Ерболжан:

Насыбайлы, Насыбайлы жігіттің басы байлы,

Есің болса Ерболжан, екі қатын ал,

Жалғыз Гүлтас арқанды қасымайды, – деді.

– Ерболжан, естідің бе?

– Естідім, естідім, апа!

– От так! – деді, өзі күлмейді, отырған жұрт қыран-топан. Апама керегі де сол еді...

Апамның қасында бір-екі күн болып, Алматыға қайтып кеттік. Қыз бала күйеуге тиген соң, бір мұңлық екен ғой. Өз билігің өзінде емес.

Үй-ішінің қас-қабағына қарадым да қалдым. Апамның одан кейін бір-ақ ай ауыратынын, соңғы рет көріп тұрғанымды, осы жаңағы қалжыңы соңғы қалжыңы екенін білсем ғой... Амалым не? 8-наурыз, мереке күні достарымыз біздің үйге жиналды.

Біләл досымыз Төлеген Момбековтің “Салтанат” атты – күйін тартты. Екі көзімнен тоқтаусыз жас ақты. Ішімнен күйдің сөзін сөйлеп отырмын.

“Апа, апатайым кетпеші, тастамашы мені, апа, сағындым сені, апа, неге бармадым? Жан апам-ау, сағындым-ау, сарғайдым-ау, Гүлтасым кеге келмеді деп, ішіндегі зарыңды айтатын пенде таппай, шерменде болдың ба, апа? Барамын, кішкене күтші, каникулға екі-ақ апта қалды, барамын, қасыңда болам, кетіп қалмашы, мен сенсіз қалай өмір сүремін? Ол кезде аспирантураның күндізгі бөлімінде оқимын. Аягүл әпкем Миразова боларда болмай 11 сыныпқа қазақ әдебиетінен сабақ бересің деп шақырып алған.

Он бірінші март күні таңертең сабаққа бардым. Телефонға шақырды. Кім звондады, есімде жоқ. Есімде тек апамды кетіп қалды дегені. Мектептен шыға салып жыладым. Дүние түк болмағандай тұр. Жарық дүниені қолыммен итеріп жібергім келеді, Апа-а-а-а-у, деймін. Неге, неге, неге? Мені неге тоспадың? Әлде мені келмеді деп өкпелеп кетіп қалдың ба? Артыңнан қуып жетердей ауылға бардық. Сен ол дүниенің шекарасын аттап кетіпсің, мен бұл шетінде қалып қойдым. Бетіңнен, шашыңнан ұстадым, құшақтадым, менің жылуымды сезсең, оянатын шығар деп ойлады. Сен оянбадың. Адамдар мені шекарадан өткізбей тартып алды. Көп күткенің көрініп тұрды.

Апа-ау, сен өлмеймін деп едің ғой. Есінде ме, “мен әлі керек екенмін” деп едің ғой. Мен келмеген соң “Керек емес шығармын”, – деп ойладың ба?

Бекер олай ойладың. Сен маған керек едің ғой, апа.

Әке-шешем жайлауда, қыстауда жүреді. Көбінде үйде апам екеуміз ғана боламыз. Мен оныншы класта оқимын. Кешке қарай апам бір түрлі көңілсіз болды. Кітаптарымды портфеліме салып жатыр едім.

– Гүлтас, – деді.

Мен қарадым.

– Бері кел.

Апамның даусы да бір түрлі:

– Апа, басың ауырып тұр ма? Алдында ғана мұрнынан қан аққан болатын.

– Басылды, басылды ғой. Гүлтас, сен мен өлгенде қайтіп жоқтайсың?

– Қойшы, апа, қай-қайдағыны айтпай.

– Рас айтам, қызық болсын, айтшы қалай жоқтайсың?

– Қайдан білейін, бұрын апам өліп көріп пе?

– Айтшы енді, не деп жылайсың?

– Кім айтты саған жылайды деп. Жыламаймын, – дедім қырсығып.

Апам бір түрлі болып қалды.

Түріне қарадым, күндегіден басқашалау көрінді.

– Апа, айтшы, саған не болды? Өкпелеп қалдың ба? Әрине, жылаймын. Апа, бірақ сен өлме, сен өлсең мен де өлемін.

– Қой, олай деме.

– Апа, мен сен жоқ болсаң қалай өмір сүремін? Әй, қайдам, өмір сүре алмаймын ғой, апа.

– Бір күні сен келсең, мен жоқпын, – деді апам.

Өзім шоши бастадым. Мұндай сөзді апам өмірі айтпайтын.

Апам күтіп отыр ғой, шынымен Гүлтасым қалай жоқтар екен, тірі күнімде естісем екен, – деп отыр ғой, деп ойладым да, көңілі үшін айтайын деп бастап едім:

– Асыл да апам, ардақтым-ау,

Қайда да кетгің жан-жақтым-ау?

Жадырап, жаз боп жүруші едің,

Еркелеп мәз боп күлуші едім.

Шықпадың неге алдымнан, апа,

Қайдасың, қайда жан апам менің?

Сапарың ұзақ болды ма, апа?

Қайтпадың қайтып ауылға неғып?

Атымтайымдай жомарт та едің,  
Қарлығаш құстай қайырымдым менің,  
Мейірімі теңіз телегейім едің.  
Суалды бүгін теңізім менің.

Күлгенде күміс күлкің де шуақ,  
Жан апа-ау, неге кеттің сен жырақ?  
Сағынады деп ойламадың ба?  
Тыраулап тырна ұшып келгенде,  
Данышпаным-ау, білуші ең бәрін  
Құстардың сырын ұшып жеткенде.

Жырлап та жүріп, жыр айтқан апам,  
Күліп те жүріп, сыр айтқан апам.  
Кетіп те қалып, сағынтқан апам,  
Келмей де қойып жылатқан, апам.

Орныңда сенің отырар кім бар?  
Сағынған қызың қайтіп те шыдар?  
Жылайды қызың, апам-ау менің,  
Жыласын деп те кеткен де шығар.

Бой жетіп қызың, бой түзеп апа,  
Алысқа кетер, арманға жетер.  
Іздеп бір сонда келмейтін бе едің,  
Қызыңды сүйіп, көрмейтін бе едің?  
Шаршап та жүрер, шалдығар қызың,  
Бұйырса оған алыстан тұзың.  
Қайдасың апа, келмейсің неғып?  
Дегенде апа, не дейсің, оған?  
Өле салғанға ұялмайсың ба?  
Әлде сен, апа, қиялдайсың ба?  
Гүлтасың гүл боп егілген жоқ қой,  
Қызығын көріп тұра алмайсың ба?

Асығып қайда барғың келіп тұр?  
Орынсыз келген қандай желік бұл?  
Апа-чау, сенің тәтті наныңды  
Жүзге келгенше жегім келіп тұр.

Өлмеші, апа, өлмеймін деші,  
О дүниені әзір көрмеймін деші.  
Жылама, қызым, жылама деші,  
Қызыңды мұңға бермеймін деші,  
Апам-ау, менің, өлмеймін деші.

Мен де, апам да жылап отырмыз. Апам шынымен өліп қалатындай, құшақтап жыладым-ау дейсің. Ақырында апам мені әрең жұбатты.

– Өлмеймін, жылама, мен әлі керек екенмін ғой, білмей қалыппын. Болды, болды, жаным-ау сол, апаң шын өлгендей жоқтадың ғой.

– Өзің ғой, – деп, өксігімді баса алмай отырмын.

– Апа, түк өлмеші, жарай ма?

– Жарайды, құлыным, енді түк өлмеймін.

Апам одан кейін он сегіз жыл өмір сүрді.

Он сегіз жыл. Сен бәрін көрдің. Менің оқуға түскенімді, тіпті сен олимпиаданы да, 1980 жылы Мәскеуде өткен олимпиаданы да көрдің ғой. Телевизордың ішіне кіріп кете жаздап отырамыз. Советтің спортшылары жеңіліп қалса, ашуланып, күйініп өле жаздаймыз-ау. Апам: кім жеңді? – деп сұрайды.

– Америка, – дейміз.

– Жақсы, тіпті жақсы болды, – дейді қуанып.

– Апа, не деп отырсың? Қайдағы жақсы? Түк те жақсы болған жоқ, – деп спортшының ашуын апамнан аламын.

– Жақсы болды. Алдай салу керек. Әмерике жеңе берсін. Солар-ақ алсын. Сонда бізге тиіспейді. Әнекүні ғана айтып едің ғой, ең күшті ел Әмерике деп. Күштіден сақтану керек. Ерегісіп керегі жоқ.

– Ту-у, апа, қойшы, бас десе құлақ дейсің, – деп ашуланамын.

Тараздан шыққан атақты боксер Серік Қонақбаев жеңіліп, екінші орын алып қалғанда, жылап жібердік. Апам үндемей отыр. Кейде солай бедірейе қалатыны бар. Бізді жақтырмай отыр.

– Шәйлеріңді әкелмейсіңдер ме, төбелескенге естерің кетіп, – деді.

– Жаңағы баланың шешесі бар ма?

– Кімнің?

– Жеңілген баланың?

– Бар ғой, сонда отыр ғой.

– Ай, соры қайнаған біреу екен. Баласын тоқпақтатып қойып, жүрегі жарылып кетпей неғып отыр?

– Апа, ол спорт қой.

– Өйткен спорты құрысын. Секірсін, жүгірсін, билесін, күрессін – бәрі жақсы. Соққылап ұрған деген не сұмдық!? Дұрыс болды, жеңілгені жақсы болды. Беті қайтты, енді төбелеспейтін болады.

Апам өзінен-өзі ашуланып отырды. Бәріміз үндемей-үндемей бір-екі шыны шәйімізді ішіп, тұрып кеттік.

Табиғатында ұрыс-керіс, төбелес дегенді жек көретін. “Бір күнгі ұрыс, қырық күнгі берекеңді қашырады”, “Ас тасыса, майы төгіледі, ашу тасыса ақыл төгіледі”. “Балаға шаңқылдап ұрса берген дұрыс емес”, – деп отыратын жарықтық.

Мені ұзатып, балалы-шағалы болғанымды да көрді. Апамның тағы бір аты – “Жедел жәрдем”. Бүкіл немере, шөберелерін қарап, қырқынан шығарып, бір жасқа дейін бағып беріп жүреді.

Мен Алматыдағы №86 мектепте мұғаліммін. Мектептің жиналысы, іс-шарасы көп, одан қала берсе, оқушыларды театрға апарамыз. Есікті ашқанда өзі ашады, егер Ербол ашса, қабаттасып ол да шығады.

– Ербол-ау, келіншегіңнің кеш келетіні жаман ғой, құрысын, бұл не сұмдық? – дейді. Ербол үндемей кетіп қалады.

Апам маған дайындаған асын беріп, шәйін береді. Жаңағы айтқан сөзін ұмытып кеткендей.

– Апа, қызықсың ғой, жаңағы сөзің не сөз? Әлде маған Ербол ұрыссын деп тұрсың ба?

– А, солай ма? Сен түсінбедің бе? Е-е, қарағым, саған ұрыссын демеймін ғой. Еркек адамның алды тар, арты кең болады деуші еді ғой. Менің көзімше саған қатты сөйлеп тастаса, менің көңілім қалады. Одан бұрын өзім айтқаным ғой.

– Шешесінің өзі ұрысты ғой, мен үндемейін, – деп, көрдің бе, кетіп қалды. Енді сәлден соң ол сені аяй бастайды. Өзі шаршап келгенде, апам ұрсып, дұрыс жасамады ғой, – деп өзі-ақ келеді.

Расында да: – Апа, қызыңызға ұрсып болдыңыз ба?, – деп шай ішуге келеді.

Апам: – Келе ғой, Ерболым болмаса, бүгін кетіп қалар едім. Ербол-ау, қызыма бекер ұрсыппын. Жиналыстары көп қой, жиналыс бопты, таңертеңгі шайдан кейін нәр татпапты. Енді апасы ұрсады, түк етпейді, енесінің тепкені құлынға дарымайды деген. Құдай бере салған ғой маған. Гүлтас болмаса, Ербол-ау, сені қайдан танымын? Алматыны қайдан көрем? Солай емес пе?

– Дәл солай, апа. Дұрыс айтасыз, – дейді Ербол.

Апам жарықтық келіндерін, күйеу балаларын ылғи мақтап отыратын. “Өз балаң өзекке тепсең де кетпейді. Кісі баласын кісендеп қойсаң да тұрмайды. Қайта бұлар көніп тұрып жатыр ғой”, – дейтін оңашада.

Ағайын араздаспай тұрмайды. Бір жолы сондай жағдай біздің отбасымызда да болды. Сонда апам бар әңгімені ауыз үйде отырып есітіп отырыпты.

Апам айтпақшы ашу тасып, ақыл төгілді.

Жолдасым да, мен де туысымызға өкпеледік. Әрине, болар-болмас нәрсе. Бірақ...

Апам ас үйде қыбыр-қыбыр етіп, бірдеңе жасап жүр.

Апам:

– Бері кел, – деп мені ас үйге шақырды. Бардым.

– Отыр, – деді. Отырдым.

– Гүлтас, ақылың бар ғой, қызым. Ойлан. Бәрін естідім. Ағайынның азары болса да, безері болмайды. Ақ пен қараны бір Алла көріп тұр, балам. Шырағым, саған айтар ақылым, мынау: ағайындылардың арасын ашпа, жақындат. Ағайын деген – ет пен тырнақ. Тырнағыңды етіңнен бөліп көрші. Қатты ауырады. Ол да сондай. Ертең-ақ татуласасыңдар. Бір-біріңе кешірімді болыңдар, одан ештеңелерің кетпейді.

Апамның сөзі жүрегімнің ағып тұрған қанын тоқтатқандай болды. Кешірдім, Ербол да кешірді. Жазда ауылға барарда үйде апам қалады. Онда да: – Қызым, ақылың бар ғой. Сөз қуған бәлеге жолығады. Беттескеннің беті күйсін, жүздескеннің жүзі күйсін деген, керегі жоқ, түк болмағандай ойнап-күліп барып келіндер дейтін.

– Қарақтарым-ау, сендер қонақсындар, бір-бірлеріңе қонақсындар. Тіршілікте сыйласқанға еш нәрсе жетпейді. Қараңдаршы маған, мен бәрінен кішімін ғой. Тіпті, мынау сендердің тілі шықпаған Саяттарыңнан да кішімін. Ол да маған “Апа, жататат, аю жейді”, – деп қорқытады.

Сөйткен апамның сөзі қалды, өзі жоқ. “Шешенді жаныңа байлап өтейін деп пе ең?” – деп, дауыстап айтпаса да, ішінен айтатындар табылады.

Шешемді, асыл апамды жаныма, жүрегіме байлап алдым.

Апа, сен менімен мәңгі біргесің. Бірақ мен мәңгілік емеспін ғой. Сондықтан мен сен жайында айта да берем, жаза да берем.

• Апа, бір қауым ел болдың. Шалың қасында, балаларың қасында, Сырымтайым да сендердің қастарыңда шығар? Бауыржан немерең мен Жәмилә келінің де сонда ғой. Әзірше командаң түгел. Менің командама тиіспеңдер. Қолдарыңнан келсе, сүрінсе сүйеп, құласа тұрғызып жүріңдер. Сендерге үлкен тапсырма – сол.

**Тамшы сөз: Кеуденді сағыныш тербеп жүрсе, шырайланып әдемі болып жүресің, мейірімің тасып тұрады.**

### **Қыз дегенге қимаған қайран елім, қадіріңе жетем бе, енді сенің?..**

Шежіреге «Сайыннан Гүлтас» деп жазыпты, жандарым-ау, жарықтарым-ау, арыстай әкемді жал-құйрықсыз етпейік дедіңдер-ау, Гүлтасы тұрғанда ұлы жоқ деп қалай айтамыз дедіңдер-ау... Әйтеуір дедіңдер ғой... Көзімде жас, көңілімде мұң. Бұл шежіренің күндердің бір күнінде шығатынын жүрегім сезетін, сонда әкем қайтер екен, әттең-ай, дер ме екен, ешкімге көз жасын көрсетпей жылар ма екен, төрт қызымның біреуін ұл ғып неге бермедің деп Аллаға арызын айтар ма екен? Бауырына салып төрт қызынан артық көрмесе, кем көрмеген Сәлігім де шежіреде шын әкесін тауып кетті-ау дер ме екен деп, ешкімге көз жасымды көрсетпей оңашада жылап алушы едім. Алтын әкетайым шежірені көрді, оқыды, «Сайыннан Гүлтас» дегенді оқыды. Қандай сезімде, ойда болды оны білмедім. Өзімде қуаныштан өкініш басым болды. «Әттеген-ай...» дедім. Дедім де, тағы да жылап алдым. Жылағаннан не пайда?

Ертеңіне бір тіл туралы дөңгелек столға шақырған, соған қатыстым да, одан шыққаннан соң аулымды, Күреңбелімді «қыз» дегенге қимаған жақындарымды есіме алып, Алматының көшесін жаяу кезіп, жүріп алдым. Басыма не келіп не кетпеді? Өмірден озғандарды, артта қалғандарды, болашақта аулым қалай болады, Батырбек бабамның да басына Күлтегін бабаның басына қойылған ескерткіш тас сияқты белгі қойсақ-ау. Айналайын, ағайындарым-ау, шежіреге қарандаршы, бөлінетін жайымыз жоқ қой. Сонда ауылға, көшеге Батырбектей датқаның атын беруге неге іштарлық білдіресіңдер? Қайран бауырларым-ай, біз деген Қараша бидің қарлығаштары емеспіз бе? Бәйдібібектің тараған бұтақтары емеспіз бе? Тегімізге тартсақ, тектілік ғана бізге жараспай ма? Қалың ойды арқалап, сұлдерімді сүйретіп үйге келдім. Келсем, әкем үйде екен. Екеуміз шай іштік. Әкеме қарындасы сияқты сөйлеймін ғой, апамның қызы болғаннан соң.

– Сәке, – дедім.

– Иә, – деді әкем.

– Сен өмірінде екі рет өте қатты қылмыс жасадың.

Әкем қылмысы несі деп шошып, қарап қалды.

– Енді қылмыс деп асырып айтып жатқаным ғой, екі қателігің болды. Бірінші – сен оқуға алғыр бола тұрып, жетінші класты жақсы бітіріп, ары қарай оқымағаның. Егер сен оқып, жоғары білім алсаң, бәрі басқаша болар еді. Біздің тағдырымыз да басқаша болар ма еді?

– Енді жағдай солай болды ғой, әкеден ерте айырылдық. Ағай соғыстан жаралы болып, жалғыз аяқпен оралды, оның үстіне жеңгесі, біздің шешемізге үйленді. Содан арба айдадым. Мамам да: «Енді қайтесің, Сайынтай, біреуің колхоздың жұмысын жасаңдар, Сайып оқысын» деді. Әрі балалық болды. Екінші қылмысым не?

— Екінші қылмысың өте үлкен. Саған шешеміз екінші әйел алуға рұқсат берді. «Егер ол әйел ұл тауып берсе, басыма көтерімін» деді. Сен соны жасамадың. Сен бізге бауыр керек екенін ойламадың. Әкем ойланып, үнсіз қалды. Мен де үндемедім. Біраз үнсіздіктен соң: Әкем:

– Өкінетін ешнәрсе жоқ, бұған да тәубә, сендерді бергеніне рақмет. Енді менде бір ғана арман бар. Сырымтайым жазылып кетсе, басқа арманым жоқ. Кейде Аллаға: «Алла, маған өмір бердің, жаман өмір сүрген жоқпын, балалы-шағалы болдым, немере, шөбере сүйдім, енді алсаң да разымын, Алла менің жанымды алып, Сырымтайыма денсаулық берші, ол да балалы-шағалы болсын, қызымды қуандыршы» деп тілеймін деді. Мен шыдап бақтым, жыламауға тырыстым, менің көзімнен жас шықса, әкем екеуміз мұңлық, зарлықтай еңірейік деп отырмыз. Тағы да біраз үнсіздік болды.

Туған жерім, тамырым, тіршілігім, мен саған разымын. Сен менің әкемді осындай нар тұлғалы етіп, өмірге беріпсің, қасиетіңнен айналайын, туған жерім-ау, сен мені де өзгешелеу етіп жаратыпсың. Сол үшін де саған рақмет. Бауырларым-ау, туыстарым-ау, сағынғаным-ай... Сендер барда, сендердің ұрпақтарың бар да, аруақтарымен желеп-жебеп жүрген бабаларымның рухы бар да, менің әкем Сайын жал-құйрықсыз емес.

«Сиқым Борасұлы Есбосын» шежіресін жинақтап жазған Мамыр ағатайым, мен сізді өмірімде көрген емеспін, танымаймын. Сізге көп рақмет. Кітапты көргенде жүрегім лүпілдеп, қуанғанымды жолдасымнан да жасыра алмай, кітапты бабамдай, бауырымдай құшақтадым, бауырыма бастым. Сағыныш шері қозғалды, жыладым, бірақ бұл қуаныштың, тәубәлықтың көз жасы еді. Шежіре жазу өте қиын, «инемен құдық қазған» деген теңеу шежіренің жұмысына дәл келеді. Мамыр аға, Алла ғұмыр берсін, бабалар рухы қолдасын, осы игі істі тастамаңыз. Толықтырып, схема түрінде де берсеңіз де жақсы болар еді. Елдегі Сиқым атаның балалары, бауырларым, Мамыр ағаға көмектесіндер, іштарлық жасамандар. Кейбір қателіктер кетсе, түсінушілікпен қараңыздар. Шежіре жазу өте қиын. Мамыр аға, бабаларымыз туралы материалдарды тапсақ, сізге жіберейік. Алла сізге денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін! Кітап шығару өте қиын да қымбат екенін білеміз, ағайын-туыс бауырлар материалдық жағынан да шамамыз келгенше көмектесеміз.

Қуанышымыз ұзағынан болсын, бауырларым. (2007 жыл)

**Тамшы сөз: Қыз болсам да жүрегімде елімді жылытар от бар еді, айналайын ағайын, кеудемде жаным болса, жылуымды сендерден аямаспын.**

### **Назымды тыңдар жан бар ма?**

Әке, азаматтық тұлға, азаматтық биіктік деп жатамыз ғой. Бірақ ... бірақ дейтін тұстарымыз жетерлік екен. Осы күзде қыркүйектің 28-жұлдызында Таразға, Жуалыға Шерхан Мұртазаның 80 жылдық тойына шақырды, бардым. Назарбаев Университеті атынан атақты жазушыға адресат жаздырып, үлкен бастығымыздың қолын қойғыздым. Тойға шашу деп өлеңімді арнап, конвертке теңгемді салып апардым. Дүрілдеген жақсы той болды. Маған сөз тимесі анық, оған өкпем де жоқ. Жуалыға барғанда, арнайы ресми жиын біткен соң, дастарқан басында Шерхан ағаға университетімнің

аманатын тапсырып, конвертті, өлең жазылған папканы беріп жатқанымда депутат, қазақтың Қуаныш Сұлтановы: «Гүлтас, өлеңіңді оқып бер!» деді. Қуанып қалдым. Өлеңімді оқыдым, Шерхан ағаға ұнады. Шерағаң: «Қарғам мұнда кел, маңдайыңнан сүйейін» деді. Мен столды айналып бара жатқанда, Тараздық журналист бауырымыз мені қаламай: «Ой, енді» деп кейіс білдірді. Үлкен бастықтардың алдында өзіне бір ұпай жасағысы келді. Мен ағаға тапсырып, аға маңдайымнан, жары бетімнен сүйіп разы болды. Мен жаңағы жақтырмаған азаматқа: «Мәке, мен «ой, енді» деген сөзді еститін қазақтың қызы емеспін, бірақ сіздің өреңізге не амал?» дедім де шығып кеттім. Әке, мен сонда еркек болмағанымға өкіндім. Еркек болсам, тұмсығын қанатар едім. Жүрегім жыртылып Астанаға ұшып кеттім. Келген соң бір айдан соң Батырбек датқаға арнаған іс-шараға бардым. Бәрі жақсы болды. Астанаға келген соң Алматыдағы керемет сыйлап жүретін бір жерлес ағайым: «Гүлтас, сендер неге бізді шақырмадыңдар? Сен неге айтпадың?» «Аға, мен де қонақ болып бардым ғой, олардың кімдерді шақырғанын мен қайдан білемін? Олар менімен ақылдасқан жоқ қой» деп жатырмын. «Гүлтас, өткенде Шерағаның тойында тізімде сен жоқ болатынсың, сені айтып, кіргізген менмін» деді. Менің қолымнан телефон түсе берді, көзімнен тоқтамай жас ақты.

Әке, орта мектептік білімің жоқ, сен де ондай сөзді айтпас едің. Шерағаның тойында да қаптаған ер адамдар болды. Еркектердің көптігі сондай құдды соғыста, әскерде жүргендей. Әйелдер өте аз. Алматыдан екі әйел адам, оның бірі – Еңбек Ері Аягүл Төреқызы, тағы бір журналист апай, Астанадан депутат әйел адам және мен. «Біз кереметпіз, әйелдерді, аналарды, қыздарды сыйлаған халықпыз» деп мақтанғанда алдымызға жан салмаймыз. Сыйлағаны осы ма?

Әке, сен тірі болсаң, бұл әңгімені бұдан да қаттырақ айтар едім. Оған күмәнің жоқ шығар. Негізі азаматтарды тәрбиелеу керек. Бұрынырақта «Түркістан» газетіне бір мақалам шыққан еді. Сонда азаматтарға отбастарыңа ие болыңдар деп жазып едім. Тәрбиелеу дегенде жастарды айтып отырмын, үлкендер енді бойбермейді де, әрі, көңіліңе келмесін, барлық ер адам өздерін әйелдерден ақылды санайды ғой. Көп жағдайда керісінше болатынымен істері жоқ. Десек те, «айтарым бар» деп радио да теледидар да айтып қоймайды ғой. Мен де «үмітсіз шайтан» деп, кезегі келгенде жазып, сызып, айтып жүремін.

**Тамшы сөз: Қарыздан қорқам, қарыздан қорқам ағайын, жазым боп кетсем өтей алмаймын ба деп талайын ...**

### **Азаматтарымыз мықты болса, ел азбайды**

Тіреуі мықты қараша үйді дауыл құлатпайды. Азаматтарымыз мықты болса, ел азбайды. Біздің бала кезімізде нағашы атамыз биесін ерттеп мініп, бір күндік жол жүріп, ауылға, біздің үйге келетін. Балалар біздер үшін ол

күн – үлкен мереке. Үлкен кісілер де қауқылдасып, атама келіп сәлем беріп, бір самауыр шайды әңгімелесіп отырып ішетін. «О, бәрекелді, Әбдірахман құда келген екен ғой» деп, біздің ауылдың екі-үш шалы келеді. «Ассалаумағалейкум» деп амандасқандарының өзінде бір-бірлеріне деген құрмет байқалады.

– Балалардың жағдайын біліп кетейін деп келдім, оның үстіне ел жақсылары құдалар сіздермен көрісіп қайтайын деген ой болды, қалайсыздар, бакуатсыздар ма, мал-жан аман ба? – дейді менің нағашы атам.

– Жақсы-ы, - деп, даусын созып, біздің қарттар амандық-есендік сұрайды.

Иықтарында орамал, қолдарында құмған суы бар ағаларымыз үлкен кісілердің қолдарына су құяды, үлкен кісілер батасын береді. Екі сөздерінің бірінде : «құдайға шүкір, тәубе» деп отырып, бір-бірлерінен екі жақтың бар жанұясының амандығын сұрап-біліп, өткенге иман айтып, болғандарының жақсылығына «жақсы болған» екен десіп отырғаны.

Жиендерінің малдарының қомдылығын, жем-шөптерінің жетер-жетпесін, қора-қопсының жай-күйін, тіптім қашаның бүтіндігі мен аула тазалығына дейін қарап, тексеріп шығады. Кешке бәрінің бастары қосылғанда көргенін, байқағанын сабырлы қалпымен, қоңыр үнімен салмақтап айтады.

– Малдарың азбапты, үнемдесеңдер жем-шөптерің де жетіп қалатын сияқты. Ішкі қораларың қойға тар болып тұр. Қозылы қойларды бөлек қамандар, бөлек ас-су беріндер. Қозыларын емізеді ғой, обал болмасын. Күндіз сыртқы қораға қамандар, мал екеш мал да кеңдікті, еркін қозғалғанды жақсы көреді. Қашаларың күзде келгенде қисайып тұр еді, өзіңмен салыстыршы, үнемі еңкейіп тұрған жақсы ма, әлде еңсеңді көтеріп тік тұрғаның жақсы ма? Әкел, балта әкел, шеге әкел, – деп, азамат болған менің әкемді жұмсайды. Әкеміз ол кісінің алдында жас баладай құрақ ұшады. «Болды ата, қазір өзім-ақ, жөндеп тастаймын» деп, атамды үйге кіргізіп жіберіп, атам шыққанша жап-жақсы етіп жөндеп қоятын. Атам тағы жиендеріне: «Сендер соқталдай азаматсыңдар ғой, анау Омаш ақсақалдың отыны (көмірі) далада жатыр, ішке тасып кіргізуге өзінің де, кемпірінің де қауқары жоқ. Ертең күн аязда, жаңбыр, қар жауса, қатып қалады ғой. Қарақтарым, барып тасып тастаңдар, үлкен кісі батасын береді. Сұм соғыс балаларын жұтпаса, олар да сендер құсап арқа-жарқа болып отырар еді», – деп, Омаш атам туралы жақсы-жақсы естелік әңгімелерін айтып береді. Атам асықпай біздің үйде үш-төрт күн жатып, біздің ауылда тұратын өзімен тетелес әпкесінің үйіне барып, ол үйдің де қуанышын көбейтіп, қайтарында үйге соғып, бір самауыр шайын ішіп, қайыр-қош айтысып кететін. Біздер ол кісі ұзап кеткенше артынан қарап тұратын едік. Бұрылысқа барғанда атам артына қарамай-ақ, біздің қарап тұрғанымызды сезіп, қамшысын жоғары бір көтеріп, қоштасатын.

Атам келіп кеткен соң біздің үйдің адамдары басқаша өмір сүретін сияқты болып көрінетін. Атам сонда бәрімізге бір жылылық, ынтымақ-береке сыйлап, жауапкершілік жүктеп кететін. Басқаша дегенім осыған байланысты

сияқты. Осыдан басқа ауылдың адамдарына, жоқ-жітік ағайындарға көмектесуді аманаттап тапсырып кетеді. Апам болсын, анам болсын: «Әнекүнгі аталарыңның сөзін ұмыттыңдар ма, барыңдар көмектесіңдер, отынын тасып, шөбін шауып, жинап беріңдер» деген нақты тапсырмалармен жұмсайды. Сонысымен қоймай, «атаңа, апаңа апарып бер» деп, шайын, жылы-жұмсағын беріп жатады.

Бұл жағдай – тек біздің үйдегі жағдай емес, барлық ауылдың, елдің дәстүрі. Тентегін тезге салып, жетпегенін жеткізіп, бір-бірінің жағдайын білісіп жүргендіктен ауыл іші берекелді болатын. «Көппен бітетін жұмыс» деп, асарлатып қыш құйып, үй соғып, қыз-келіншектер, біздің шешелеріміз ақтап, сылап, бір қазаннан ас ішіп, мәз-мейрам болып жатушы еді. Ол кездегі ер азаматтар салиқалы да салмақты болатын. Олардың мысы басып тұратын. Ауылдың бала-шаға, қатын-қалашы ол кісілердің алдында артық қимыл жасауға қорқып, сындырған нандай сызылып тұрушы еді.

Ал қазір қандаймыз? Ер азаматтардың сол мысы, абыройы қайда? Ел қайда, ер қайда?.. Ел бірлігін, ұрпақтың болашағын ойлай ма? Әй, қайдам? Күні түскенге құрдай жорғалап, «Бәке, Сәке» деп, көпшік қойып, өзінен жасы кіші бастықсымағының алды-артын орап, жалпақтап жату, өтірік марапаттау, «дұрыс, дұрыс айттыңыз, дұрыс істедіңіз» деп, өтірік айту, бәріміздің тегін көріп жүрген концертіміз емес пе? «Құрсын, не болса, ол болсын, өзім жұмысымнан айырылып қалмасам болғаны, бала-шағамды асырап отырмын ғой, мен түзеуім керек пе?» деп, көлеңкесінен қорқып, қарабасының қамын ғана ойлаған азаматтардың басына ел қамын ойлау қайдан сисын? Ал өзі бастық болған адам кешегі өмірін мүлдем ұмытқан, бүгін одан өткен кісі жоқ. Онша-мұнша адамдарды танымай да қалған. Сәлемінді алмай, немесе аузын жыбырлатып қана, көрсе де көрмегендей, саған сәлем берсе, тағынан түсіп қалардай болып қалады. Ал сенің қасыңда лауазымды адам болса, сенің соған жақындығыңды білсе, кешегі амандаспағаны есінде жоқ, ана төреге жағымпаздану үшін сені хан көтеруі оп-оңай. Қайран ағаларым-ай... Сіздер қарабастарыңыздан аспай, жұдырықтай жұтқыншақтарыңызды тойдыра алмай, кішіні менсінбей, қария-дарияларымызға қарамай кеткен соң, қараусыз қалған Қазақ-Үй тозбағанда қайтсін? Ағадан тағылым алмаған ұрпақтың азбағанда несі қалады? Жұмыссыз, мейірімсіз қалған қарындас көшеге шықпағанда қайтеді? Не қалды? Арымызды аздырып, бетімізге шіркеу болып, ата-анасының қасіретіне айналған ұрпақтан ұрпақ көбейе ме? Ол көктей ме? Адам атына лайық өмір сүре ала ма?

Қараңыздаршы, дүние екі жарылып тұр. Ақшасы барлар, ақшасы жоқтар болып. Барларының барлықтан бастары айналып, дүниені қайда шашарларын білмей, түнгі клуб, ойынханаларда «адам салып» ойнайтын дәрежеге жетті. Қыз дегеніңіз қолдан-қолға таратып ойнайтын карта сияқты құралға айналды. Азған ұл, азған қызда ұлт деген ұғым, тіл деген түсінік жоқ.

Ақшасыздар не істеп жүр? Шамасы келгені базарда арба тасып жүр, ептілері ұрлық жасап жүр, епсіздері байлардың қарауылы, есік алдын сыпырушы болып жүр.

Зиялы қауым «сен тимесең мен тиме бадырақ көз» деген принциппен өмір сүріп жатыр. Шолақ белсенді, шаш ал десе бас алатын әпербақан басшы «зиялыларымызды» жерден алып, жерге салып жатса да, басынан сөз асырып, ар-намысына тиіп, жұрт алдында бес жасар балаға ұрысқандай айғайласа да, біздің ағаларымыз жұмған аузын ашпай отыра береді.

Сонда не болдық? Қандай күйге душар болдық? Үлгі етер үлкен қалмаса, ұрпақ не болды?

Елжанды болып, тіл мен ділімізді түгендеп жүрген кейбір азаматтардың сөзі мен ісі Жер шарының екі полюсінде. Мысалы, қазақ тілі, қазақ әдебиеті деп, соның нанын жеп жүрген ағаларымыздың балалары қазақша білмейді, немерелерімен өздері орысша сөйлеседі. Біреудің мінін тауып жатады, өз қылмысы, өз міні тасып-төгіліп жатады. Айта берсең, тауыспайсың.

Аттың басын бұрып отырмасаң, сауырынан анда-санда қамшымен қағып отырмасаң, барар жеріне ат та апармайды ғой, сол сияқты азаматтарымыз елінің тізгінін қолына алып, оңға жол салмаса, елдігімізден айрылып, адасып қалмасымызға кім кепіл? Қарындас қауым ел өздеріңізге қарап отыр.

Ер азаматтар, ел-жұрттарыңыз сіздер өмірге келгенде «қамшыгер келді, батыр келді, елін, жерін қорғайтын жауынгер келді» деп қуанбап па еді? Азаматтар, еліңді иесіз қалдырма? Бейбастыққа жол бермеңіздер, ол үшін өздеріңіз шын үлгі бола біліңіздер. Қоғамдағы тиым салатын нәрселерге алаңдамай тиым салу керек. Көшедегі кіндігін ашып жүрген, темекіні будақтатып, арақты тартынбай ішіп жүрген қыздар аспаннан түскен жоқ, сіздер мен біздердің балаларымыз. Той-жиында жартылай жалаңаш билеп, бөкселерімен ер азаматтардың иығынан соғып, ақша дәметіп тұратын қыздар да бөтен емес. Немерелеріндей жас балалардың омырауын ашып, немесе мықынына ақша салып жатқан ер азаматтардың әрекеттері қандай сұрықсыз, жиіркенішті десеңізші. Қазақ қарамасаң қатын кетеді дейді. Егер сіздер сондай қыздарға қарамасаңыздар, екінші рет олар билеп әуре болмас еді.

Аға-бауырлар, сіздерге ақыл айтып, елге көрінейін деген ой жоқ. Ана болған соң, ұстаз болған соң ұрпақ тағдырын ойламай отыра алмайды екенсің. Ат-атағы бар ағаларымыз, бауырларымыз баспасөз бетінде бетжыртысып жатқанда, қасиетімізді, ұлық аналарымызды қаралап жатқанда, «тозған қазды топтанған қарға жейтінін» сезгенде қара жер қара қайғыны көтере алмай қалар ма екен деп ойлайсың.

Жер көлемі жағынан әлемнің тоғызыншы орнында тұрған Қазақстанның әлеуметтік те, әлеуеттік те, демографиялық та мұңы жеткілікті. Оны шеттен келгендер, немесе өзге тарихи отаны барлар көктетпейді де, көгертпейді де. Бабаларымыз: «өзім дегенде өгіз қара күшім бар» демеп пе еді? Өзіміз істер шаруаларымыз көп, ендеше есімізді жыйып, елге бетімізді бұрайық.

Адамзат жанының рухани қамқоршысы, ұлы жазушы Шыңғыс Айтматовтың мына бір сөзін оқып, үзіндісін өзгертпей беріп отырмын. «Он

үш миллионнан астам халқы бар Токио қаласы осыдан он шақты жыл бұрын ауаның ластануынан аса зор қиыншылыққа тап болғаны есімде. Қала үйлерінің тығыз орналасқандығы, өндіріс, кәсіпорын мекемелерінің, зауыттар мен фабрикалардың есепсіз көптігі, автомобиль, автобустардың легі күндіз-түні бір тыншымай, тоқтаусыз ағылатыны ұлы мәдениет пен озық технологияның алып орталығын мүсәпір халге душар еткен. Тіпті тұрғындарының біразы кеуде керіп еркін тыныс ала алмай, таза ауа толтырылған маска киюге мәжбүр болған. Туабітті еңбекқор жапондықтар бұл азапты тірліктен қалай құтылды дейсің ғой? Ең алдымен астана мәрінің орнына конкурс жариялаған. Негізгі шарты: «кім ауаны жедел тазалайтын озық жоба ұсынса, сол қала әкімі болсын» деген. Сонымен сан мыңдаған талапкер арасынан суырылып, ғылыми сарапта жеңіп шыққан азамат билік басына келеді. Ол өзінің берген уәдесіне сәйкес Токионы алты айдың ішінде әлемдегі ең таза қалалардың қатарына қосқан. Осындай қатаң бәсекеде іріктелген жаңашыл да жігерлі басшы өркениеттің орталығына айналған қай қалаға да артықтық етпес еді».

Сондай иесін күтіп тұрғандүнгі, улы газдарға тұншыққан қала, далалар біздерде де бар емес пе?

Сөзіміздің басын нағашы атамның әрекетінен бастап едім, соған қайта оралайын. Азаматтар – елдің тірегі, қорғаушысы, қалқаны. Олар түзелмей ел түзелмейді. «Елім» деп шын мейірленетін азаматтар ел тауқыметін шешпейінше, ел-жер көктемейді. Жер бетінің байлығы мал да емес, дүние де емес, Адам. Бір-бірлеріміздің қадірімізді біліп, бауыр жүрекпен, бауыр тілекпен, сәлемді түзу беріп, түзу алып жүргенге не жетеді. Қаумалаған қарапайым бауырларыңды, олардың дариядай дархан көңілін түкке тұрмайтын, кеудесі бос кеуек бөтендерге айырбастамасаңыздар етті. Басыңа күн туып, балтырың сыздаса, теріс қарамайтын, өкпеге қиса да, өлімге қимайтын сол ағайының болады.

Бұрынғы ата жолын бәріңіз көргенсіздер, менің нағашы атамдай кемеңгерлер бәріңізде болды. Ол кісілердің салып берген жолына, елдік, бірлік жолына қайта түсейік, адассақ, қайта айналып табайық. «Сәлем бергелі келдім, қарғам, елден шыққан азаматтың бірісің ғой, атбасын әдейі бұрып келдім десе, «аға, ініңізбін ғой, қарындасыңызбын ғой, пәленшенің баласымын ғой» деп келсе, кісі болмай кіші болыңыздар.

Қалада жүрген зиялы қауым, бәріміздің шыққан жеріміз – Ауыл-Кіндік бар. Ол – біздің тамырымыз. Тамырымыз құраса, жапырағымыз солып, күндердің күнінде бәйтерек боп аспан тіреп тұрған өзіңіздің құламасыңызға кім кепіл?

Ауылдың суы тартылса, жаныңның ағзасы кеппей ме? Ауылға тіршілік көзін, рухани жан азығын сыйлайық. Ел азаматтары жиналып, ақылдасып, бірлесе көмек көрсетейік, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген еді ғой бабаларымыз.

Ел азаматтары, қоғамда өріс алып бара жатқан, сүйегімізге таңба салатын, дәстүрімізге жат жастардың азғындауына шара қолданып, тыйым

салу керек. Тәрбие мәселесін шындап ел болып қолға алуымыз керек. Ертең бәрі кеш болады.

Елдегі ағайын-жұрт, сіздер де бұрынғы ата-баба дәстүрін қалпына келтіріп, үдере ауылды тастап көшпей, барды ұқсатып, жоқты жасап, балаларыңызға туған жердің қадір-қасиетін ұқтырып, Абай дананың: «Өзіңе сен өзінді алып шығар, еңбегің мен білімің екі жақтап» деген өсиетімен тірлік етсеңіздер екен. Ауыл-қазынамыз сақталса екен деген тілек қой.

Қайдан шыққан данагөй деменіздер, мен де елдің баласымын. Халқымды, туғандарымды, аулымды жанымдай жақсы көремін.

**Қамшы сөздер: Ауыл жетім баланың күйінде тұр. Қайырымды болсаң ауылға бол!**

### **Бізге ар-намыстың жарнамасы керек** (Қазақ Радиосынан сөйлеген сөзім)

Туған жер, Жер –Ананың қадірін білген ағаларымыз: «О, дариға, алтын бесік, туған жер, қадіріңді келсем білмей, кеше гөр» (Қасым Аманжолов) деп кешірім сұраған екен. Біз қашан туған жерден, Жер-Анадан кешірім сұраймыз, ағайын? Біз осы тағыға айналып бара жатқан жоқпыз ба? Айналаға көз салыңыздаршы, қасиетті Алматы жерінің белі қайысып, көше толы көлікті көтере алмай тұрғаны өз алдына, улы газбен тұншығып тұрғаны өз алдына, адамдардың өз қолдарымен жасалған қиянаттан ару қаланың сиқы қашып тұрған жоқ па?

«Алматы – ару қала» деп тегін айтылмаған еді ғой. Ұлылардың ізі қалған, көзі қалған, рухани әлеміміздің кіндігі болған Алматы ... Ағайын, Жер-Ана, қасиетті Алматы қаласы, бізбен бірге өмір сүріп, біз ол дүниеге аттанғанда, бізбен бірге о дүниеге кетпейді. Ол біздің ұрпақтарымызға қалмай ма? Көк тіреген зәулім үйлер, өз қолдарыңыздан, ізгі армандарыңыздан дүниеге келген асыл мұралар ұрпақтарымызға қалмаса, өмірде мән бола ма? Көптің шашқанын аз жинай алмайды. Жинау үшін дүние екіге бөлініп, әр наданның қасында, қолында сыпырғышы бар мәдениетті адам жүру керек. Сонда ғана жүрген жеріміз таза болуы мүмкін.

Ала жаздай Алматының жасы да, жасамысы да мейірленіп «кел-кел» деп шақырып тұрған Алатаудың бауырына барып демалады. Алатаудың аң-құстары (біз санасыз, тілі жоқ деп санайтын) жүрген жерін жапырып, ластап кеткенін көрген жоқпыз, ал «саналы, мәдениетті» адамдардан кейінгі демалыс орындарын көрсеңіз, әй, ұяттан бетіміз ду ететіні өтірік емес.

Кеше кешкісін жұмыстан қайтарда аялдамада тұрмын, екі-екіден бес-алты жігіттер тұр. Он минөттей тұрдым-ау деймін, әрқайсысы жерге үш-төрт реттен түкірді. Жиіркеніп те, ренжіп те тұрдым, үндемедім. Аузымды ашсам, өзімді балағаттайытынын сездім. Олар ғана емес, адамдардың көбі солай етеді. Қоқысты жолға тастау, өз үйлерінің қасындағы бос жатқан жер болса,

соған әкеліп тастау деген заңдылық сияқты. Ұялмайды, балалар сол жерде ойнап жүреді, олар ауру табуы мүмкін.

Жоқ. Санаға тәрбие болу керек. Азан шақырғандай радиодан, теледидардан, көліктің радиосынан қайта-қайта айта беру керек. Көшеге арақтың жарнамасын іле бергенше, ар-намыстың жарнамасын ілу керек. Аялдамаларға да екі тілде: «Жерге түкіргенің – Жер ананың бетіне түкіргенің. Анаңның бетіне біреулер түкірсе, қалай болар еді? Бізге өмір сыйлаған, асырап-баққан Жер ананың қарғысына қалмайық, таза ұстап, алғысын алайық» т.б деген сияқты сөздерді жазып, көп жерге іліп тастау керек. Қоқыс тастап жатқандарды камераға түсіріп, теледидардан қайта-қайта көрсету қажет. Ұялсын, өзгелерге сабақ болсын. Енді әрекетсіз отыруға болмайды.

Кемал Ататүрік: «Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл қимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын білгеніміз дұрыс» деген екен. Ұлт дейтін де, ұлтым дейтіндер де өз туған жерін, тұрған жерін, суы мен нанын қадірлей алатындардан ғана шығады. Кемал Ататүріктің айтқан қимыл-әрекеттің бірі – Жер ананы ластамау, қоқыс сарайына айналдырмау. Осындай кішкентай нәрседен бастап көрейікші, содан үлкенге жету оңай болар.

Әке, менің радиодан сөйлеген сөздерімді тыңдап, теледидардан сөйлегенімді, Елбасымен кездесіп сөйлегенімді де көрдің ғой. Жан әкем-ау, дұрыс деп алып: «Рас қой, қызым сен дұрыс айттың. Көшеге қоқыс лақтырып жатқандарды көрсем, ұстап алып, ұялтамын. «Сен үйіңде осыны жасайсың ба? Мынау – Жер, адамдардың ортақ үйі. Біз бәріміз оны таза ұстауымыз керек» деп айтамын.

**Тамшы сөз: Отырған орныңды, жүрген жеріңді таза ұстасаң, Жаратушымыздың саған берер ырызығы да таза болады.**

### **Біз – ұлы даланың ұландары, текті ата-бабаның көзіміз**

(Бұл жанайғай Мақпал Жүнісованың ән кешінен келе салғанда жазылды)

Әке, осы концертке сені мен анамды шақырып едім. Сен: «қызым, шешенді Күлсін (шын аты Гүлсім болу керек, бірақ анам Күлсін дейді) подружкасымен апар. Менің жұмыстарым бар» деп, бармай қойған болатынсың. Жап-жақсы концерттің аяғында «Аққу-Гәкку» дегендер шығып, ысқырды ма керек, құда мен құдағидың арасындағы жабайы, жан түршігерлік сөздерді айтып, жүрегімді айнытты. Олардың сөздерін ары қарай тыңдай берсем, өзімді сыйламайтын болдым да, шешемді және Гүлсім апайды ертіп шығып кеттім.

Қымбатты ағайын, бабаларымыздан қалған асыл мұраның ең құндысы – ұрпақ, яғни сіздер мен біздер. Содан кейін басқалары: сөз, саз, сана, даналық.

Ұрпақты аздырмау, тектілік қасиетін жоғалтпай, ұлтын ұмыттырмай, ана тілінде сөйлету – қағазға жазылмаған, қанмен (генмен) жүрекке жазылып, арымызға аманат етілген бабалар тапсырмасы. Мұхаммед ғ.с.с. пайғамбарымыз: «Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы да жоқ» деген екен. Имансыздар әлемін жасауға баршамыз күш салып жатқан жоқпыз ба? БАҚ құралдары бар, күлдіргі әпер-бақан «тамашалар» имансыздықты дәріптеп, арзан сөз, арзан күлкіге бірінші өздері, екінші жұртты мәз қылдық деп мәз. Соншама масқараны құлағың естігенде, керең адам бақытты екен-ау деп, сұмдық көріністі көзің көргенде, көрмегендер не деген бақытты еді деп ойлайсың. 9-мамыр күні Мақпал Жүнісованың Республика сарайындағы концертінде болдық. Мақпал халықтың тірі әнге сусаған шөлін қандырып, әдемі ән кешін сыйлады. Кеш соңына таман «Аққу-Гәккудің» «екі құдағиы» айтысып сахнаға шығып, адалдықты арамдады, сұлулықты ластады, ұят әрекет жасады (қимыл, дауыс, сөздің мағынасы, одан қала берсе, төбелес түрі мен қолды ауызға салып ысқыру т.б.). Кірерге жер таппадық, шығарға есікті әрең тауып, қаша жөнелдік. Өнер кешіне сондай әдепсіз көріністі неге шығарды? Ол күн, 9-мамыр қасиетті күн емес пе? Батыр бабаларымызды еске алатын, рухын аңсап сағынатын, атын атап, құран бағыштайтын күнде сондай әдепсіздікпен жиналған үш мың халықтың алдына шығуға қалай ұялмадыңыздар? Бұл қазақ әйелдерін қорлау, жала жабу, масқара ету деп білеміз. Ата-дәстүрімізді қорлау. Қазақта құда-құдағидың арасында баяғыдан сыйластық қарым-қатынас болған. «Екі жасты құдай қосады». «Құдаңды Құдайындай сыйла». «Барған жеріңе тастай батып, судай сің», «Күйеу баланы пайғамбар да сыйлаған, төрге шығарған» деген ұлағатты сөздер, сол сыйластықтың белгісі емес пе? Әйел баласының аузынан соншама жаман сөздің шығатынын, әртістер-ау, сіздер қай өмірден көрдіңіздер? Сіздер бейнелеген әйелдер, аналар болса, оларды кім сыйлайды; кім олардан өнеге алады?

Мұндай арсыздыққа қалай төзуге болады? Қазақтың әйелдері ұрысқақ, ұятсыз, т.б. дегендерге көне береміз бе? Сахнаға шығып алып, ері бар, әйелі бар, сүйкімсіз дауыстармен ұлтты мазақ етіп, тұрпайы көріністерді көрсетуі ешқандай өнер емес. Сіздер қаншама жастарға теріс тәрбие беріп жатқандарыңызды білесіздер ме? Онсыз да теледидар арқылы, интернет арқылы жауыздық пен ұятсыздықты көздермен көріп, жандарын улап жүрген ұрпақты, енді аз болғандай, өзіміз аздырып жатырмыз.

Жоқ, ағайын, тоқтату керек. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, есіміз кіріп, етек-басымызды жинап, жоғалтқан құндылықтарымызды түгендейтін кезде азып-тозып бара жатқанымыз жарамайды.

Ұрпақтың болашағын ойлаңыздар. Жастарға өнеге көрсетер сіздер мен біздер азбайық. Ұрпақтың қарғысына қалмайық. Олар көргенін жасайды, естігенін айтады. Жақында Алматы қаласындағы бір автобусқа отырып, жұмысқа бардым. Көлік жүргізуші мен оның танысы екеуі қатты дауыстап әңгімелесіп келеді. Әңгімелерінің ішінде қаншама рет орысша, қазақша былапыт сөздер кетті (шеше... деген, т.б.). Есітіп отыра беру мүмкін болмады

да, мен ескерту жасадым. «Жарайды, енді боқтау сөз қоспаймыз» деді де, бір кезде қайта бастады, тіпті олар өздерінің сөздерінің арасына жаман сөзді қосып тұрғанын байқамайды да. Автобустың ішіндегі адамдар ескерету жасап, сөйлеп жатыр. Тындар емес. Біраз уақыт өткен соң: «жол бойы жолаушылар екеуінің айтқан өсектеріңді, ұятсыз сөздеріңді есітіп келдік» дедім. Енді екеуі бірдей маған сөйледі: «Сіз арласпаңыз, жайыңызға отырыңыз. Сіз қант диабетпен ауырасыз ғой деймін, Сіздің нервiңiз ауру». Не деген көргенсiздiк. Ендi мен үндемедiм. Өзiмдi аядым. Ұстаз болғаным үшін, ана болғаным үшін... Тiптiм жүргiзушi жiгiт сөз арасында өзiнiң анасы мұғалiм екенiн де айтты. Егер бiз осындай ұрпақ тәрбиелеп жатсақ?.. Жұмысыма жетпей түсiп, жаяу келе жатыр едiм, әңгiмелесiп үш азамат алдымда барады екен. Мен асығып, олардан озып кеттiм. Бiр-бiрiне жай әңгiме айтып келе жатқан үшеуiнiң бiреуi «шешеннен» тағы жiбердi. Қарқылдап маз болып келедi. Тоқтай қалып, жалт қарадым. Егер менiң қолымда қару болса, сол жерде мерт ететiндей қарадым. Үшеуi де тоқтай қалды. «Не болды? Неге осыншама азыңдар? Шеше боқтаудан басқа өнерлерiң қалмаған ба?» дедiм. Бiреуi кешiрiм сұрады. Ал боқтап сөйлеген жiгiт: «Бiздi осылай тәрбиелеген» дедi. «Кiм? Шешен менi боқта деп тәрбие бердi ме? Әлде әкең солай үйреттi ме?» Жұмысыма келген соң да өзiме өзiм келе алмай көп отырдым. Менiң бұл әрекетiме: «Неңiз бар? Сiз көптi тәрбиелей алмайсыз ғой» дегендер де болар. Бiрақ үнсiз қалуға болмайды. Бiздiң кейбiр азаматтардың баланың тiлiн қызық көрiп, боқтауға үйрететiнi де өтiрiк емес, өздерi екi сөзiнiң бiрiнде боқтық сөз айтса, соны естiп-көрген бала соны жасамағанда қайтушi едi? Әсiресе, оңтүстiктегi бауырлар, сiздерге қатысты. Отбасында ата-аналар, балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарының ұстаздары, тәрбиешiлерi, сiздерге өтiнiш: балалардың жаман сөз сөйлеуiне тыйым салыңыздар. «Бiр құмалақ бiр қарын майды шiрiтедi» дегендей, оңтүстiктiң қаншама жақсы дәстүрiн, қонақжайлылығын, дархандығын, кiсiлiгiн осындай бiр келеңсiз көрiнiстер жойып жiбередi.

Балаларды адалдыққа, арлылыққа, алғырлыққа тәрбиелейтiн құрал – арзан күлкi емес, арзан сөз емес, мәндi де ойлы сөз, әрекет.

Әдемі қалжыңдар болады. Ешкiмнiң жанын жараламайтын, ұлтқа ұят келтiрмейтiн. Күлгенде адалдығынан азап шегетiндерге, аңқаулығынан күйiп жүретiндерге, аңдымай сөйлеп, ауырмай өлетiндерге, т.б. күлуге болады. Сондай жағдайларды сахналаңыздар.

Мектептiң өзiнде балаларды әдемі қалжыңға тәрбиелеуге болады. Ойлы, тұшымды қалжың ешуақытта керi тәрбие бермей, керiсiнше қателiк жасамауға, аңқау, аузы ашық болмауға тәрбиелейдi. Орыстардың «Ералашы» сияқты.

Қаншама халық сусап барған ән-кештерiне орынсыз, жабайы тiптiм тұрпайы қажыңдарды, ойындарды жолатпаған дұрыс. Адамға ренiш сыйлайтын ондай дарақы сөздер мен әрекеттер – халқымыздың бүгiнiнiң қара бояуы, ертеңiнiң қайғысы.

Біз ұлы даланың ұландары, текті ата-бабаның көзіміз. Ана сыйлаған, қыз сыйлаған дәстүріміз бар. Сөздің қадірін білетін қасиетті елміз. Айналайын, бауырларым, досқа күлкі, дұшпанға таба болмай, ел мен жерге ие болатын саналы ұрпақты тәрбиелеп қалдырайық. Кезінде ата-бабаларымыз Күннің күркірегенінен қорқады екен, қазір Күн ғана емес, ғалам күркіреп тұр емес пе? Жаһанданудан, ұлт ретінде жойылып кетуден басталатын қауіп адымдап емес, аршындап басып келеді. Тілінен безу де, дінінен безу де етек алып барады. Сондай қауіп тұрғанда қамсыз отырғанымыз болмас. Тым құрғанда ішкі рухымызды бекітіп, ұрпақты ұлтжанды етіп, ибалы етіп тәрбиелейік дегім келеді. Ол үшін үлкендер өзіміз үлгі, өнеге бола білейік.

**Қамшы сөз: Әдепсіз, аузынан жаман сөздер ғана шығатын адамдар қандай жиіркенішті. Қасында тұру мүмкін емес.**

### **Ел аман болса екен!**

Әке, тіршілікті өтпестей өмір сүру ақымақтық екен. Шындығында бәрі көзді ашып жұмғанша болады. 2012 жыл да, осы 2013 жылдың басы да елімізге қиындау болып тұр. Өткен жылдың соңында Астандан Шымкентке ұшып бара жатқан самолет Шымкент әуежайына 5 шақырым жетпей, жерге құлады. Ішінде 27 адам болды. Барлығы көз жұмды. Бір азамат әйелімен бірге қаза тапты. 29 қаңтар 2013 жылы Көшетаудан Алматыға ұшып бара жатқан самолет те Алматыға 5 шақырым жерде құлады, 21 адам қаза тапты.

Әке, бұдан өткен ауыр қайғы бола ма? Еңсемді тіктеп көтере алмай қалдым. Әбден жыладым, Алладан адамдар үшін кешірім сұрадым. «Аллам-ау, кешіре көрші. Егер қаһарыңды жаудырғың келсе, адам болып адамның ісін істемей жүрген жауыздарға қаһарың жаусыншы. Адал жандарды, сәбилерді сақтай гөрші» деп жалындым. Жыладым, әке. Міне, қазір де жылап отырмын. Жандарым-ау, қандай күйде болдыңдар екен? Ең соңғы рет не деп айғайладыңдар? Айналайын, ағайындар-ау, бұл біздерге үлкен ескерту ғой. Әрбіріміз Алладан кешірім сұрайық. Малымызды Алланың жолына құрбандық етейік, бір-бірімізге кешірімді бола білейік. Ата-бабаларымыздың рухтары қиналмайтындай тірі жүрген ұрпақтары жақсы, ізгі амалдарды жасайық. Сонда Алланың мейірімі сөз жоқ түседі. Біз аз ғана халықпыз ғой. Сол үшін бір-бірімізді жақсы көріп, бір-бірімізді қорғап, сақтап үйренуіміз керек. Боранда, т.б. жағдайларда қалған мүсәпір жандарға көмек беру, үйлеріне алып келіп, тамақтандыру, т.б. көмек түрлері тегін болуы қажет. Біреулердің бақытсыздығынан пайда табу – азғындық. Ел басына қиын жағдай болғанда, жолаушы жолда қалғанда оны басқа біреу емес, өзім, өзімнің ұлым-қызым деп қарызсыз көмек көрсету керек. Бұл – адамшылықтың да, Алланың да жолы. Бұның сауабы өте үлкен. Осы қағиданы әр адам жасауға міндетті және өз ұрпақтарының санасына құя беру керек. 2011 жылы 11 наурызда Жапонияда үлкен зілзала болған кезде халық өздерін қандай мәдениетті, салиқалы ұстады. Тонау, ұрлау деген нәрсе

атымен болған жоқ. 10 литрлік канистрлерін ұстап, жанармай алу кезегінде тұрғанда, бір адам кезексіз өтпейді, үлкендері тамақтарын жырып, кішкентай елдің балаларына беріп жатты. Үйренетін тұстарымыз өте көп. Біздің ата-бабаларымыз да текті болған. Соны ұмытпауымыз керек.

**Тамшы сөз: Ел деген ана ғой, әр адам анасына жақсылық жасап үйренсе, еліне де жақсылық жасай алады.**

Бүгінде жарнама қуатты күшке айналды. Әсіресе көшелерге, көліктің ішіне ілінген жарнамалардың пайдасы мол екен. Көліктің ішінде келе жатқан жолаушының қолы да бос, басы да бос. Ол оқыған мәтін туралы ойлайды, іштей мақұлдауы не келіспеуі мүмкін. Бірақ ойланады. Осыдан бес-алты жыл бұрын Алматы көшелерінде Ана тілі туралы, мінез-құлық туралы ғұламалардың сөздері ілініп тұрды. Жұрт оқыды. Өзіміз де оқып ой түйдік. Күнде сол сөздерге көзіміз түсіп, тіпті жаттап алдық. Өзіміздің сөзімізде қолданатын болдық. Тіптім жастардан да соны байқадық. Мен өзім Қазақстан-Британ техникалық университетінде оқытушы болатынмын. Сабақ кезінде, шығарма жазғанда студенттерім де сол көшедігі жарнамалардан мысалдар келтіретін болды. Содан мынадай ой түйдім. Жақында елге бардым, үлкен қара жолдың бойына, ауыл көшелеріне, қала аралық, ауданнан ауылға баратын көліктің ішіне тәрбиелік мәні бар сөздерді жазып, іліп қою керек, әр отбасында, мектепте, ұжымда адамгершілік-ізгілік туралы әңгімелер болу керек екен деп ойладым.

Осы ой мазалап, көшелерге жарнама тақталарға жазып, ілуге болады-ау деген сөздерді кітаптарды ақтарып теріп жаза бастадым. Келешекте тақырып-тақырып бойынша жарнама тақталарға жазылатын сөздерді баспасөз беттерінде жариялап, не болмаса әкімшілікке жазып беріп отыру керек шығар деп те ойлаймын.

Ұрпағымыздың тәрбиесіне алаңдамасақ болмайды, ағайын.

**Әбу Насыр әл-Фарабидің сөздері:**

*Халықты бақытқа жеткізу үшін өзара көмектесіп отырған қоғам ізгі қоғам болады.*

*Мінезі түзу шәкірттерге білім ешбір қиындықсыз қонады, оларды оқытып, тәрбиелеуге еш уақытта жсалықпау керек.*

*Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан да ол өз бақытын өзі жасауы тиіс.*

*Бізге тамаша көркемдік, пәк тазалық тән болғанда ғана біз бақытқа жетеміз.*

*Адамның бақытты болуы тікелей мінез-құлқына байланысты*

## **Жүсіп Баласағұн сөздері:**

*Сөз сұраса – айтқын сөздің шындығын,  
Жарлық берсе – қаз-қалпында тындырғын.*

\*\*\*

*Ішпе ішімдік, жүрме бекер, тасыма,  
Қаш, жолама жарамсыз іс қасына.*

\*\*\*

*Лауазымға жақындатсаң наданды,  
Бүлдірер де, бегіне ашар аранды.*

\*\*\*

*Келістіріп айтыпты әкім ақылды:  
«Тексіз жанға берме ісің мен асыңды!»*

\*\*\*

*Тексіз жанды дәрежелеп, сенбегін.*

\*\*\*

*Ақылсыздар білім сорын қайнатар,  
Білімсіздер халықты кеп жайратар.*

\*\*\*

*Білімсізді биіктетсе, өзі егер,  
Бек жазықты, бекке күдік көбейер.*

\*\*\*

*Ұлықтыққа жетсе егер надандар,  
Иесінің басын жұтар, қараңдар.*

\*\*\*

*Бектер қанша жақын тұтсын, құнықпа,  
Түзу жүргін, өзіңді әсте ұмытпа.*

\*\*\*

*Ашу қысқан бекке жақын бармағын,  
Бардың екен – бір бәлеге қалғаның.*

\*\*\*

*Сұраса – айт, шақырса – кір барып,  
Сау- саламат, қадірлесіп тұр бағып.*

\*\*\*

*Сөз көп. Білсең – таза естімей қоя сал,  
Көзің көрсе, көрмегенге сая сал.*

\*\*\*

*Үш нәрседен алыс жүр, сақ, байқағын,  
Бірі – қатты, қырсық болма, айтарым.  
Бірі - жалған, сұғанақтық – үшінші,  
Үшеуінің түбі қорлық, түсінші.*

\*\*\*

*Кісі сөгіп, ұсақ сөзге берілме,  
Тура сөйле, сөзді терме, тегінде!*

\*\*\*

*Адал болғын, біл, адалдық – киелі,  
Бектер – адал, адалдықты сүйеді!*

\*\*\*

*Отырғанда өз орныңды білгейсің,  
Кішік болып, жұртты көзге ілгейсің.*

\*\*\*

*Жөткірінбе, қақырынып, түкірме,  
Надандық бұл, қадіріңді түсірме.*

\*\*\*

*Өзіңнен де зорлар сөзін қозғаса,  
Құлағың сал, сөйлеп әуре болма аса.*

\*\*\*

*Түзу сөйле, жүзің жарық болады,  
Ізгілікке ашылсын сөз орамы.*

\*\*\*

*Ұста өзіңді, ішіп кірме сарайға,  
Мастық – настық, қор боласың қалайда.*

\*\*\*

*Егер өзің төрде отырсаң жайланып,  
Кісі кірсе, тұр ізетке сайланып.*

\*\*\*

*Тоқ болсаң да, бектің асын қайтарма,  
Бектің асы – ізет басы, найқалма.*

\*\*\*

*Не сітесең де пейіліңді қасыңа ал,  
Жаныңды сал, сонда көзің ашылар.*

\*\*\*

*Егер бектік тисе, өсіп беделің,  
Білікпенен ісіңді атқар, ей, ерім!*

\*\*\*

*Уәзірлік тисе, қолың ұзарып,  
Саясатты түзу, таза жүр алып.*

\*\*\*

*Кеңесшілік тисе, кеңес ақыл тос,  
Жаңылса бек, жол көрсетіп, ақыл қос.*

\*\*\*

*Қазынаға қазынашы қылып жіберсе,  
Тура, шыншыл жүріп, оны үнемде.*

\*\*\*

*Хатшылыққа алса, сақ бол бұдан да,  
Құпия, сырды сақтап, сөзді шығарма!*

\*\*\*

*Тілесей сен дәйім құрмет өзіңе,  
Құрметте елді, қара кісі көңіліне.*

\*\*\*

*Ұлықтарды ұлы көріп, қадірле,  
Ұлы берер бақыт, ырыс, бәрін де.*

\*\*\*

*Не депті қарт, көпті көрген басы бар,  
Қария сөзін естісең – көз ашылар.*

\*\*\*

*Жаһан заңы – құрмет тұту үлкенге,  
Үлкен келсе, тік тұрып күт, іркілме!*

\*\*\*

*Бектер сені жақын тұтса қаншалық,  
Қызметшілермен жақындау бол соншалық!*

\*\*\*

*Білмей жатып ерді өзіңе жау қылма,  
Шаттық болмас, жауы бардың алдында.*

\*\*\*\*

*Дұшпанның аз болса да, бар залалы,  
Дұшпан әркез дұшпан болып қалады.*

\*\*\*

*Құрбы – досты туысқандай елегін,  
Тең-тұстасың, қатарың һәм сенерің.*

\*\*\*

*Ес көрме, аулақ жүр ессіздің маңынан,  
Ессіз доспен адам жолдан жаңылар.*

\*\*\*

*Қалам десең сақтап ізгі атыңды,  
Жаманнан без, бол жинақы, қатулы.*

\*\*\*

*Достассаңдар Тәңірді алып ортаға,  
Жүгін бөліс, ашуланба, шаршама.*

\*\*\*

*Дүниеқоңыз, пайдакөске жолама,  
Шүбәсіз, ол – жауың, жау дос бола ма?..*

*\*\*\**

*Дүниеқоңыз шетін көрсе пайданың,  
Сенен кетпес «көке», «әке» деп, айналып.*

*\*\*\**

*Дос, туыс сол қуанышта қуанар,  
Қайғы келсе, қасыңда боп уатар.*

*\*\*\**

*Сүйсін десең көп достарың өзіңді,  
Тұз-нан ұсын, жарқын ұста жүзіңді.*

*\*\*\**

*Ісіңді атқар, көбейтпе жау-қасыңды,  
Жаулық қуып дауға салма басыңды.*

*\*\*\**

*Білімді адам ізгі білім беріпті,  
Білікті ұқса, зұмырына серікті.*

*\*\*\**

*Талай көрдім ізгі, атақты жандарды,  
Жамандармен жаманатқа қалғанды.*

*\*\*\**

*Кімге шаттық келсе, бірге қуан сен,  
Кімге қайғы төнсе, бірге жұбан сен.*

*\*\*\**

*Жау көбейтпе, аш қабақты, уысты,  
Көбейт, жина қаншама дос, туысты.*

*\*\*\**

*Дос жау болса, қас қылады жаныңа,  
Көзін тігер жиган, терген малыңа.*

*\*\*\**

*Десең өзің қадір-құрмет табайын,  
Кісілерді қадірлей біл, ағайын.*

*\*\*\**

*Білгің келсе кісі әсілін анықтап,  
Көңіл, қылық, тіл – бұл істі танытпақ.*

*\*\*\**

*Көңіл сырын аша берме тектен-тек,  
Ашсаң егер, шегерсің сен тек бейнет.*

*\*\*\**

*Қайда дәулет бас көтерсе, ей ізгі ер,  
Болысқын сен қолдап оны пейілмен.*

*\*\*\**

*Тілесей сен сөздің өткір, ашығын,*

*Сұрағанда турасын айт, асылын.*

\*\*\*

*Шақпа жұртты, сөз болмасын ермегің,  
Кек сақтама, ұсақ сөзді термегің.*

\*\*\*

*Ұлығыңды қадірле де, құрмет тұт,  
Ұлықтық та келер саған қонып құт.*

\*\*\*

*Күллі ізгіге арна ізгілік жолыңды,  
Жамандыққа жамандық қыл, орынды.*

\*\*\*

*Тілді қысқарт өз бегіңе келгенде,  
Қисық-қыңыр айтпа жауап бергенде.*

\*\*\*

*Көп сөйлеме, тілді бағып, аралас,  
Көп сөйлеген сөзде қадір қалар аз.*

\*\*\*

*Білімсізді жіберме тым жақынға,  
Қылмағанды қылар жүріп қасыңда.*

\*\*\*

*Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі,  
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі.*

\*\*\*

*Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,  
Қос жалғанды нәсіп көріп, күлімдер.*

\*\*\*

*Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,  
Ол өнермен дүние табар түбінде.*

\*\*\*

*Ұлыңды бақ, бекерге бос жүрмесін,  
Бейбастық боп кетер бекер жүргесін.*

\*\*\*

*Қызыңды үйде бексіз ұзақ ұстама,  
Ауырмай-ақ өлерсің сен құсадан.*

\*\*\*

*Үлкен жолға жақын салма үйіңді,  
Қатер-қауіп кетіреді күйіңді.*

\*\*\*

*Қоңсы болма бек өзенге тасыған,  
Алыстау жүр, ұқсаң, қамал қасынан.*

\*\*\*

*Үй іздесең көрші жайын сынарсың,  
Жер іздесең – судың жайын сұрарсың.*

\*\*\*

*Қайғы келмес – сөзді ойлап сөйлесең,  
Өкінбессің күнді зая бермесең.*

\*\*\*

*Асқақтама – бір тосқауыл табарсың,  
Сараң болма сөгіс алып қаларсың.*

\*\*\*

*Кісілікке кісілік еткен – ер кісі.*

\*\*\*

*Пайдалы ер – кісілердің данасы,  
Қайырымды ер – ол елінің сарасы.*

\*\*\*

*Тілектесе – жақын болар алысың,  
Жүз көріссе – жаныңды ұғар танысың!*

\*\*\*

*Қай сөз лайық тұндыр нәрін тіліңе,  
Қай іс қажет тындыр бәрін тіріде.*

\*\*\*

*Алтын-күміс көріп өскен жасынан,  
Аулақ жүрер сұғанақтық насынан.*

\*\*\*

*Шыншыл болсын: көңіл, тілің, қылығың,  
Дүние, дәулет келер, берер шырынын.*

\*\*\*

*Сенімді адам үмітіңді ақтайды,  
Бек ырысын тасытады, баптайды.*

\*\*\*

*Дана ойлы жолыңды ашып дұрыстар,  
Ақылды сөз астарында ырыс бар.*

\*\*\*

*Берекесіз туыстан без, тозарсың,  
Жаны таза досыңды сүй, озарсың.*

\*\*\*

*Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,  
Сөз қалады, таяқ табы кетеді.*

\*\*\*

*Бір ауыз сөз елдің атын өсірер,  
Бір ауыз сөз ердің атын өшірер.*

\*\*\*

*Бектер қанша білімді болғанымен,  
Сөзін жазар жан керек толғауымен.*

\*\*\*

*Жақсы сөз тас бұлақтай нұр береді,*

*Қайда ақса, жер жайнап гүлденеді.*

\*\*\*

*Сөз бен жазу жарасса табындырар,  
Кереметтей хат тілі бағындырар.*

\*\*\*

*Қалдырмаса даналар хатқа жазып,  
Кім айырар өткенді ақ, қара ғып?*

\*\*\*

*Ақылдыдан адамишылық қалады,  
Біліктілер – адамдардың адамы.*

\*\*\*

*Ақылды-есті – кісілердің кісісі,  
Білімділер – кісілердің кішісі.*

\*\*\*

*Егер ізгі болса бектер қылығы,  
Күллі жұртқа тиер мейір, жылуы.*

\*\*\*

*Сый берерде – тез бер, созып қашыртпа,  
Жазаларда таяқтауға асықпа.*

\*\*\*

*Өтер жалған, ештеңе жоқ көшпейтін,  
Жақсылық қыл, өзің кетсең өшпейтін.*

\*\*\*

*Қалар дүние, туған өлер ақыры,  
Жақсы-жаман атың қалар ақыры.*

\*\*\*

*Барша елге бауырмал бол, қарасып,  
Жанға жаулық қылма, жолдан адасып.*

\*\*\*

### **Бауыржан Момышұлының сөздері:**

*Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.*

*Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.*

*Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.*

*Ешкім іштен батыр болып тумамайды: батырлық та мінез секілді – өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.*

*Ата-ана қадірін біле алмаған – халық қадірін біле алмас.*

*Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.*

*Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.*

Әке, адамның жасы ұлғайған сайын жүрегің де жұмсара бере ме деп қалдым. Оны сенен де байқадым ғой. Шешем туралы мына эссені 2007 жылы қыста жазыппын. Шешемді машина қағып, аяғынан қиналып жатқан кезі еді ғой. Шындығында біз екеуімізге қарағанда шешем мықты екен. Құдай сақтасын аяғы бес жерден, қолы екі жерден сынып, қирап жатқанда көрсеткен шыдамдылығы енді Ұлы Отан соғыстағы жауынгерлердің ерлігі сияқты. Соғыс кезі болса құрғанда медаль беруге болар еді, шешеме осы шығармам арқылы марапаттау жасадым.

### **Менің анам**

«Ана» деген үш дыбыстан тұрған сөз тау арқалап тұр. Сонда жүзінде қиналыстың, реніштің көлеңкесі де жоқ. Жаңа дүниеге келген бөпесін көтеріп тұрғандай. Көзінде мейірім, жүзінде бақыт нұры. Анашым, сенің мұхитыңнан жүзіп өту маған қаншалықты қиын екенін сезсең-ау. Он-он екі жасыңнан қыш құйып, үй салғаныңды, отын тасып, масақ тергенінді айтқанда жас күнімде ертегідей көруші едім. Ол менің қиындықпен бетпелет кездеспеген кезім еді ғой. Ал қазір сенің тағдырыңды ойласам, «жаным-ау, анашым-ау, қандай мықтысың» демеске шарам да жоқ. Келін болып келгеннен соң да, сен әкем екеуің өз бақыттарыңның кішкентай ұясын өздерің соқтыңдар ғой. Сен колхоздың қырманына да, қызылшасына да шығып, жазда шаңқайған ыстықтың астында шаң жұттың, ерте көктемнен бастап қызылшаның жұмысы, кетпендеген, шөбін жұлған деген түк емес-ау, күздің қара суығында, аяғыңнан сыз өтіп, резеңке етігінді мұз кесіп, қызылша тердік дегенінді ойласам, денем сені тондырған суықтан тоңады. Сол еңбектің кейін зейнетін көремін дедің-ау, ол саған зейнет емес, денсаулығыңды ұрлатқан нағыз тажал болды емес пе? Кеңес заманы әйелдерді ерлермен теңестіреміз деп, аспанға да ұшырды, қой да баққызды, тракторға да отырғызды да, екіқабат әйелдерді туғанша жұмыс жасатып, туғаннан соң екі-ақ ай демалыс берді емес пе? Екі айлық баланы бақшаға беріп, қара жұмысқа белі қатпаған аналарымыз қайта шығатын еді. Кіп-кішкентай сәбиді егістіктің басына анасына емізуге апарады. Менен кейінгі сіңлім Сұлушашты солай анама егістікке апара жатқанда, машинаның кабинасында отырған бала күтушінің қолында бір құндақтағы сәби болады да, тоғыз айлық Сұлушашты шопыр екеуінің ортасына отырғызып қояды. Машина арықтан өткен кезде кішкентай Сұлушаш құлап, машинаның жылдамдығын өзгертетін темірге қабырғасын сындырады. Басқа жері де майып болған шығар? Бірақ баланы құлатып алдық деп анама айтпайды, кешке үйге алып келеді, ертеңіне бала көз жұмады. Анашым-ау, момыным-ау, балаңды өлтіргендерді де кешіріпсің. «Ол қыздың тағдырын ойлады, ата-анасының көз жасынан қорықтым» дейсің, «өлген бала өлді, ол әдейі өлтірген жоқ қой, ол қызды

соттатып, мен жақсы болар ма едім?» – дейсің. Жан анам-ау, сенің парасатыңа мен бойлай алмаспын. Кейін біздің ауылда тағы бір сондай қайғылы оқиға болды. Төлеу атаның екі немересі күндіз көршінің үлкен машинасының арт жағында көлеңкеде ойнап отырады. Үйінен шаруасына асығып шыққан көрші жігіт, машинасын тез оталдырып, артында отырған екі баланы байқамай, артқа жүреді. Не керек ағайынды екі жігіттің балалары қайтыс болады. Ауылды күңіrentкен қайғы болды. Ауданның бүкіл заң қызметкерлері біздің Күреңбелде. Сонда Төлеу ата шопыр жігітті соттатуға қарсы болды. Атаның осы әрекетімен сенің әрекетің ұқсайды. Ел ағасы Төлеу атаның сол ісі менің жүрегімде мәңгі қалып қойды. Сөйтсем, бұл қасиет бабалардан дарыған кие екен.

Дария, дархан анашым! Аллаға шексіз алғысым бар, менің анамды мейірімді, дана, ақылды етіп бергені үшін. Анашым, жаным, сенің бар болғаның қандай бақыт! Сен өте мықты адамсың. Мықтылық деген қаншама бейнет көрсе де, мехнат көрсе де, айналасына, адамдарға мейірімі бар, жақсы көре алатын, жақсылық жасай алатын адамдар. Сен сондайсың. Мұңлығым-ау, мен сені ойлағанда осы «мұңлық» деген сөз көкейімде тұрады. Сенің бойыңды жайлап алған сағыныштың кемерінен асқаны сонша, сен кейде оңашада жылап-жылап аласың. Мен оны білемін. Жүзіңнен байқаймын. Жан анам-ау, әйел баласы жасы ұлғайғанда өзінің төркін жұртын көп ойлайды екен. Сен де қой аузынан шөп алмайтын момақан анаң Қызбала апамды ойлап, сағынып, бала кезіңді есіңе түсіресің. Ардақтаған ағаң Сиқымбекті ойлағанда өзегің өртеніп, ендігі тірі болса биыл жетпіс тоғызда болар еді ғой, «ағатайым-ау, жағатайым-ау, сен де алды-артыңа қарамай кете бардың-ау» дейсің. Бәріне сабырмен қараған сабырлым-ау, сенің қасиетіңді айтып тауыса алмаспын. Мен сенің қазіргі қайратыңа, сабырыңа да қайран қаламын, сені авто көлікпен қағып, аяғыңды бес жерден, қолыңды, қабырғанды қиратқан балаларға да кешірім еттің. «Олар әдейі қаққан жоқ, Алланың ісі болар» дедің. Әрине анашым, бәрі бір Алланың қолында. Сен алты ай төсекте жатып та, күнде Аллаға шүкірлік етіп, тәубе деп жатырсың. Сондықтан да, анашым, Алланың үлкен сыйы, құрметі болады. Мейірімді Алла өзіңе мейірімін төгетін де күн туады, Алла сабыр берсін.

Анашым – періштем. Сен менің періштемсің, сен мені омырауыңнан бұлақтай аққан ақ сүтіңмен қоректендірдің, сен маған ата-бабамның аманаты ана тілімді үйреттің, сен мені суықта тоңдырмадың, ыстықта күйдірмедің, сен мені оттан, судан сақтадың. Сен маған бабаларымнан қалған ата дәстүрді үйреттің, сен маған үлкенді сыйлауды, кішіге құрмет көрсетуді үйреттің. Қарашы, біз деген кішкентай кезімізден үйге келген үлкен кісілердің киімін шешкізіп, іліп қоюға, қолына су құюға, астына жақсы көрпе төсеп, қолтығына жастық беріп, ол кісілер шай ішіп болғанша аяқ киімі балшық болып тұрса, оны жуып, кептіріп қоюға асығушы едік қой. Соның бәрін өзің үйреткенсің. Ең бастысы сен маған туған жерге тағзым етуді, сүюді үйреттің. Анашым, әкем екеуің Жуалының

қай жайлауын, қай қыстауын көрмедіңдер. Сонда көшіп барған жерге сен ылғи да тәу етуші едің ғой. Сенің Жерді сүюің расында ерекше болатын. Жер Ананы айналып-толғанып жүретінсің, рақметінді айтып жүретінсің. Жерді тазалап, күрекпен аударып жіберіп, жемістің неше түрін егетінсің. Сенің қарауыңнан ба екен, әлде сенің мейіріміңе мейірленген Жердің, оның үсітінде Алланың сыйы ма екен, сенің еккен жемісің мол жеміс беруші еді. Анашым, айналып толғанып тоғайдан бүлдірген тергенде, таудың шиесін тергенде, сасырдың түбінде өскен ет табақтай қозықұйрықтарды тергенде сен бақыттан басың айналған жандай, даланы әнге бөлеп, ән шырқайтынсың. Сен судағы балықты қалай жақсы көруші едің, әкем екеуің сылқ-сылқ күліп, мәз болып, тау өзені Сүңгінің суынан балық аулаушы едіңдер ғой... Ана, сенің қасиеттерің көп қой, соның ішіндегі ең керемет қасиетің: сенің үйге қонақ келгенде қуанатының, сенің тамақ жасаудан алдыңа жан салмайтының, сенің керемет наның. Мен сені «Наубайшы» деп мазақтайтыным есінде ме? Қазір ойласам, үйден жаңа піскен нанның исі шығып тұрған қандай керемет. Ол ыстық нанды турап, маймен мыжып беретінің қандай еді. Анашым-ау, сен қуана алатын қасиетің қандай жақсы! Ең алғаш піскен жемісті жұлып алып келгенде балаша мәз боп қуанатынсың, жаңа піскен жүгеріні қайнатып бергенің, оны өзің сүйсініп жеп, бізді қызықтыратының әлі есімде. Сен ауылдың ешбір әйелі жасамайтын тамақтар жасаушы едің. Мысалы, ұнды сары майға қуырып, быламық жасаушы едің ғой. Қазіргі кішкентай сәбилердің дүкенде сататын ұнтақ сүтінің дәмі сияқты болатын. Сол быламықты балалар біздер де, ауылдың ақсақалдары, жасы келген әжелері мақтап-мақтап ішуші еді ғой. Анашым, біз қазір көгерсек, көктесек, сенің сол үлкендерден алған батаңмен көгеріп жатқан шығармыз. Қадіріңді айтып жеткізе алмас, анашым, сен жомарттықтың үлгісін көрсеткен жансың. Сендей жомарт адамды мен бүгінге дейін көрмедім. Анашым, мен ес білгелі сенің біреулермен ұрсысқаныңды, қатты сөз айтқаныңды көрмедім де, естімедім де. Жан анашым сенің ішің қандай кең еді. Ана өзің айтып берген аңыз мені аналыққа тәрбиелеген еді. Жауапкершілікті сезіндірген еді. Ол мынадай аңыз еді ғой.

«Ана құрсағында бала пайда болып, өсіп, жетіледі. Дүние жұмағы сол жер болады, тоңып көрпе іздемейді, ыстықтап, салқын жер іздемейді, тамағы тоқ, қайғысы жоқ, қайда жүзіп барамын десе де өзі біледі. Ол сайран салып ойнайды, сықылықтап күледі. Ол жерді мәңгілік тұрақ мекенім деп ойлайды. Күндердің бір күні оған Алла Тағала: «Сен дайындала бер, жақын күндерде бұл жұмағыңмен қоштасасың, жаңа ортаға барасың» дейді. «Неге?» дейді бала. «Маған басқа ортаның қажеті жоқ, мен ешқайда барғым келмейді». «Білемін, бірақ солай болады» дейді Алла. Күндер өте береді. Алланың мейірленіп отырған бір күнінде бала Аллаға: «Мен бармасам қайтеді, мен ол жақтың өмірін де, олардың тілдерін де білмеймін ғой» дейді.

Алла шуағын шашып, өзінің тура сөйлейтін, бір-ақ рет сөйлейтін мінезімен: «Сен жалғыз болмайсың, қасыңда бір періште болады» дейді. Алланың екі сөйлемейтінін білген бала: «жарайды, періште бірге барса, барайын» деп қала береді. Күндердің бір күнінде бала Алладан періштенің атын сұрауды ұмытып кетіп: «Ол періштенің аты кім?» деп айғайлаған кезде, басқа дүниенің есігі ашылып кетіп, байқаусызда ашық тұрған есіктен сыртқа шыға келеді. Арт жақтан дауыс естіледі «Оның аты –АНА» деген. Бала өзін айналып, толғанып, еміреніп жатқан адамды айнытпай таниды. Сен періштені мен танымын деп жымияды. Ана-періште мәңгі баласымен бірге болады. Жылдар жылжып өте береді. Сәби ержетеді, ол жалғызсырамасын, бірге ойнайтын, қамын ойлайтын бауыры болсын деп, Алла оған іні, қарындас жібереді. Уақыт бір замандарда қартайған анасын Аллаға қайта тапсырады. Сонда баласы жылайды. Анасының соңғы сөзін есіне алады. «Балам, менің арманым жоқ, менің уақытым келді, менің бұ дүниедегі қызметім аяқталды, енді менің кетуім керек» деген.

Анашым, Періштем, сен де маған, менің бауырларыма адал қызмет жасадың. Алланың аманатына адал болуды үйреттің. Ана болудың жауапкершілігін, балаларымызды қалай тәрбиелеудің өнегесін көрсеттің. Сенің үлгіңмен келе жатырмыз.

Ана, егер сен оқып, білім алған болсаң қандай болар еді? Сен оқымай-ақ, ауыз әдебиетін, оның талай жанрларын жатқа айтушы едің ғой. Біздің әулетте қанша бала болса, солардың бәрі сенің айтқан батырлар жырының, ғашықтық жырлардың, ертегілердің рухымен ер жетті, бой жетті. Анашым, дария дастаным, қарашы біз сенің аузыңнан: «Көрде туған Көрұғылыны», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырын, «Рүстем-Дастанды» және жүзден астам ертегі, аңыздарды есітіп өстік. «Мұңлық пен Зарлықты» айтқанда анасы Қаншайымның балаларын сағынғандағы зарын тындап жатып, көз жасымызды көрсетуге ұялып, көрпенің астында солқ-солқ жылайтынбыз.

Анашым, сен бізге жасандылығы жоқ өмір заңдарын, өмір сүрудің ғылымын терең үйреттің. Сенің әкем екеуіңнің өмірің бізге мәңгілік бағдаршам болды. Ер азамат кейде қырда, кейде сайда жүреді. Сонда сен қырда жүріп, қыр асып кеткен әкемді жерден-алып жерге салып жатпайтынсың, әкем қайдан келсе де, қалай келсе де күлімсіреп қарсы алатын едің. Әкеме әйел болып дауыс көтеріп көрген емессің. Әкем сенің тұңғыш балаңдай еркеледі. Айтпай-ақ, ескертпей-ақ үйге көп достарын, сыйлы қонақтарды көп әкелетін. Сонда әкем саған сенетін, сенің жомарттығыңа, сенің адамгершілігіңе сенетін. Сен сонда сол кісілерді ғана күтіп отырғандай жайраңдап күліп, бір шайынды бергенше етің пісіп, етті жеп болғанша сыбағаларың деп, қойды сойдырып жіберіп «ащы қуырдақ» деп дайындап қоятынсың. Қона жатқан достарына да, олардың көңіл көтерген даурыққан даусына да кейістік танытпаушы едің ғой. Сонда өзің

өміріңде аузыңа шарап ұрттап көрмеген жансың. Бірақ қуана алушы едің, қызмет көрсеткеніңді шаршау емес, бақытым деп сезінуші едің.

Ардақтым-ау, сенің анда–санда мұңайып, көзіңнің жасын төгіп алатыныңды көретінмін. Сонда сен «Шіркін-ай, бір ұл перзентіміз болса ғой» дейтінсің. «Сайынның ұлы» деген сөзді естігенді армандап-ақ өттің. Әкеме: «Сен екінші бір әйел ал, ұл тауып беретін болса, ол әйеліңді мойныма отырғызамын. Баласын өзім бағамын» деп талай айттың. Бірақ әкем біздің көңілімізге қарады: «Әй, Тоты, (сені еркелетіп «Бикеш», «Тоты») дейді) сен олай деме. Қыз түгіл қызыл жүнге зар болған нешеме адамдар жүр. Мен мысалы, Гүлтасымды елдің он ұлына айырбастамаймын. Төрт қызым Құдай қаласа, төрт күйеубала әкеледі, олар ұлымдай болады, одан кейін Алла көрсетсе, немерелеріміз болады, солардың бәрі екеуіміздің ұрпағымыз болады емес пе? Сен енді ондай сөзіңді маған айтушы болма» деп, саған бір жола жауап қайтарған болатын. Әкем екеулерінің ақ армандарың орындалды. Дәл әкем айтқандай күйеубалаларың ұлдарыңдай, жиендерің тәттілерің, қызықтарың, өмірлеріңнің жалғасы болды.

Сенің сыйласқан адамдарыңның шапағатын біздер де көрдік. Достарыңның тәлімін алдық. Сенің достарың Дәнекүл мен Наршан анамызды дәл өзіңдей көрдік. Олар да бізге өз балаларыңдай қарым-қатынас жасады. Әкемнің достары әкеміздей болды.

Анашым, сен менің ғана емес біздің әулеттің анасысың. Сені жақсы көрмейтін адамдар, сенің қасиетіңді көре алмайтын адамдар жоқ шығар? Себебі сенің өмір бойғы ұстанымың: «Таспен атқанды аспен ат» деген болатын.

Аман бол, анашым! Сені маған, менің бауырларыма ана-періште етіп жіберген Аллаға болсын мадағым!

**Қамшы сөз: Ана болдың екен пейіліңді түзе, отбасыңның берекесін кіргіз, дүниеге құнықпа, «үйдің қыртысын» өтектеп тұратын өзің екеніңді ұмытпа.**

Әке, сен керемет адам танитынсың, кімнің кім екенін білетінсің. Кейде біреуді мақтап жатсақ: «қызым-ау, сөзінен, көзінен белгілі ғой» деуші едің ғой. Сен үйленген заманнан көбінде сендердің (шешем екеуіңнің) қастарыңда нағашы әжем болды ғой. Шешемнің жалғызсырамауына да, сендердің мүмкін бір-бірлеріңе қатты сөйлемеулеріңе де әжемнің ықпалы, тіпті тәрбиесі болды-ау деп ойлаймын. Өзі парасатты адам жанындағыларға да сол атмосфераны береді емес пе? Сондықтан сен екеуіміз үшін нағашы әжем бөтен емес қой?

## ҚОҢЫР

(Нағашы Қызбала әжемнің рухына арнаймын)

Алла, мынау жалған дүние өзің жаратқан мінезі ғажап, тумысы бөлек жандармен көрікті екен ғой. Менің еншіме берілген жарық дүниенің тағы бір көркі, ол менің нағашы Қызбала әжем болатын. Оның әсемдігі – салған суреттей көріктілігі, оның тазалығы – жаңа жауып тұрған қардай аппақтығы, оның тектілігі, заттығы – ешқашан жалған сөйлемейтін, ешкімді жамандамайтын, аузынан тәубәсінің түспегендігі. Алла, өзіңнің құлың Қызбала ананың тағдыр-талайы көз алдында өтті ғой. Менің білгенімен білмегенім көп. Ол кісі тұйықтау болды да, кейде күні кешке дейін жұмған аузын ашпай, ұршығын иіріп, ой үстінде отыра беретін. Сезімін мейірімге толы көзімен, еміренген даусымен ғана білдіретін.

Кеңес өкіметінің жаңа орнап жатқан кезі. Елді жарылқап тастаған ешнәрсесі жоқ, керісінше «колхоз» боласындар деп, шеттей бала-шағасы бар үйдің сауып отырған сиырын тартып алып, елді аштыққа ұшыратты. Қызбала әжемнің әкесі Бөрібек деген кісінің үш қыз, бірі ұлы бар екен. Ең үлкені менің әжем болса керек. Содан әжемді он бес жасында ауылдың беделі, бай кісісі Қыстаубайға тоқалдыққа береді. Ол да – аштан құтылудың жолы. Қыстаубай атамыз сабырлы, ақылды кісі екен. Әжемізді ешқашан ренжітпепті. Әжем бала көтермей жүргенде нағашы атам Қыстаубай әжемді ұлы жүз Дулаттың ішінде Сиқым Батырбек датқаның кесенесінің басына түнеуге алып келіпті. Алла тілектерін қабыл етіпті. Алла сәтін салып, әжем содан кейін бала көтеріп, ұлды болыпты. Оның атын Сиқым бабасының ұрпағы Батырбек датқаның шапағаты болды деп, сәбилерінің атын Сиқымбек қойыпты. Кеңес өкіметінің құйтырқы саясаты бұратана елдің жақсыларын жалмап, бәсиесіз қалдыру болған ғой. Бір ауылды ақыл-парасатымен асырап бағып отырған Қыстаубай атамызға да тықыр таянып, «бай деп, үш әйелі бар» деп, қуғынға ұшыратыды, ақыры ұстап алып, түрмеге қамайды. Атамыз содан оралмайды. Қызбала әжем тағдырдың салған азабының бәріне көнеді, таңның атысы, кештің батысы колхоздың жұмысын жасайды. Мұңлық пен зарлықтай екі перзентін бірге тәрбиелей алмайды. Сиқымбек нағашымды үлкен апалар (бәйбішелер) әжеме бермейді. Табиғаты жуас жан әжем шер кеудесін сүйретіп, менің анам екеуі төркін жұртында өз алдарына үй болып тұра береді. Тек нағашым он сегізге толғанда анасын іздеп келіп, аулына көшіріп алады. Анамның бақыттан басы айналып, ағасының садағасы болып кетуге әзір болады. Нағашым үйленіп балалы-шағалы болады. Бір күндерде қарындасы Үтәнді менің әкеме, Сайынға ұзатады. Әжем сонда ғана «уһ» деуге шамасы келеді. Жаным, әжетайым, екі перзенттің тілеуінен басқаны тілемеген әжем енді олардың перзенттерін Алланың берген бағы, Алланың берген сыйы деп түсінді.

Әжетай, сені ойласам қоңыр әуен, қоңыр дәурен, қоңыр мұң, қоңыр сағыныш жүрегімді тербейді. Менің қоңыр музам-ау, әжетайым-ау, сенің кеудеңде қаншама арман, қаншама сыр өзіңмен бірге кетті екен? Әжетайым, сенің бір рет сырынды айтып, шерінді тарқатқаныңды көрмедім. Сенің

балама атың – Тәубә еді, екінші бір атың – Момын еді. Тәубәшіл едің, момын едің. Тағдырдың салғанына көнген жалғыз өзің ғана емес екенін білгеннен соң да үндемейтін болған шығарсың. Жүрген жеріңе тазалықтың дәнін шашып жүретінің бе, әлде адамның жанын жайландыратын мінезің бе екен, сен қайда барсаң да адамдар шын қуанатын. Олар сенің табиғатыңды жақсы көреді, артық әрекеті, артық сөзі жоқ, жымысып күліп қана отыратын сені жақсы көрмеу мүмкін де емес қой. «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат» деп халқымыз тегін айтпаса керек. Алтын әжем, сенің шапағатыңды бәріміз көрдік, ұлыңнан сегіз немерең, қызыңнан төрт жиенің көрді. Сенің ұлың мен қызыңның, Сиқымбек нағашым мен менің анам Үтәннің ағалы қарындас болғанда да, бір ерекше қасиеттері бар еді. Екеуінің ортақ қазынасы сен болған соң ба екен, бір-бірінің жағдайын ойлап, сені кімде қиындық болса, соның жанында болу керек деп ұйғаратын. Әжемді қимай тұрса да, «Қайтеміз, апа бізге де керек еді, патша сұрап келсе, қайтеміз, барамыз ғой, ә?» – деп, жіберуші еді Сиқымбек нағашым. Әжем бізде ұзақ болып қалса, шыдай алмай келіп кетеді. Ол кезде әжемнің да, шешемнің де жандары кіріп, рақаттанып қалатын. Мен оны бала болсам да, сезетінмін. Нағашым менің әкемді де туған бауырындай жақсы көрді. Ал әкемнің нағашыма деген құрметі ерекше еді. Әкем қуатты, қайратты болған соң ба, әйтеуір шаруашылыққа мықты еді. Ол шөп науқаны кезінде көрші ауылдағы нағашыма жем-шөбін апарып тастап жүретін. Сол мінезімен де нағашыма жаққан болу керек. Шешем мен нағашым түні бойы ұйықтамай сырласып отыратын. Біз балалары әке-шешемізбен бірге бола алмаймыз, ауылда апамның қолында боламыз, тек каникул кездерде ғана қыстаудағы, не жайлаудағы әке-шешемізге барамыз. Нағашым, анасынан бұрын қарындасының қамын ойлап, әжемді алып кетем деген ойынан қайтып, тағы да біраз уақытқа қалдырып кетеді. Әжетайым-ау, Құдайдан сұрап алғаннан соң ба, ол үшін балаларының айтқаны заң болатын.

Мен Алматыда КазГУ-да оқимын. Бір жылы жазда ауылға каникулға бардым. Әке-шешем малда. Мен барған соң әке-шешем «демалыс алып», ауылға кетті. Үйде Қызбала әжем, Сәлік ағам үшеуміз қалдық. Мен далаға табаға нан пісіремін, сиыр сауамын, оны сепаратордан өткіземін, тамақ істеймін. Сәлік ағам мал жаяды. Сонда әжем менің ісіме сүйсініп: «Алматыда да нанды өзің жабасың ба?» деп сұрайды. «Иә», деймін, бетім бүлк етпей. Ондағы ойым әжемді алдау емес, әжемді сөйлету. «Е, оның жақсы екен, әйтпесе, ақша шақ келмейді ғой. Біздің көршілердің соқталдай қыздары нан жабуға ерініп, мәгезіннен сатып жейді, онда не береке болсын, өмірі жарымай, қарызға ақша сұрайды, енді барғанда айтпасам ба, оларға: «Менің Алматыда оқитын қызым өзі нан жауып жейді деп», – деді. Істің насырға шабатынын ішім сезіп: «Ой, әже, неғыласың оларға мені айтып, айтпа құрсын, көздері тиеді» дедім. Қорқақ әжемді тоқтататын әдемі сөзді тауып айттым. Иә, әжем көз дегеннен қатты қорқады. «Дұрыс айтасың құрсын, айтпайын, Құдай сақтасын» деп, райынан қайтты. Сол жолы әжемді бұзау айдап жүргенінде көршінің сүзеген сиыры сүзіп, денесінің бәрін көгертіп

тастаған болатын. Шыдамдым-ау, сонда қатты қорқып қалғаннан ба, әлде баяғы сол шыдамдылығы ма бір жерім ауырды деген жоқ. Кейін шешем келіп, үстін қараса, көгермеген жері қалмапты.

Асылым менің, сенің қолыңның табы менің жанымда қалды. Сен иіріп берген түбіт жүннен анам орамал да, жемпір де, тіпті пальто да тоқып берді ғой. Тіптім менің қызым Шынарым да сенің иірген түбітіңнен жемпір киген еді ғой. Біздің әдемі болып жүргенімізге балаша мәз болып қуанатынсың, біздің біреуіміз ауырып қалсақ, Құдайыңа жалбарынып, садақа болуға әзір екеніңді айтатынсың.

Әжемнің ағасы Сары деген кісі болыпты, екі сіңлісі Қыздаркүл мен Жаңыл екен. Бәрі де Құдайға қараған момын жандар еді. Мен ол кісілердің бәрін көрдім. Тіптім әжемнің шешесі Дәріқыз әжені де көрдім. Менің шешем сол өзінің нағашы әжесіне тартқан-ау деп ойлаймын. Ол кісі шежірені жақсы айтатын, өлең-жырды, ұзақ дастандарды жатқа айтатын кісі болыпты. Шешем Дәріқыз әжесін жиі есіне алады. Өзі айтқан ертегі, дастандарды нағашы әжесінен үйренгенін айтады.

Қыздаркүл әпкем де момын кісі еді, қызы Ақынгүл мен ұлы Әлменнің тілеуін тілеп өткен жан болды. Ал Жаңыл әпкемнің тағдыры кинодағыдай. Әпкем бала көтермеген кісі болыпты. Еріне екінші әйелді өзі алып берді. Ол әйел бес-алты баланы дүниеге әкеледі. Сонда әпкем жаңа туған нәрестеге мейірленгені сонша, омырауынан сүт саулайды. Алланың құдіреті емес пе, екінші әйелден туған балаларды тумаған әпкем емізеді. Балалардың бәрі өздерін дүниеге әкелген аналарын емес, әпкемді ана дейді. Әпкем балаларының балаларын бағып, тәрбиелеп берді. Балаларының тілеуін тілеп, өмірден өтті. Табиғаты тазалықтан нәр алған бір үйдің перзенттері Алланың еншілеп берген өмірін жақсы атқарып, өмір тізгінін ұрпақтарына қалдырып, жүре берді.

Менің ұзатылу тойым болып, ауылдан кеткенде Қызбала әжем қатты қиналыпты. Жайлап қана: «Ойпыр-ай, сондай қара бала жақыннан табылмады ма?» деп, өзіме де айтып қалды. Сонда мен: «Әже, ол ертегідегі бала сияқты, оның қабығы ғана қара, қабығын шешсе, аппақ» дедім. Аңқау әжем: «Қойшы, рас па?» деп еді.

Жан әжетайым, Сенің бар арманың балаларыңның алдында кету еді, сен әрқашан: «атамдатсаң атамдат, ботамдатпа» деп айтып отыратынсың. Сенің тілегің қабыл болды, сен балаларың Сиқымбек пен Үтәніңнің алдында кеттің. Армансыз адам бола ма, әже, қазір ойлаймын, неге әжемді бір рет Алматыға әкелмедік деп. Сен өз аулыңа барғанда көрші абысын-ажындарыңа: «Сайынтайымның, Үтәнімнің арқасында көрмеген жерді көрдім» деп, болған қыстаудың, жайлаудың атын атап, түсін түстеп, мақтанады екенсің. Егер біз сені Алматыға алып келсек қой, сен онда тіптім төбең көкке жеткендей мәз болар едің. Тірі адамның сылтауы көп қой. Жаңа үйленіп, үй болған кезіміз, басымызда баспана да жоқ, пәтер жалдап тұрамыз. Бірақ соған қарамай алып келсек қой деймін.

Алла, мейірімді Алла, сенің түйірдей мейіріміңнің бір көрінісі менің нағашы әжем болған шығар. Егер әжемнің тереңге тамыр тартқан мейірімін, бекзаттығын көрмеген болсам, мен басқаша болар ма едім? Алла ол үшін Өзіңе алғыс жаудырамын. Момынымның, қоңырымның, Қызбала әжемнің орнын пейіштің төрінен ете гөр. Жақсылығының нұры қалған, қарапайымдылықтың бас кейіпкері менің нағашы әжемнің туған жер, туған елде белгісі қалды. Ол оның ұрпақтары, ұлы Сиқымбек нағашым, анасын, әкесін о дүниеде жалғызсыратпайын деді ме, апамнан кейін бір жылдан соң аттанып кетті. Сиқымбек нағашымның сүйіп қосылған жары Бақыткүл жеңешем қазір сексеннен асты, балаларының қызық-қуанышын көріп жүр. Соған тәубә деймін. Бақыткүл жеңешемнің пісірген наны, істеген тамағы бүгінгі күнге дейін есімде. Керемет жақсы көремін. Аман боп жүрсін. Қызығы көретін көп болса екен деп тілеймін. Әжемнің қызы менің анам екі күннің бірінде аяулы ансын, ардақты ағасын еске алып отырады, балалары біздерге жақсылығын айтып отырады. Олай болса, әжемнің әдемі әлемі мәңгі бізбен бірге екен ғой.

***Тамшы сөз: Адам біткеннің бәрі көшбасшы болмайды, жақсы мінезді адам болса ортасына сыйлы болады.***

Әке, мен Аллаға разымын. Өмірімдегі барлық көрген жақсылықтарымыңның бәрі бір Алланың арқасы. Сәтін салғызғандығының арқасы. Сонан соң бар ғой, әке, көп бата алғанның да пайдасы болды ғой деп ойлаймын. Ербол екеуміз отбасы құрғалы бері өмірімізді ойласақ, жақсылық жасаудың ғана жолында жүріппіз. Бірақ сен ойлап қалма, жақсылығын есептеп, санап отыр екен деп. Жоқ, әке, керісінше біз көбін, тіпті бәрін ұмытып қалыппыз. Кейін кездесіп, тойда, қонақта, жолда кездескенде өздері айтады. «Сіздер прописка жасап бердіңіздер, жатақхана алып бердіңіздер, ақша бергенсіздер», Ербол талайына жер алып беріпті, үй алуларына көмектесіпті. Өткенде көшеде такси ұстап тұр едім. Бір Джип машина тоқтап, ішінен жас жігіт пен, жас қыз түсіп, «Гүлтас апай» деп, сәлем беріп жатыр. «Жүріңіз, отырыңыз, қайда барсаңыз да апарамыз» дейді. Шырамытып, ҚБТУ-ды бітірген балалар екенін болжап тұрдым. Ішіне отырған соң: «Апай, сіз бізге сабақ берген жоқсыз. Бірақ сіз менің өмірімді керемет өзгертетіндей жақсылық жасағансыз». Түсінбеймін. «Ал, ол қандай жақсылық?» Біздің ҚБТУ-дың ақылы оқуы өте қымбат болды ғой. Менің баллым жетпей қалды. Содан әке-шешем кредит алып бір жылғы оқуымның ақшасын төледі. Мен тырысып жақсы оқып жүрдім. Бір жылдан соң, біздің топтан 1 бала «Болашақ» бағдарламасына өтті де, бір гранттың орны босады. Соған екі бала таластық. Университеттің ғылыми кеңесі болғанда, менің таныс досым да сол кеңестің мүшесі болатын. Сол досым сіздің сөзіңізді айтып, сен Гүлтас апайға қарыздарсың деген болатын. Конкурса түскен екеуміздің баллдарымыз да бірдей екен. Бірақ екінші бала Алматының баласы, әкесі үлкен бастық екен. Ал мен ауылдың баласы болыппын. Сонда

сіз сөз сұрап: «Алматының баласы үйінде, ата-анасының қасында тұады. Қарны тоқ, көйлегі көк. Отбасының жағдайы да жаман емес көрінеді. Егер біз ауылдың жақсы оқыған баласына бұл орынды беретін болсақ, біз ол балаға ғана емес, елге жақсылық жасаған боламыз. Ауылдың жағдайы жоқ, ақша төлеп оқытатын, егер биыл бұл бала грантқа өтпесе, келесі жылы оқудан кетуге мәжбүр болады. Екеуінің баллдары бірдей болып тұр, егер қаланың баласының баллы артық болса, онда айтпас едім депсіз. Сіздің сөзіңізден кейін Грант менің пайдама шешіліпті». Сонда менің әке-шешем, туыстарымыз бәрі сізге разы болды, үлкен әжем жылап тұрып, сізге сыртыңыздан бата берген болатын. Бүгін Астанада көшеде сізді көріп қаламын деп ойлаған жоқпын. Әсел екеуміз бірден (келіншегі де бізде оқыған екен) таң қалып: «Гүлтас апай ғой!» дедік. Бір жолы мамам Алматыға келіп, сізге рақмет айтайын деп барғанымызда, сіз Атырауға іс сапарға кетіпсіз. Содан бір сәті түспеп еді» деді. Әке, осындай-осындай алғыстарды көп есітіп жүрмін. Ол жақсы екен. Ербол екеуміз мәз болып қуанамыз. Мен докторлық диссертациямды қорғайтын жылы енем жарықтық бізге келгісі келіп, ақпан айында Мұрат қайным алып келді ғой. Қорғаудың алдындағы жанталасты өзің де көрдің. Түнде ұйқы жоқ, күндіз күлкі жоқ. Сонда үйге келгенде енемді құшақтаймын. Бетінен сүйем, арқасына массаж жасаймын: «Тәте, бүгін құмалақ не деді?» деймін. «Құмалағың жақсы түсті, бір-екі кедергілер болды, бірақ сен жеңесің, қорықпа» дейді. Жаным-ау, енем жарықтық құмалақ салып та, былай да тілеуімді тілеп, батасын беріп отырды ғой. Мен қорғағандағы қуанғанын көрсең ...

### Менің енем

Менің енемнің аты – Қазына, ел Қазтай дейді. Мен келін болып түскенде енем дәл қазіргі менің жасымда екен. Сымбаты келісті, қызыл шырайлының әдемісі еді. Енемді жақсы көрдім. Ол жақсы көруімнің бір сыры мен жалпы кішкентай кезімнен аналарды, әйел баласын сыйлап өскендіктен болар деп ойлаймын. Неге екенін білмеймін әйел балалары о бастан-ақ мұңлықтай көрінетін. Ондай түсініктің болуы ауыз әдебиетін көп тыңдап, оқығандықтан да шығар. Батырлардың аналары, жарлары – мұңлы, «Мұңлық пен Зарлықтағы» Қаншайым, «Абай жолындағы» Ұлжан, Күңке, Ділда т.б. Оныншы сыныпта «Абай жолын» апама оқып беріп, ауызша баяндап отырғанымда апамның: «қазақ әйелдерінің бағы ешқашан жанбаған екен ғой. Бес әйел алды, он әйел алды деген не мақтаныш? Қаншама қыздың тағдыры, көз жасы, қаншама баланың бақталас өмірі. Еркектің ешнәрсесі кетпейді, бүкіл азапты көретін әйелдер ғой» дегені бүгінгі күнге дейін жадымда сақталып қалды. Жадырап жаз болып жүретін апамның әлемінде мұң бар деп ешкім ойламаушы еді...

Ана – құдірет. Оны адам баласы тек қана сыйлау керек. Енем – он ұл тапқан батыр ана. Қазіргі әйелдер бір-екі бала тауып, соларды өсіре алмай жатқанда, заманның қиын кезінде, табиғаты қатал, дәрігері, көлігі,

перзентханасы жоқ ауылда он баланы өмірге әкеліп, асырап-бағып жеткізу оңай болды дейсің бе? Оның ішінде үш баласы кішкене кезінде, екі ұлы азамат болғанда о дүниелік болды. Ана жүрегі жараланды да, жыртылды да ғой. Ұл баланың аты ұл бала. Ол қанша жақсы болса да, ананың жанына жақын бола алмайды. Қолынан жұмысын алар-ау, бірақ оның аналық жүрегіндегі мейірімге құштар нәзік сезімдерін ұға алмас (әрине бәрі ондай емес шығар). Кейін үйленгеннен кейін де ұлдардың сыры мәлім. Оны бәріңіз білесіздер. Тіршілікте үлкен кісілер мәңгілік өлмейтіндей, жүре беретіндей көреміз. Бірақ мен енемді түсінуге тырыстым, әрине туған қызындай бола алмаған шығармын, десе де, жанына жақын болдым. Оны қазір рухы келіп тұрса, өзі де растап тұр деп ойлаймын.

Енем жарықтық, өзіне өмір тілемейтін. Бір жолы қызық болды. Енемнің апайы өзінен 9 жас үлкен Жамбыл облысында Қордай ауданында қызы Гүлжанның қолында болатын. Ол кісіні бәріміз Нәне дейтінбіз. Ербол мен Саят алып келді. Нәнем жасы үлкен болса да, ширақ, өзі жүріп-тұрады. Жүре алмай жатып қалған сіңлісін құшақтап, көңілі босады. «Мың түрлі бәле көрсең де, күдер үзбе бір Алладан. Әлде де сәтін салса, жазылып кетесің» деді. Енем: «Ой, нәне, енді бізге өмір тілеп не керек. Енді бізге өлетін керек, тек Алла балалардың жамандығын естірмесін» деді. Сонда нәнем: «Ей, Қазтай, олай деме, немене біз Аллаға арыз жазып өлмей отырмыз ба? Алу да, алмау да Алланың өз қолында, бір күн болса да жарық дүниені көргенге жетер бар ма? Денсаулықты сол үшін сұрап отырмын» деді. Менің тәтем үндемей қалды. Мен де, Ербол, Мұрат бәріміз күліп жатырмыз. Нәнемнің тапқырлығына разы болдық. Екі әпкелі-сіңлілі екі жұмадай бірге болды. Үйдегі күтуші қыз екі апаға жақсылап қарады. Кешке Ербол екеуміз жұмыстан келген соң бір мәре-сәре болып аламыз да, мен баяғы ала қағазды шұқылап отырамын.

Ертеңіне нәнем: «Гүлтас-ау, осы сен ұйықтайсың ба? Таңға дейін отырдың ғой» деді. Сонда алтын енем: «Гүлтастың бір рет тыныштықпен ұйықтағанын көрген емеспін. Енді мынау асудан аман-есен өтсе, жарығым бір демалатын шығар. Нәне, сен де батаңды бер», – деп еді.

Енем 2010 жылы 26 желтоқсанда жарық дүниені тастап кетті. Солай, батагөй бір тілекшім бақи дүниеге аттанды. Жанымды жылытып тұратын энергия көзі еді. Пейілімен, сөзімен, дәрмені бар кезде соғымымызға дейін жіберіп тұратын. Ауылға барғанда баладай мәз болып қуанушы еді. Әке, бәріне де керек ана еді. Білесің бе, бірақ мен қатты жетім қалғандай болдым. Екеуміздің арамызда бір үлкен сезім, үлкен тартылыс күші бар еді ... Рухымен жебейді, бірақ кеудемдегі сағынышым ұлғайып барады. Есіме түскен сайын жылап-жылап аламын.

2011 жылы 92-ге келген Жамбылдағы нәнемізді ауылға апарып қайттық. Сіңлісіне аллаһу ақпар айтып, орнына барып қайтсын деп ойладық. Ол үлкен ерлік болды. Әке, сен ол кісіні жақсы білесің ғой. Шалы Қақантай атамыз қандай жақсы кісі еді, марқұм. Шалы қайтыс болды, одан кейін ұлы Сағат о дүниелік болды. Содан соң нәнемнің жағдайын ойлап, Жамбылға

тұрмысқа шыққан қызы өзім қараймын деп алып кеткен болатын. 90 жыл бойы Шығыстың керемет жері Қатон-Қарағайда өмір сүріп, әбден қартайғанда елі де бөтен, жері де бөтен, табиғаты мүлдем басқа елге келіп тұру оңай емес қой. Нәнемді керемет қадірлеп, сыйлап, күйеубаласы да, немерелері де асты-үстіне түсіп отырды. Есбол қайнымның тұңғышы Рүстем үйленіп, сол тойға бара жатып нәнемді апарып келдік қой. Содан кейін нәнем бір жылға жетпей, 2012 жылы сәуір айында дүниеден озды. Елге нәнемді апарып келгенімізге Ербол екеуміз керемет дәл осы күнге дейін қуанамыз. Сөйтіп нәнемнің де ақ батасын алған едік.

Қазір енемнің өзінен кейінгі сіңлісі Сара нәнем Астанада тұрады. Қызы Баянның қызы Қаламқас Астанаға оқуға түскен. Мұндай жақсы болар ма, нәнеммен күнде хабарласып, апта сайын ыстық, дәмді тамағын жеп бала болдық та қалдық. Енді Алладан нәнемді, оның балаларының, немерешөберелерінің амандығын тілеп отырмыз. Олар аман-есен болса, нәнемнің де көңілі жақсы болады емес пе? Бізге одан басқа түк те керек емес.

Әке, енемді қалай жоқтағанымды сен естіген жоқ едің ғой. Соны беріп отырмын.

### **Ана жаулығы (Қазына енемнің рухына)**

Ана жүрек тоқтады,  
Тоқтады, қайта соқпады.  
Ақ жаулығын иіскелеп,  
Ақ келіні жоқтады.

Кемеңгерім, келбеттім,  
Келмеске, анам, сен кеттің.  
Тірлігіңде жан анам,  
Ақ бесікті тербеттің.

Аппақ еді тілегің,  
Шуақты еді реңің.  
Балаларың деп қана  
Соғушы ед сенің жүрегін.

Дархан еді көңілің,  
Аппақ еді пейілің.  
Тілектен ғана тұратын,  
Сенің сөзің, лебізің.

Еланам-ау, ардақты,  
Жан едің анам, жан-жақты.  
Қайыңдыдағы бұлақтай,

Сөнбейтін мәңгі шырақтай,  
Тарту күшімен тартатын  
Анашым қайда салмақты?

Ошағанды отты кен,  
Сені іздеп анам кетіп ед,  
Көрмедің бе анамды?  
Шабанбай жасыл жайлауым,  
Байлыққа толы қойнауың,  
Анамды іздеп келіп ем,  
Жараспай тұр өзіңе  
Анамды тығып қойғаның.  
«Ақ жаулығын анаңның  
Рухын биік көтеріп,  
Ақ құс келіп ап кетті  
Алтай таудың басына».  
Деп мұнайды ақ қайың,  
Жылады ол да қосыла...

**Қамшы сөз: Енеңді сыйласаң ене болатыныңды ұмытпа, қартты сыйласаң ертең өзің де қартайатыныңды есіңе ал.**

### **Сансызбай нағашым жігіттің жампозы еді ғой ...**

Әке, Сансызбай нағашымның қайғысы саған қатты батқанын білемін. Амал не, Иесі берді, Иесі қайтарып алды. Көрсетті, көндік деген едік қой... Мынау нағашымның 40 күніне газетке арнап жызылған дүние еді. Сансызбай нағашымның да рухы қасыңда болар, әдейі беріп отырмын.

Жанына жақсылықтан қор жинап, ізгіліктен із салған, қолда барын бөліп беріп, тәніне түскен науқастан жаны жарымдалған мүгедек жандарға жақсылық жасаудан алдына жан салмаған аптал азамат, Атымайдай жомарт Сансызбай Әбдірахманұлының бақилық дүниеге кеткеніне де қырық күн болып қалды.

«Қайткенде адам қалад адам болып?» деп Шыңғыс Айтматов айтпақшы, өмірінің соңғы күніне дейін жер астынан қазба байлық іздеген геологтардай жақсылық жасау көздерін тауып, іздеп, енді міне таптым деген күні Алланың бұйрығы келіп, өзінің адал жары, бала-шағасының көз алдында ақ өлімнің ақ жамылғысын жамылып, көз жұмды.

Мандайы жарқырап, нұр толған, мейірімге толы жанарымен-ақ кездескен, сөйлескен адамын өмірге құштар ететін Сансызбай Саурықов бала кезінен-ақ даналықтың еліне жақын еді. Мектепте оқып жүргенде барлық пәнді жақсы оқитын, өзінің бейімі математика, физика болып тұрғанмен әдебиетті, көркем шығармаларды оқуды ұнататын. Таң атқанша бір кітапты оқып, таңертең сабаққа тұрып бара беретін. Оның жанындағы ізгілік,

адамгершілік атаның қанымен, ананың мейірім-шуағымен келгенін білеміз, сөйтседе енді бір арнасы көркем әдебиет болғаны анық. Ол ұлы жазушы М.Әуезовтің классикалық шығармаларын «Абай жолынан» басқа «Қараш-Қараш оқиғасын сүйсініп оқыған еді. Ол: «Бақтығұлдың ерлігінен гөрі өрлігі ұнайды» дейтін. Бір түрлі өзі де іштей Бақтығұлға ұқсауға тырысатын. «Саттар Ерубаеттың «Менің құрдастарым» романын сүйсініп оқып, жастықтың жалынын көрсету керек екенін, елін сүйгенде солардай сүю керектігін талай айтқанын естігенбіз. Жастай әкесінен айырылған Сансызбай 14-15 жасынын үлкендікті мойындап, артындағы екі інісімен, анасына, өзімен тетелес әпкесі Ұлжанға қамқорлық жасауды, соларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмауды өзіне міндет етіп алды. Ол бала болып та, жігіт болып та селтендеп, жеңілтек болған жоқ. Ол қызық қуған жоқ, оның жанарына үңілген жұрт тұңғыық ойды көретін, әңгімелескен жұрт салиқалы, сабырлы, ойлы әңгімесін есітіп, сүйсінетін.

Заманның суық желі соғып, ызғарлы өмірдің суығына халық тоңып, тарыққан шақта Сансызбай Әбдірахманұлы бейғамдық таныта алмады. Құлап бара жатқан тауды иығымен сүйегісі келді, шөліркеген халқына Толағай батырдай тау көтеріп әкелгісі келді. «Аяқ-қолы балғадай, тепсе темір үзетін жігіттер нанын тауып жер, жарым-жан, мүгедек жандар қайтеді деген ой мазалап, қалайда ондай жандарға көмектесу керек» деп, түнде кірпік ілмей, күндіз аяқ тоздырып, аудан басшыларымен ақылдаса отырып, «Жасұлан» кооперативін құрды. Ондағы мақсаты мүгедектерге, еңбекке жарамсыз жандарға азық-түлікпен көмектесу еді. Данышпан халқымыз: «аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш боламын деп ойламайды» деген қағидалы сөзін қадап айтқанда, адам болмысына тән қасиет болғандықтан айтылған ғой. Ал тұмысынан ізгі жан, табиғаты ерекше жан Сансызбай Абдірахманұлы үшін айтылмағаны анық. Ол бір журналистке берген сұхбатында: «Біреуге жақсылық істегеннен артық бақыт бар ма?» деген екен. Жақсылық жасауды бақытына балаған, көрген пайдасы емес, алған алғысына қуанған Сансызбай ел игілігіне қызмет жасады. Ол Жуалы ауданы бойынша тұңғыш кооператив ашқан, қоғамның ағымын ерте сезініп, халықтың сансырап тозып кетпеуі үшін аудан орталығында бос тұрып, тозып бара жатқан бұрынғы киім-кешек дүкенін жалға алып, ішін халық тұтынатын заттармен толтырды. Ол әкелген тауарларына аспандағы бағаны емес, жердегі бағаны қойып сатты. Сансызбай аудандағы сегіз жүзге тарта мүгедектерге арзан бағамен ет, сүт өнімдерін, ұн т.б. азық-түлік, одан басқа құрылыс материалдарын өз құнынынан арзан бағамен апарып беріп, талай жанның алғысына бөленіп жүрді. Кооперативтің ол шығынын жаңағыдай дүкендер арқылы, қой, жылқы, сиыр өсіріп толықтырды. Ол 2 мың бас қойға қора, малшыларға үй соқты. Егістік жер алып, жоңышқа, мақсары, арпа екті. Құрылысқа да қол ұшын берді. Күреңбел, Мыңбұлақ, Кәріқорған елді мекендерде мектеп үйін салуға да өз үлесін қосты.

Ағайын бар болса, көре алмайды, жоқ болсаң, бөліп бере алмайды дегендей, аяқтан шалушылар да жеткілікті еді. Абай дана айтпақшы:

«Бүгінгілердің достығы достық емес, алдау. Дұшпандығы кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» деген ойы дәл Сансызбайдың жанындағы дос-дұшпанынан да табылды. Бірақ ұлы мұраттағы ісіне адал жан оның ешбіріне мойыған жоқ.

Сансызбай отбасында жеті перзент сүйіп, өнегелі тәрбие берген ардақты әке, Күлімхандай адал жардың отағасы еді. Ол балаларына ақыл айтып, өнегелі іс көрсетуде қайнар бұлақтай сарқылмайтын, өз әкесі Әбдірахманнан келе жатқан парасат биігін төмендетіп көрген емес, оның бойында бабалары Саурық, Балпық, Қойбақтардың батырлығы, елбасқарушылық өнері бар еді, оның бойында әкесінің туған бауыры Әбдірәлі атаның шабандоздық, мәрттік қасиеті бар еді. Сансызбай жасқа жас болғанмен ойға кәрі еді. Ол артынан ерген бауырлары Сағынтай мен Амантайға, Әбдірәлі көкесінен жастай жетім қалған ағайын бауырланына туған әкедей елжіреп тұрушы еді. Қолында барын аямай беруші еді.

Ажалға айла тауып, араша түсе алмаған бауырлары, балалары, дос-жарандары Сансызбайды бақилық дүниесіне аттандырар жаназасында ақ жарылып сөйлеп, арман асуын бағындыруға үміт еткен, асыл жанды қимай, көздерінен жас төгіліп, тамақтарына өксік тығылып шер-сөздерін арнаған еді.

Бас құрап, отау тігіп үлгермеген балалары ел ағасы Еркінбек Солтыбаевтың, әкесін сыйлаған ағайын-туыс, дос-жарандардың сөздерін есітіп тұрып, әке аманатын сезінді. Әкесі ел аузындағы азамат болса, сол биік бұларға да бұйыру керек екенін іштей сезініп те, өздерінің алдына мақсат қойып тұрғанын да көпшілік халық сезгендей болды.

Сансызбай Алланың сүйген құлы еді. Оның артында кейін бәйтерек болатын төрт ұлы, сая болатын үш қыз баласы қалды. Алла оларға өмір берсе, әке арманын шыңға шығаратынына сенеміз.

Соңғы екі жылда Сансызбай қасиетті Жуалы жерін көк майсаға орап, алма бағын жасамақ ниетпен 4000 терек, 1200 алма ағашын отырғызыпты. Олар да әлі-ақ бойы көк тіреп көгеріп, алма жемісі ел ырызығына айналары сөзсіз. Ер азаматтың үш парызын адал атқарған: әйел алып, бала сүйген, балаларына пана жасап, үй салған, ел ырызығы үшін ағаш отырғызған Алланың құлы бақилық дүниесінде Алла мейіріміне бөленеріне, жұмақ төрінен орын алатынына сенеміз, Алла тілегімізді берсін!

\*\*\*

**Қамшы сөз: ата-ананың көзі тірісіндегі әрекетің – еркелік, көзі кеткендегі әрекетің – жауапкершілік.**

Әке, бұл 2000 жылы болатын. Бауыржан Момышұлының 90 жылдық тойы. Шәмша әпкем сол тойға мені ертіп алды.

Таразға бардық Бауыржан Момышұлының ескерткіші ашылды. Тойдың салтанатты жиыны болды. Содан соң Жуалыға бардық. Музейі ашылды.

Шәмша әпкем ол кезде сенатор. Сол ксінің өтініш сұрауымен мен Жуалыда, ескерткіш басында Бауыржан Момышұлына арналған өлеңімді оқып едім.

**Бауыржан Момышұлының рухымен сырласу**  
(Б.Момышұлының 90 жылдық мерейтойына арналған өлең )

Өмір жолым осы тойға келді алып,  
О, Жаратқан, ғұмырыма бер жарық.  
Бауыржандай ұл сыйлаған Алашқа,  
Біздің халық – батыр халық, ер халық!

Туған жерің – жер жанаты Жуалы,  
Аман болса, сендей ұлдар туады.  
Рухы асқақ Ер қазақты есіне ап,  
Ақ жаңбырлар тауларымды жуады.

Ортасында дуылдаған достардың,  
Осы асыл арманымды қостар кім?  
Мен қиналған кездерімде қанша рет,  
Бауыржандай биігімді еске алдым.

Сені іздейді сайын далаң бұлдырап,  
Сені іздейді жұлдызды аспан тұнжырап.  
Оралмаған батыр ұлын сағынып,  
Жабырқайды туған жерің Мыңбұлақ.

Мен тағдырдан жалғыз бақыт сұраппын,  
Өзінде алғаш қуаныппын, жылаппын.  
Осы жерде мен де туып, Жан аға,  
Мың бірінші алысқа аққан бұлақпын.

Асқақ-асқақ тауларменен таластың,  
Екі тумас өр ұлдары Алаштың.  
Шыңғыс шыққан шағын айыл осында,  
Ал Мыңбұлақ етегінде Манастың...

Өзің көрген ауыл аман, ел аман,  
Өзің кешкен өзен аман, көл аман.  
Астанада отыра алмай алаңсыз,  
«Бауыржан» деп, шырылдайды Шер ағам.

Сонау сәби, сол алаңсыз шақтардың,  
Арасында жел тербеген бақтардың,  
Бұл ғұмырда мақтансам мен егерде,  
Дәл өзіңнің өрлігіңмен мақтандым.

Сендей адам өмірге екі келмейді,  
Лебізіңе елің талай шөлдейді.  
Алаш аман тұрса ағайын, өмірде,  
Бауыржандай батыр қазақ өлмейді.

Әке, саған тартқан бір қасиетім болса, ол достықты қадірлеу шығар. Ал жалпы, сендерге емес, өзімнің апама тартқанымды біліп қой. Менің бала кезден бергі досым Зафира. Оны өте жақсы көремін. 2010 жылы жазда жары Бақытхан (біздің жиеніміз Сындр әпкем мен Мейірхан жездемнің баласы) жүрек талмасынан аяқ астынан кетіп қалды. Екеуміз Алматыдан жаназасына бардық емес пе? Зафираны марқұм апам да, сендер де жақсы көрдіңдер. Алладан үлкен тілегім – менің адал досым Зафира Бақытханның көрмеген қызықтарын көріп, балаларымен, немерелерімен ұзақ жасаса екен.

Алматыдағы достарымыздың бәрін білесің. Ең бір асыл досымыз Ақылбек (Ержанов) еді. Ол да өмірден ерте кетті. Оның баладай таза жүрегі, аппақ көңілі, көмектесуге қашан да дайын тұратын пейілі керемет еді ғой. Қолынан бәрі келетін. Домбыраны жасағанда жанының бөлшегін салатын. Оның домбырасынан жүрегіннің үні сезілетін. Ақыл ағаның арқасында оның жары Кенжеш, достарымызбен Біләл (Ысқақов), Райхан, Қабдеш, Қалида, Жанас, Жанаттармен мәңгілікке бірге қалдық. Қуанышмыз да, қайғымыз да ортақ. Біздің достарымыз сендерді өз әке-шешелеріндей көрді.

Мейрамгүл досымды сен Мейраш деуші едің ғой. Ол қазір менің қасымда. Алла жазса, жақсылықтары көп болғалы тұр. Қазір кафедрамда сені, шешемді жақсы білетін сол ғана. Сондықтан маған сүйеу де, тіреу де болып жүрген сол досым.

**Тамшы сөз: Достарыңды сақтай біліңдер, көңіл бөлмесең ол да Аралдың суындай тартылып қалады.**

Әке, барлық нәрсенің бастау көзі болады ғой. Бұл да үлкен дүниенің бастау көзі. Біз әлі талай сырласатын боламыз. Мен саған айтпағанда кімге айтамын? «Қызым, сен тыңдауға шаршамасаң, мен сөйлеуге шаршамаймын» деп ауруханда жатқанда да, үйде жатқанда да көп әңгімелеріңді айтып едің ғой. Ауруханға Аягүл әпкем мен Жібек әпкем барғанда керемет разы болыпсың. Аягүл әпкем айтты. «Осыдан жазылсам, Билікөлді бір аралап, бұрынғы жүрген жерлеріме барсам деп ойлап жатырмын» деп армандапсың. Кейін үйде жатқанда Түркістаннан Гүлғайша құдаша (бір жағы жиен қарындасың, бір жағы Сәбит күйеубалаңның әпкесі) көңіліңді сұрап келгенде, Шәріп ағам мен Жібек әпкем де келіпті. Сол кезде де өзіңнің бүкіл жастық шағыңды, қалай үйленгеніңді айтыпсың. Міне, жан әке, артыңда сөздерің қалды, жақсы атың қалды.

Сенің адал жарың анамыз болып, қыздарың, күйеубалаларың болып, немерелерің, шөберелерің болып, сендей азаматтың анамыздың жары болғаны үшін, біздерге асқар таудай әке болғаны үшін, күйеубалаларыңа, немерелеріңе, шөберелеріңе мейірімді ата болғаны үшін бір жаратушы Аллаға алғысымызды жаудырамыз. Аллаһ, алдыңды жарық, артыңды нулы, орманды, мол етсін деп тілейміз!

## Алматымды, Алатауымды ҚБТУ-ымды сағынамын

Әке, осы жақында немерем Сана мені есімнен тандырып, бір сұрақ қойды. Сұрағы мынадай болды.

- Гүлтас апа, сендер Алматыға қайтпайсыңдар ма?
- Неге? Сендер үшін де жақсы емес пе? Міне, Астанаға самолетпен ұшып келдіңдер. Егер біз Астанада тұрмасақ, сендер қалай келер едіңдер? Сана менің сұрағыма жауап бермеді. Ойланып тұрып:
- Сайын ата да Алматыда ғой, – деді ойлы дауыспен.

Кішкентай жүрегімен маған кімнің қымбат екенін сезіп айтты.

- Кейін қайтамыз, балапан. Сендер Астанаға келгенде, біз мүмкін Алматыда боламыз. Сендерге келіп тұратын боламыз, – дедім.
- Әке, мен шыныменен Алматымды сағынамын. Алатауымды сағынамын. Әсіресе жаңбырдан кейінгі жапырақтары нұр жауынмен тап-таза болған Алматым ұнайды. Көшелерден ағып жатқан арықтағы сулар ұнайды, Алатаудың қойнауындағы сарқыраған тентек өзендер ұнайды.

Әке, айтсам, сенбейсің. Алматы тура бір жыл бойы маған өкпеледі. Астанаға кетіп қалған соң 5-6 рет іссапармен Алматыға бардым. Сонда бір де бір рет Алатауды көре алмадым, Алматы қабағын ашпай, не тұман басып, не мұнартып тұрып алды. Әдейі істеген сияқты. Достарыма айтамын: «Алматым маған қатты өкпелі, Алатауды маған көрсетпей қойды» деймін. Мен кеткеннен соң ертеңіне аспан шайдай ашылып, Алатау көрінгенде, достарым телефон соғып айтады. «Гүлтас, Алатауың жарқырап тұр. Сенің кешірім сұрағаныңды жеткіздік» дейді. Гүлжан досым Алатауды көргенде: «Амансың ба, Гүлтастың Алатауы!» деп баяғыдан Алатауға амандасатын, әлі де солай дейді екен. Бірақ жер жұмағы Алматым да, қасиетті Алатауым да мені кешірді. Мен қарабасымның қамы үшін Астанаға кетпегенімді түсінді. Әке, шынымен де, мен өз басымның жағдайы үшін кеткен жоқпын. Мені конкурсқа шақырғанда: «Менің шәкірттерім бар ғой, оларды қалай тастап кетемін» дедім. Сонда «Сіз келуіңіз керек, мұнда еліміздің озық ойлы, таңдаулы балалары оқиды. Егер сіз шын патриот болсаңыз келесіз!» деді. Әке, Қазақстан-Британ техникалық университеті ашылған күнінен қызмет жасадым, ол университет менің жүрегім, менің сүйікті шәкірттерім... Мен оның сыртқы есігінің тұтқасына дейін сезінемін, баспалдақтардағы тозып, кетілген жерері де көз алдымда, қазақтың қасиетті перзенті Дінмұхамед Қонаевтың отырған бөлмесінде сабақ бердім ғой ... Таңертең ерте барамын, кешке қарай жанып тұрған шамдарды сөндіріп шығатынмын. ҚБТУ менің университетім болатын. Университет Ректоры Ескендір Қалыбекұлымен қоштасып, рақмет айтуға бөмесіне кіргенімде: « ... Әділ Құрманжанұлы менің оң жағымдағы тірегім еді, ол кісі кеткенде (оң қолының шынтағын көрсетіп) оң тірегім кетті, енді міне сіз менің сол жағымдағы тірегім едіңіз, енді сіз де кетіп бара жатырсыз» деді. Менің көзімен тоқтаусыз жас ақты. «Гүлтас Саиновна, мүмкін қайтып келерсіз, мүмкін сізге ауа-райы

жақпайды» деді де, маған хрустальдан жасалған университеттің макетін сыйға тартты. «Бұл – сіздің университетіңіз» деді.

Көрдің бе, әке, Астанаға кетудің қаншалықты маған қымбатқа түскенін. Алматыға барған сайын, жарты сағатқа болсын ҚБТУ-ыма кіріп шығамын. Шын жүрегіммен ҚБТУ-дың керемет жеңістерге жеткенін тілеймін.

Әке, дағыстандық ақын Расул Ғамзатов өзінің атақты «Менің Дағыстаным» деген кітабында: «Бәрін бірдей, әрине, айту қайда. Қарттардың айтқан насихаты бар: «Бәрін тек барша жұрт айтар болар. Сен өзіндікін айт, сонда өзгенікі түгел болады. Әркім өз үйін салады, сонымен ауыл құралады. Әркім өз жерін жыртады, сонда бүкіл жер жыртылып болады»,– дейді». Дәл сол сияқты, мен де бәрін айта алмаймын ғой, тек өз сөзімді ғана айттым ...

Әке, мынау төмендегі хаттар сенің ең сүйікті қыздарыңнан және Айдана немереңнен жетті.

## Шарбану Сайынқызы

### Жан әкем-ау, сізді қатты сағындым!..

Әке, мен Шарбанумын ғой. Сіз мені ерекше жақсы көрдіңіз. Мәңгілікке кетсеңіз де келіп мені қолдап, қорғап жүрсіз. Мен оны сеземін. Аллаға ризамын, сіздей керемет ӘКЕ сыйлағанына!

Анамыз сізді тегіннен-тегін «Пірім» демеген екен ... Анамыз да өте ақылды, текті. Сіз анамызды «Тотым» деп еркелеттіңіз. Екеуіңізден төрт қыз, төрт күйеу балаларыңыз, олардың балалары өнеге алдық, тәрбие көрдік. Әке анам екеуіңіз бір-бірлеріңізге өте адал болдыңыздар. Тіпті араларыңызда жасырын сыр болған жоқ. Ер адамдар өз әйелдеріне өмірі айтпайтын сырды сіз анама айтып, ақылдасып отыратын едіңіз. Сіздің сол қасиетіңізді әр адам әр түрлі түсінеді, әр түрлі сын айтады. Бірақ сенің жарың анам да, біздер де сені түсіндік. Сенің анамызға құрметің мен балаларыңа деген махаббатың бәрінен биік әрі шынайы болды. Әке, біздер де үлкен азамат болдық, қазір ата-әже болып отырмыз ғой. Қарап отырсақ, шынайылық, тазалық деген адамдарда жетіспегендіктен адамдар дұрыс өмір сүре алмайды екен ...

Әке, Сізді бүкіл ел сыйлайды, достарыңыз құрметтейді. Оның себебі – біреу. Сіз де ел, туған жер дегенде ішкен асыңызды жерге қоятынсыз. Сіздің бағаңыз: «Адам» және «Адам емес болатын». Иә, сіз елге адалдарды, адал қызмет жасайтындарды, өтірік айтпайтындарды «Адам» дейтінсіз. Ал жылпос қуларды, сөзінде тұрмайтындарды: «балам, оның несін айтып тұсың, ол адам емес қой. Оған адамның сөзі артық» дейтінсің.

Әке, Алладан біздің ұрпақтарымызға да осы қасиетіңді дарытса екен деп тілеймін. Ұрпақтарымыз сіздің биігіңіздегі «АДАМ» болса екен.

Сіз үнемі «Аллаға шүкір», «тіл көзден балаларымды сақтасын», «мен бақыттымын» деуші едіңіз. Біз сізден тек «алтындарым , жандарым, тобам -

тобам» деген жақсы сөздерді ғана естідік. Әке, Жаратушы Иеміз сіздің шүкіріңізді, тәубәңізді, адалдығыңызды қабыл алып, Жәннәт төрін сыйға тартсын деп тілеймін. Сіздің Шарбану қызыңыз.

**Светлана Сайынқызы**

### **Папаша, мені уайымдамаңыз ...**

Папаша, мына қыздарыңыз менің қолым тимейтінін пайдаланып, сізге деген тілегімді қалдырып қоя жаздады. Бірақ мен жазып үлгердім, аз да болса...

Білесіз ғой маған жазу өте қиын... Неге десеңіз? Себебі бар ... Біз екеуміз өте жақын болдық. Басқа қыздарыңыз ұрсатын шығар, ұрысса ұрса берсін. Бірақ ол солай болатын. Өзіңіз айтыңызшы. Сіз қашан болса да маған көмекке дайын болатынсыз. Егер төртеуміздің де күйіп бара жатқан шаруамыз болса, мен сенімді түрде айта аламын. Сіз маған келетін едіңіз. Дәл солай! Ол – солай ...

Папаша, мен сізге ұқсайтынмын, сіз оны өзің айтатынсыз: «Қызым маған ұқсаған, ашық, адамдармен тез тіл табыса алады. Қайда жіберсең де, елдің тілін тауып, жұмысты бітіріп келеді» дейтінсіз. Жұмыс өзінен өзі бітпейді, ол үшін елді разы ету керек. Ал оны түсінбей кейір қыздарыңыз маған ұрсады. Амал не, негізі, кішкентай кезімнен мен әпке, сіңлілерім таяқ жемесін деп, арқамды мен тосатынмын. Мамаша да: «қыздарымның ішінде таяқты көп жеген осы Света, сондықтан да жүрегі жұмсақ, мейірімді» дейді. Әрине, одан емес қой, бірақ ешкімге қиындық болмаса екен деп тұратыным өтірік емес.

Әке, біз бәріміз сізді қатты сағынып жүрміз. Қазір көбінде анамның қасында мен боламын. Себебі екі қызыңыз – Астанада, бір қызыңыз – Шымкентте. Анашыма да оңай емес, сыңарынан айырылған аққу сияқты. Кейде балаша жылап алады. Бұрын көп қуанушы еді, қазір үндемей, көп ой үстінде отырады. Сіз кеткелі бәріміз есейіп кеткендейміз. Немерелеріңіз де қатты сағынып жүр.

Папаша, сіз мені көп уайымдайтынсыз, жұмысымды да уайымдап, айта беретінсіз. Енді көкте жүріп қолдайсыз ғой. Мен Аллаға сенемін және сізге сенемін! Көп уайымдамаңыз, бәрі дұрыс, менің бауырларым, туыстарым, балапандарым және Мұханым бар емес пе?!

**Индира Сайынқызы**

### **Сағынышымды қабыл ал,ӘКЕ!**

Әке, күлгеніңізді, жүргеніңізді, даусыңызды сағындым. Сіздей мейірімді, ақкөңіл жан бұл өмірде көп емес шығар? Көп болса, күнде көріп, кездесіп тұрсаң, сізді осыншама сағынар ма едім?.. Жоқ, әрине, жоқ.

Әке, бізге мынаны үйреніп ал деп ақыл айтқан жоқсыз, шешем екеуіңіз жай карапайым тіршіліктеріңізбен ғана тәрбие бердіңіздер. Қазір міне, көз алдымнан балалық дәуренімнен бастап бүкіл өмірім өтіп жатыр. Анам екеуіңіздің ағайынмен, туыстармен қарым-қатынастарыңыз... Қандай жақсы! Анашым қай үйге барса да, дастарқанына араласып, шайды құйып, көмектесіп жүретін. Сол қасиетін біз де өнеге етіп алдық. Барған жерімізде көмектесіп жіберуге дайын тұрамыз. Ал әкем тазалықты ерекше ұнататын. Өзінің бойын қаншалықты таза ұстаса, үйдің ішін, ауланың таза болғанын жақсы көретін. Кейбір үйге барып келгенде. Жай ғана: «шәйнектерін таза ұстауға болады ғой» дейтін. Дастарқанның үстіне қарайтын ... Жаным әкетайым, сіздің өнегеңіз өте көп. Өмірге құштарлығыңыз қандай керемет еді. Сіз жабырқап, мұңайып, «енді жоқ, болмайды» деген кезіңізді де, сөзіңізді де көрген де, естіген де жоқпыз. Керісінше, «Нешауа, қызым, бәрі жақсы болады, қара да тұр, енді бәрі дұрыс болады» деп, қиындықты қырдан лақтырып, біздерге серпін, күш беретінсіз. Әкем екі сөйлемейтін еді. Шешеме: «Тоты, болды, менің аузымнан шықты ма болды. Сен не десең де, мен сөзімде тұрамын. Егер мен сөзімде тұрмасам, ертең елдің бетіне қалай қараймын?» дейтін еді. Иә, ол сөзінде тұратын. Кейде өзі үшін шығын болса да: «түк етпейді, Құдайдың көзі дұрыс болса, бәрі теңеседі» деп мәрттігін жасап жүретін. Кейде бір кісілердің кішкентай тарлығын көріп жатса: «Туу, несі кетеді, бар ғой, жоқ болса, өкпе жоқ. Баланы қуанта салуға болады ғой» деп, жан әкем үйге келген туыстардың балаларының бәріне ең құрғанда қой, қозы атап жататын. Кейін Алматыға көшкенде Жамбыл қаласында тұратын бауырларының еншісін берді. Ең кемі он қойдан берген болатын. Әкем де, анамыз да бергеннен алдарына жан салмаушы еді. Қазір бауыр-туыстары үлкен-үлкен ордалы әулет болды. Сонда әкем мен анамыздың мейірімін, бауырмалдығын көрген туыстардан «шіркін, ағамыз қандай еді? Қыздардың асқар тауы құлағандай болды ғой, көңілдерін аулайықшы, ағамыз бізге де керек еді ғой ...» деген сөзді естігің келеді екен...

Әкеме әкелікті мойындатқан мен және менің тетелес әпкем Света екеуіміз екен. Шыныда да әкемді ат қылып арқасына отыратын да, қалаған ойыншықтарымызды алғызатын да Света екеуіміз едік. Алдымыздағы екі әпкелеріміз Гүлтас пен Шарбану апамызға жақындау болды да, бала сияқты емес, қарындас сияқты еркеледі.

Алтыншы сыныпта туылған күніме әкем велосипед сыйлаған, сондағы қуанғанымды көрсеңіздер. Менен бақытты адам болмады. Өйткені ондай велосипед ешкімде жоқ. Өзі қыздарға арналған қызыл түсті болатын... Әкем маған атқа отыруды, атты ерттеуді, т.б. ұлдардың атқаратын шаруаларын үйретті. Кейін оныншы сыныпты бітіргенде оқуға түсе алмай, көрші ауылда мектепте жұмыс істедім. Сонда әкем: «Қызым, саған мотоцикл әперсем, айдайсың ба?» – дегенде, «Әрине» – деп, қатты қуанып, әкемді құшақтадым. Әкем бір айтса, сөзінде тұратын. Келесі күні жұмыстан келсем, есік алдында қып-қызыл мотоцикл тұр. Бір-екі күнде оны да үйреніп алдым. Содан жақсы болды, күнде жұмысқа өзім барып, өзім келетін болдым. Күніге таңертең

тұрғанда әкем бензин құйып, толтырып қоятын. Соған үйреніп алған мен, ертесіне жұмысқа кешігіп келдім. Жарты жолға келгенде, мотоцикл тоқтап, жолда тұрып қалдым. Тастап кетуге қимай, сүйреп әрең үйге келдім, сондағы ыза болған түрімді әкем көріп, «Жарайды, қызым, мұны бір тәртіпке салып, ұрып алайық, содан соң өзі жүріп кетеді»– деді қалжындап: «Ашуыңды бас, адам тамақ жемесе қарны ашады, ал бұған бензин құймасаң бұл да жүрмейді» – деген болатын. Содан кейін жүрер алдында майын тексеріп тұратын болдым.

Әке, күн артынан күн өтіп, ай артынан ай өтіп, жыл артынан жыл өтіп, өмір өте береді екен... Сағыныш деген мұңлы дүние жаныңнан бір елі кетпей қояды екен. Қиналған кезде, жиналған кезде өзіңе жақын адамды іздейді екенсің. Мереке кезде де, биыл 23-ақпанда сені құттықтаушы едік қой деп, күйеубалаңыз екеуміз бір мұңайып алдық.

Солай, жан әкем, сағынышымды Астананың аппақ қарына шашып жібердім. Көктем келіп қар ерігенде Жер анаға сіңеді ғой, сонда менің сағынышым да сізге жететін шығар?..

**Айдана Тезекбайқызы**

(Индира кенже қызынан туған ең кенже немере)

### **Атам мені көріп тұрған шығар ...**

Атамды мен өте қатты сағынып жүрмін... Атам мен үшін өмірдегі қымбат адамдардың бірі еді. Кішкентай кезімде әрдайым еркелетіп, мойнына мінгізіп алып жүретін. Мектептегі менің барлық сайыстарымда қолдап, жетістіктеріме қуанатын. Астанаға көшкеннен кейін атам менен әжеме тек демалыстарда ғана баратын болдым. Үйлеріне келгенде, құшағымен қарсы алып, төсектің астындағы тәттілердің бәрін үстел үстіне қойып қояды. Күніге қымыз, айран, құрт, ірімшік, қаймақпен тойғызатын. Ал жатар кезде апамның ертектің астындағы тәттілердің бәрін үстел үстіне қойып қояды. Күніге қымыз, айран, құрт, ірімшік, қаймақпен тойғызатын. Ал жатар кезде апамның ертектің астындағы тәттілердің бәрін үстел үстіне қойып қояды. Күніге қымыз, айран, құрт, ірімшік, қаймақпен тойғызатын. Ал жатар кезде апамның ертектің астындағы тәттілердің бәрін үстел үстіне қойып қояды.

Атам өте мейірімді, ақкөңіл, қонақжай кісі болды. Үлкен-кішіні бірдей көріп, немерелеріне үлгі-өнеге көрсетті. Қашан көрсең де күліп жүретін, сонысына қарап өзімізді бақытты сезінетінбіз.

Атам – таныстарының арасында сыйлы әрі құрметті адам. Менің атам өте әдемі, сұлу болатын. Елдің арасында атам тұрса, тез тауып алуға болатын еді. Себебі ол биік және ерекше болып алыстан көрінетін. Жазда атам ылғи да ақ көйлек, ақ шалбар, ақ туфли киетін. Мен атамның жыртық, жамау киім кигенін, немесе кірлеу киім кигенін көрген емеспін.

Атам біреулердің ісіне араласып, ақылын айтып, не болмаса ұрсып, зекімейтін еді. Қателік жасап қойған немерелеріне салмақпен, даусын қатты көтермей ақылын айтатын. Көбінде «балам» дейтін. Қазір бізге атамның мейірімі, даусы, биік тұлғасы жетпей тұр. Егер аруақтар көріп тұрады дегені рас болса, атам мені көріп тұрған шығар? Мен атамды қатты сағынып отырмын...

